

Global Innovation Index-2024: Қазақстан – Орталық және Оңтүстік Азия көшбасшылары үштігінде

1 <

Рейтингтегі ең үлкен өсім «Креативті тауарлар мен қызметтер» көрсеткіштерінде болды. Бұл жерде 93-орыннан 65-орынға, «Ұлттық көркем фильмдер/млн адам» 61-орыннан 31-орынға, «Жоғарғы деңгейдегі домендер (TLD)/мың адам» 115-тен 80-ге дейінгі сатылардан көрінді.

Рейтинг редакторлары Қазақстанның мына индикаторлармен әлемнің үздік 30 еліне кіргенін ерекше атап өтті:

«Онлайн үкімет» – 8-орын, «Шығу тегі бойынша пайдалы модельдер/млрд. Сатып алу қабілетінің паритеті бойынша ІЖӨ» – 10-орын, «Электрондық қатысу» – 15-орын, «Оқушылар мен мұғалімдердің арақатынасы, орта білім» – 16-орын, «Еңбек өнімділігінің өсуі, %» – 30-орын.

Global Innovation Index-те Қазақстанның рейтингін арттыруға Мемлекет басшысының ғылым және инновациялар мәселелері жөніндегі кеңесшісі К.Зақарияның басшылығымен мүдделі мемлекеттік органдар сапынан Президент Әкімшілігі жанындағы Жобалау офисінің жұмысы ықпал етті.

2024 жылдың 4 қазанында Дүниежүзілік зияткерлік меншік



үйімының (WIPO) қолдауымен елімізде алғаш рет Азия елдері үшін Global Innovation Index 2024 есебін жариялаудың өңірлік рәсімі өтеді. Іс-шараға Азия елдерінің инновация министрлері мен патенттік ведомстволарының басшылары, сондай-ақ дипломатиялық корпусының, халықаралық ұйымдардың және мүдделі үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысады.

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (UN WIPO) – Біріккен Ұлттар Ұйымының 15 мамандандырылған мекемесінің бірі. Оның қызметі шығармашылық қызметті ынталандыруға және

зияткерлік меншікті (IP) халықаралық қорғауға ықпал етуге бағытталған. WIPO тауар белгілері мен патенттерді халықаралық тіркеуді жеңілдетеді.

Жаһандық инновациялық индекс – инновациялардың елдердің дамуына әсерін анықтау бойынша әлем елдерінің ауқымды экономикалық зерттеуі. Халықаралық рейтинг 2007 жылдан бері 80 түрлі көрсеткіштен әлемнің 133 елін бағалайды. Бұл индекстің өсуінің маңыздылығы оны Қытай, Сингапур, БАӘ, Түркия, т.б. елдердің үкіметтік стратегияларына енгізу арқылы анықталады.

Терең өңдеу жобалары іске қосылады

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин Қостанай облысына жұмыс сапары барысында ауылшаруашылық нысандарында болып, өңірде іске асырылып жатқан бірқатар маңызды жобалармен танысты. Астықты аймақта ауылшаруашылық өнімдерін терең өңдеуге бағытталған агроөнеркәсіптік жобалар белсенді дамып келеді. Жаңа өндіріс орындары өңірдің аграрлық сектордағы позициясын нығайтып, жаңа жұмыс орындарының көптеп ашылуына сеп болып отыр.

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Вице-премьер «Үлкен жоба» бойынша 2,5% жылдық жеңілдікпен несие алған жаңа тауарлы сүт фермаларының құрылысымен танысты. Мәселен, «Восток-1» ЖШС 1,2 мың мал басына арналған жобаны аяқтап жатыр. Аталған серіктестік құрамында ауылшаруашылық дақылдарын өсірумен, тұқым селекциясымен, асыл тұқымды мал шаруашылығымен айналысатын өндірістер бар. Облыс әкімі Құмар Ақсақалов бұл Қостанай облысында «Үлкен жоба» бойынша салынатын алғашқы заманауи ферма екенін атап өтті. Аталған жоба аясында өңірде алты ТСФ салынып жатқанын айта кету керек. Олардың үшеуі биыл, ал үшеуі келесі жылы пайдалануға беріледі. Жалпы, облыс бойынша 2023 жылы 202 мың тонна сүт өндіріліп, оның 172 мың тоннасы немесе 85%-ы қайта өңделген. Ал биылғы 8 ай ішінде 165 мың тонна сүт өндіріліп, 140 мың тонна (84%) өңделген.

Вице-премьер жұмысымен танысқан «S-Agro-Vogovskoe» ЖШС былтыр Каменскуральск кентінің маңында бие сүтін сублимациялау зауытын іске қосты. Бұл

– «Local food» брендімен құрғақ саумал шығаратын «Zollmann» неміс компаниясымен бірлескен кәсіпорын. Неміс сублимация технологиясы жаңа сауылған бие сүтін -72°C температураға дейін қатыру арқылы оның барлық пайдалы қасиеттерін сақтауға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның қуаты тәулігіне 120 кг құрғақ сүт шығаруға жетеді. 2024 жылдың қаңтар-тамыз айларында «S-Agro-Vogovskoe» 5 тонна құрғақ сүт өндіріліп, өнім Астана және Алматы базарларына және дәріхана желілеріне жіберілген. Кәсіпорын басшысы Амангелді Сарбасовтың айтуынша, биыл саумал негізіндегі косметика өндірісіне арналған жабдықты (қолға, бетке арналған крем, сабын, сусабындар және т.б.) орнату жоспарланып отыр. Кәсіпорынның неміс серіктесі «Zollmann» бұл косметиканы Еуропада шығарады, ол үлкен сұранысқа ие, бірақ Германияда өндірісті кеңейтуге мүмкіндік жоқ. С.Жұманғарин «S-Agro-Vogovskoe» ЖШС иесіне аталған жобаны кеңейтуді ұсынды. Экспортқа жылқы етін өткізу нарығы кенжелеп тұрғаны белгілі. Алайда құрғақ бие сүті негізінде өнім өндіру елімізде жылқы шаруашылығын одан

әрі дамытуға жол ашады. Вице-премьер Сауда және интеграция министрлігіне жаңа өнімді Қытай нарығына шығаруға жәрдемдесуді тапсырды.

Меңдіқара ауданының егіс алқабында вице-премьер Серік Жұманғарин Қостанай облысының фермерлерімен кездесті.

«Біз фермерлерді қолдау көлемін біртіндеп арттырып жатырмыз. Атап айтқанда, көктемгі-күзгі дала жұмыстарына жеңілдігі бар қаржыландыру көлемін 700 млрд теңгеге дейін ұлғайтамыз, оның шамамен 40%-ы «Даму» қоры арқылы кепілдендіріледі. Ауыл шаруашылығы техникасын лизингке кредиттеу көлемі 100 млрд теңгеден 200 млрд теңгеге дейін өседі. Нәтижесінде, жыл сайынғы жұмыстарды қамтамасыз ету үшін фермерлерді қолдау сомасы 900 млрд теңгеге дейін ұлғаяды. Биыл біз 2025 жылғы көктемгі егіс жұмыстарын қаржыландыруды бастаймыз», деді С.Жұманғарин фермерлерге.

Вице-премьер қызметімен танысқан тағы бір нысан қостанайлық жылқы тұқымын өсірумен айналысатын «Қазақ тұлпары» ЖШС болды. Қазақ жылқы тұқымын сақтап, насихаттаудың маңызын назарға ала отырып, вице-премьер Ауыл шаруашылығы министрлігіне елімізде құрылып жатқан Жылқы шаруашылығы институтының базасында жеке қаражат есебінен жылқы зауытын жаңғырту бағдарламасын дайындауды тапсырды.

Қостанай облысы

Ясауи кесенесіне – мемлекеттік қамқорлық

Премьер-министр Олжас Бектенов «Әзірет Сұлтан» мұражай-қорығын мемлекет қорғауына алу туралы тиісті қаулыға қол қойды.

Белгілі тарихи ескерткіш – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген алғашқы отандық нысан және ортағасырлық сәулет өнерінің бірегей ескерткіштеріне жатады. Оның маңыздылығы мен тарихи-мәдени құндылығын ескере отырып, сондай-ақ оның сақталуын қамтамасыз

ету мақсатында Үкімет «Әзірет Сұлтан» мұражай-қорығын мемлекеттік қорғауға жататын объектілер тізбесіне енгізу туралы шешім қабылдады. Объектінің қауіпсіздігін ішкі істер органдарының тиісті бөлімшелері қамтамасыз етеді.

Кесене Түркістан қаласында түркі ақыны және сопылық

ілімнің негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи жерленген орында тұрғызылған.

Кесене сегіз бөлмеден тұрады. Олар Тайқазан тұрған ортадағы ең үлкен залды айнала орналасқан. 1385-1405 жылдар аралығында кесененің төңірегінде қосалқы ғимараттар салынған. Бүгінде мұражай-қорық аумағына мешіт, Үлкен және Кіші Ақсарай залдары, кітапхана және шаруашылық кешені: құдық, асхана, тұрғынжайлар (хұжралар) және т.б. кіреді.

Азаматтардың өтінішін тыңдады

Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова «Атап» партиясының қоғамдық қабылдауында азаматтарды онлайн қабылдады.

Кездесу барысында әскери қызметкерлерді зейнетақымен қамту, Семей ядролық полигоны аймағында тұратын

азаматтарды әлеуметтік қорғау жөнінде мәселелер көтерілді. Сондай-ақ сот актілеріне қатысты сұрақтар да қойылды.

Кездесуге мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері де қатысып, қойылған сауалдарға жауап берді. Вице-премьер әр азаматтың мәселесін жеке қарастырып шешу қажеттігіне назар аударып, тиісті тапсырмалар берді.

Мәдени мұраларды қорғау бастамалары

Абай атындағы ҚазҰПУ-де Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен ЮНЕСКО қорғауындағы Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын сақтаудың кешенді жоспарын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті.

Маржан ӘБІШ,
«Egemen Qazaqstan»

Іс-шара аясында министр университет басшылығымен кездесіп, оқу орнының тыныс-тіршілігімен танысты. А.Балаева университет түлектерінің шығармашылық және қолөнер туындылары қойылған музейді де аралады. Ежелгі дойбы ойынына арналған көрмеге ерекше назар аударылды. Министр Қазақстанда ұлттық спорт түрлерін кеңінен насихаттаудың маңызын, еліміздің мәдени мұрасында алатын орны ерекше екенін атап өтіп, бұл спорт түрлерін жастар арасында кеңінен насихаттау қажет екенін сөз етті.

Кездесу барысында А.Балаева еліміздің тарихи-мәдени мұрасын сақтау мен насихаттаудың маңызына тоқталып, бұл кездесу Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген нысандарды қорғау бойынша кешенді шараларды қамтамасыз ету жолындағы бас-ты қадам екенін атап өтті. Ол жұмыс тобының мүшелерін болашақ ұрпақ үшін ұлттық мұраны қорғау мен сақтауға бағытталған ұсыныстар әзірлеуге әрі іс-шараларды жүзеге асыруға белсенді қатысуға шақырды.

Кездесуде ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі конвенциясын жүзеге асырудың негізгі мәселелері, сондай-ақ мәдени дәстүрлерді сақтау саласындағы міндеттер талқыланды.



Қатысушылар жиі қолданылатын «материалдық емес» және «сезілмейтін құндылықтар» терминдері бойынша өз пікірлерін білдірді. Сондай-ақ Қазақстандағы мәдени мұра объектілерін қорғау жүйесін жетілдіру шараларына тоқталды. Тарихи-мәдени мұраны қорғау мен дамытудың жаңа бастамалары ұсынылып, қатысушылар осы саладағы тәжірибелерін бөлісіп, алдағы жұмыстың басым бағыттарын белгіледі.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, Материалдық емес мәдени мұраны қорғау ұлттық комитетінің мүшесі Жанерке Шайғозова «Абай жолымен» жобасы аясында материалдық емес мәдени мұраны сақтаудың мәселелері мен келешегі тақырыбында баяндама жасады. Жобаның негізгі мақсаты – Қазақстанның мәдени мұрасын ел ішінде де, шетелде де тиімді қорғауға және ілгерілетуге бағытталған әрекеттер мен шаралардың тұрақты негізін жасау.

Жоба аясында елімізде алғаш рет материалдық емес мәдени мұра саласындағы білім беру, ақпараттық-әдістемелік жұмыс және мамандардың біліктілігін арттыру мәселелері көтеріліп отыр. Тарихи-мәдени мұра саласындағы мамандарды даярлау үшін пәнаралық білім беру бағдарламалары

әзірленіп, сынақтан өткізіледі. Ұлы Жібек жолы бойындағы (Сығанақ, Жетіасар, Қаялық, т.б.) айшықты ескерткіштерді зерттеу, реставрациялау және музейге айналдыруға қоса алғанда, материалдық емес мәдени мұра саласындағы ғылыми жобаларды жүзеге асыру да жоспарланып отыр. Сондай-ақ Қазақстанның мәдени мұрасын ел ішінде де, шетелде де танымал етуге бағытталған Абай орталықтарының халықаралық және ұлттық желілері, еліміздің тарихи-мәдени және материалдық емес мұрасын көрсететін «Цифрлық форматтағы мұра» веб-порталы құрылады.

«Арнайы топтың жұмысын күшейтіп, оны өскелең ұрпақ арасында қазақтың мәдениетін, салт-дәстүрін көрсететін ұлттық құндылықтарды тиімді насихаттауға бағыттау қажет. Ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету, ұлттық кодымыздың элементтерін зерделеу және оларды дұрыс пайдалану, сондай-ақ ұсынымдар мен нақты ұсыныстар әзірлеу маңызды», деді А.Балаева.

Отырыс соңында ұсынылған іс-шараларды орындау, барлық мүдделі тараптың күш-жігерін үйлестіру және материалдық емес мәдени мұраны қорғау бағдарламасын жүзеге асыру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуде алдағы қадамдар талқыланды.

Комиссиялардың жұмысы тексерілді

1 <

Сондай-ақ атқарылған жұмыстар легін Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүнісбекова мен Қарағанды облысының АРК төрағасы Қайрат Нұрқенов тізбектеп шықты.

Қарағандыдан оралған соң, ОРК төрағасы елорданың ОРК төрағасымен, Астана және қала аудандарының АРК мүшелерімен, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдерімен кеңес өткізіп, алдағы плембисцитке дайындық бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың есептерін тыңдады.

Н.Әбдіров кеңес қатысушыларына республикалық референдум өткізуге дайындықтың заңнамалық жаңашылдықтары

мен ерекшеліктерін түсіндірді. Ол референдум мен сайлау заңнамасының нормаларын қатаң сақтап, комиссиялардың барлық мүшесін үздіксіз әрі сапалы оқыту қажет екенін айтты.

Қала әкімінің орынбасары Есет Бөйкен референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдері, референдумды ұйымдастыру, ақпараттық, материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарынысқа асыру туралы хабарлар етті.

Сондай-ақ қалалық прокуратура мен полиция департаменті басшыларының орынбасарлары есеп берді. Астана



қаласының аумақтық референдум комиссиясының төрағасы Бейсембай Жұмабеков референдум комиссияларының қызметі және

дауыс беру күніне дайындық өз кезегімен жүріп жатқанын жеткізді.

Екі өңірде де ОРК басшысы дауыс беру күні жерілікті атқарушы

органдардың электр қуатымен әрі интернетпен үздіксіз қамтамасыз етуге, ал ішкі істер органдарының учаскелерде және іргелес аумақтарда

қоғамдық тәртіпті сақтау маңызды екенін айтты. Сонымен қатар Н.Әбдіров аумақтық референдум комиссияларына тұрғындарды толық ақпараттандыруды тапсырды және дауыс беретін учаскелік комиссия мүшелері үйлерді аралап, жеке шақыру қағаздарын үлестіру қажет екенін атап өтті. Бұл – маңызды істің бірі.

Бұған қоса барған өңірлерде Н.Әбдіров аумақтық референдум комиссияларының мүшелерімен жеке кеңестер өткізді. Оған дейін ОРК төрағасы елорданың әр ауданындағы учаскелерге барып, дауыс беруге дайындық барысымен танысқан еді. Учаскелерді жарақтандыру және дауыс берушілерге қолайлы жағдай жасап, мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқығы тапталмауын шетелетіп тапсырды.

РЕФЕРЕНДУМ 2024

6 қазан
октябрья
РЕФЕРЕНДУМ · 2024

«ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ»

2024 жылғы 6 қазанда «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді.

- ✓ Референдум учаскесінде осы учаскенің тізіміне енгізілген азаматтар, сондай-ақ есептен шығару туралы куәліктерін ұсынған адамдар дауыс бере алады.
- ✓ Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы референдум учаскелері бойынша азаматтар тізімдеріне:
 - тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген;
 - сондай-ақ шет мемлекеттерге жеке шақырулар бойынша келген;
 - қызметтік;
 - іскерлік және туристік сапарларға келген азаматтар учаскелік референдум комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасының азаматы деген жарамды паспорты болса, енгізіледі.
- ✓ Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы учаскелерде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, стационарлық емдеу-алдын алу мекемелерінде, азаматтардың уақытша тіркелген жерлерінде құрылған өзге де учаскелерде, егер тізімге енгізілген барлық азаматтар дауыс берсе, учаскелік референдум комиссиясы кез келген уақытта дауыс берудің аяқталғанын жариялай алады.
- ✓ Қазақстан азаматтарының барлығында дауыс беру күні референдум учаскесіне келуге мүмкіндігі бола бермейді.

- ✓ Референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар мынадай себептер бойынша:
 - денсаулық жағдайына байланысты;
 - отбасындағы науқас адамға күтім жасауына байланысты;
 - референдум учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасса, учаскеден тыс жерде дауыс бере алады.
- ✓ Мұндай жағдайларда азамат орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы жазбаша өтініш бере алады.
- ✓ Өтініш беру мерзімі – дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіге дейін.
- ✓ Өтініш келіп түскенде референдум комиссиясының төрағасы референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімінде тиісті белгіні қояды.
- ✓ Үй-жайдан тыс дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшікті учаскелік комиссияның екі мүшесі алып жүреді.
- ✓ Байқаушылар комиссия мүшелеріне ілесіп жүруге құқылы.
- ✓ Бюллетеньдер азаматқа жеке басын куәландыратын құжат пен жазбаша өтініш негізінде беріледі.
- ✓ Бюллетенді берген комиссия мүшесі оған өз қолын қояды, сондай-ақ азаматтың өтінішінде қолын қояды.

Азаматтың дауыс беру құпиясы міндетті түрде сақталуы тиіс.

Әркімнің дауысы маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

Тіршіліктің күретамыры

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында «Жол апаттары қоғамның зор алаңдаушылығын тугызып отыр. Жыл басынан бері жол-көлік оқиғасынан 1300-ден астам адам қаза болып, 16 мыңнан астам азамат зардап шекті. Адамдар күн сайын жол үстінде қазаға ұшырап жатыр. Олардың арасында тұтас отбасылар да бар», деген болатын.

Байқал БАЙӘДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Жолдың жайы жақсарып келеді

Президент тапсырмасын мұлтіксіз орындау үшін жергілікті жерде бірқатар іс атқарылып жатыр. Соңғы жылдары жол апаты жиіледі. Мәселенің мәнісіне тереңірек көз жеткізу үшін Ақмола облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы өңірдегі жолдың жайын жіті бақылап, қауіп-қатердің қай тұста екендігін түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Бұл жұмысқа көлік прокуратурасы, полиция қызметкерлері, көлікті бақылау инспекциясының өкілдері тартылған. Өткен жылы өңірдегі көлік жолдарында қозғалыс сережесін бұзған жолаушыларға полиция 846 материал толтырды. Биылғы жылы жол-көлік оқиғасының алдын алу үшін тәртіп бұзғандарға 144 хаттама толтырылып, шара қолданылды. Осы арада жолаушы тасымалдайтын жүргізушілердің тәртіп бұзудағы үлес салмағы 36 пайызға өсіп отырғанын айта кетуіміз керек.

– Жол апатының алдын алу үшін ең алдымен жолдың жайын жақсарту міндет. Биыл жергілікті маңыздағы

жолды салуға және жөндеуге 71,5 миллиард теңге қаражат қарастырылған, – дейді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Владимир Кулаков, – бұл тарапта 130 жоба жүзеге асырылмақ. Бөлінген қаржының 20,4 миллиард теңгесі республикалық бюджеттен, 46,4 миллиарды облыстық бюджеттен және 4,7 миллиарды аудандық бюджеттен бағытталып отыр.

Бар жұмыс тиянақты жүзеге асырылған кезде 500 шақырым жол жөнделмек. Құрылыс-монтаж жұмыстары «Жергілікті маңыздағы автомобиль жолдарының құрылысы және жөндеу», «Астана қаласы маңындағы елді мекендерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді бағдарламасы», «Өңірлерді дамыту», «Ауыл – ел бесігі», «Щучье-Бурабай курортты аймағын дамыту» тәрізді бірнеше бағдарламалар арқылы атқарылып жатыр. Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының құрылысы және жөндеу бағдарламасы шеңберінде осы жылы жалпы құны 20,4 миллиард теңге болатын 23 жоба жүзеге асырылмақ. Өңірде күрделі және орташа жол жөндеу барысындағы ірі жобаларды игеру жалғасады. Мәселен, «Щучинск – Степняк – Уәлиханов»,

«Астана қаласынан Сарыоба стансасына дейінгі шығыс жол орамы», «Бабатай – Волгоновка – Береке – Бұлақсай», «Новый Колутон – Ақкөл – Азат – Минское», «Щучинск – Николаевка», «Бурабай – Қотырқөл», «Қорғалжын – Арықты – Сабынды», «Жақсы – Державинск», «Есіл – Свободное – Раздольное», «Жолымбет – Шортанды – Пригородное» және басқа бағыттарда жұмыс жүріп жатыр. Қала және аудан әкімдіктеріне 116 жобаны жүзеге асыруға 46,7 миллиард теңге қаражат бөлінген.

Жол сапасын қадағалау өте маңызды. Бұл тарапта да айтылып жатқан сын-ескертпелер аз емес. Президент биылғы Жолдауында «Осы салаға жауапты мекеме автокөліктердің техникалық жағдайына тиісті бақылау жасауы қажет» деген болатын. Жол бойындағы құрылыс монтаж жұмыстарының сапалы орындалуына қол жеткізу үшін облыстық және аудандық бюджеттерден қаржыны сапалы қадағалайтын ұлттық орталыққа 215 миллион теңге қаражат қарастырылған. Олар жол бойындағы барлық жұмысты тұрақты бақылау үстінде.

Жайлы мектептің көшесі де жайлы болуы керек

Өңірдегі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру барысында 2024-2025 жылдары 18 мектептің құрылысы жүзеге асырылады деп межеленіп отыр. Биыл облыста бірнеше мектеп пайдалануға берілді. Жайлы мектептің жолы да бүгінгі күн талабына сай болуы

керек. Ақмол, Қараөткел, Талапкер елді мекендеріндегі 4 мектепке барар жол заман талабына толық жауап берерлік деңгейде. Қаражар, Қабанбай батыр, Қоянды тәрізді елді мекендердегі 5 жайлы мектептің жолы қыркүйек айының соңына дейін толық аяқталмақ. Көкшетау, Қосшы қалалары мен Аршалы, Бурабай, Целиноград және Шортанды аудандарында жобалау-сметалық құжаттарын жасау басталып, жол 2025 жылы аяқталмақ.

Өңірдегі жол жайына көктемгі су тасқыны кері әсерін тигізді. Еріген қар суы республикалық және жергілікті маңыздағы жол бойының 141 тұсын зақымдады. Жергілікті маңыздағы 40 автомобиль жолы зардап шекті. Тұтастай алғанда 20 шақырым жердің жолы бүлінді. 3 көпір жөндеуді қажет етеді. Жолдардың бүлінуінен 38 елді мекенмен қатынас үзіліп қалған болатын. Қазір жұмысты жедел ұйымдастырудың арқасында су тасқыны кезінде қатынас үзіліп қалған елді мекендерге барар жол қалпына келтірілді. Әйтсе де, 15 жол телімінде жұмыс ішінара ғана атқарылды. Осыған байланысты Үкімет қорынан 4,8 миллиард теңге қаражат бөлініп, Астрахан, Атбасар, Есіл, Жарқайың аудандары мен Көкшетау қаласында 15 жоба жүзеге асырылып жатыр.

Жолаушылар тасымалы талапқа сай ма?

Жаман тұмау жайлаған қатері мол уақытта үзіліп қалған 130 қалааралық

бағыттың 17-сі қалпына келтірілді. Бұл сала қатерлі ауру жайлаған кезде қатты шығынға ұшырады. Қалыпқа келтіру де оңай емес. Әйтсе де мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп жатыр. Қазіргі күні облыс орталығы мен Щучинск қаласында автобекеттер жұмыс істейді. Степногорск, Есіл, Степняк қалаларында жолаушыларға қызмет көрсететін орындар бар. Өңірде жолаушылардың жүріп-тұруы 106 бағыт бойынша ұйымдастырылған. Оның 54-і қалааралық болса, 14 қала маңындағы, 21-і аудан ішіндегі бағыттар. Жолаушылардың талап-тілегіне орай кісі көп жүретін өзге өңірлерге де тасымалдау ұйымдастырылып отыр.

Қызмет көрсетуші мекемелер ішінара субсидия арқылы шығындарын жауып отыр. Облыстық мәслихаттың шешіміне орай маңызды бағыттарға басымдық берілген. Қалаішілік бағыттағы жолаушылардың төлемақысы 60 теңгеден 110 теңгеге дейін. Соңғы үш жыл ішінде қоғамдық көлікке құйылған инвестиция көлемі 3,5 миллиард теңгені құрады. Биыл маңызды бағыттарға 1,9 миллиард теңге субсидия төленбек. Қоғамдық көлікті жаңарту жұмыстары да жүргізіліп келеді. Жыл басынан бері жолаушы тасымалдаушылар басқарма мен әкімдіктердің демеуінің арқасында 24 автобуска ие болды. Бұл жұмыс әлі де жалғасады.

Ақмола облысы



Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуда. Сондықтан біз алған бетімізден қайтпаймыз, бағытымыздан таймаймыз. Бүгін біз алға қойған жоспарымызды пысықтап, мақсаттарымызды айқындаймыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

АЭС: сенімді энергия көзі

Атом энергетикасы төңірегінде алыпқашпа әңгіме де, нақты дәйекке негізделген тұжырым да алды-артымызды орап тұр. Арасынан ақиқатын ашып алу оңайға сірә, соқпайды. «World Nuclear News» (Дүниежүзілік ядролық қауымдастық) мәліметі бойынша, 2022 жылдың қарашасы мен 2023 жылдың қаңтары аралығында Франция, Германия, Жапония, Польша, Оңтүстік Корея, Швеция, Ұлыбритания, АҚШ-та 13 500 адамға онлайн-сұрау жүргізілген. Бәрі де атом энергетикасын айрықша қолдаған, әсіресе Польша, Франция, Швециядағы қолдау көрсеткіші өте жоғары болыпты.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,
«Egemen Qazaqstan»

Тауда «Financial Times» басылымы әлемнің ірі банктерінің ядролық энергетиканы қолдағаны туралы ақпаратты жария етті. Басылымның хабарлауынша, 14 ірі әлемдік банк пен қаржылық мекеме ядролық энергетикаға көрсететін қолдауларын арттыруға уәде беріп отыр. Бұл қадам атом электр стансаларының жаңа толқынын қаржыландыруға жол ашпақ делінеді мақалада. Нақтылап айтқанда, «Bank of America», «Barclays», «BNP Paribas», «Citi», «Morgan Stanley», «Goldman Sachs» 2050 жылға дейін әлемдік ядролық энергетика қуатын үш еселеуге уағдаласқан. Мұндай мақсат алғаш рет COP28 (БҰҰ-ның климат өзгерісі бойынша конференциясы) климаттық келіссөзінде айтылып, міндеттелді.

Қаржы ұйымдары нақты қандай қолдау көрсететінін мәлімдей қоймаған, сарапшылардың айтуынша, олардың осылай ауызша жариялауының өзі төмен көміртекті энергетикаға көшуде сектордың (қаржы секторының – ред.) маңызды рөл ойнайтынын аңғартады.

Шыны керек, ядролық жобалардың тым күрделі һәм қымбат болуы әлемде жаңа электр стансаларының құрылысын бастауға кедергі болып келді. Сөйтіп, өткен ғасырдың 70-80-жылдарында Батыс елдерінде бірқатар реактор салынғаннан кейінгі қарқын біршама баяулап қалды. Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың басқарма мүшесі Джордж Боровастың сөзінше, бұл жағдай ойын тәртібін өзгертеді.

Осыған дейін банктерге саяси тұрғыдан жаңа ядролық жобаларға қолдау көрсету қиынға соғып келді. Оның үстіне тәуекел деңгейі тым жоғары болғандықтан, ядролық жобаларды қаржыландыруға жүрексінетін. Енді олар ядролық компанияларға жобалық қаржыландыру беру, тікелей несиедеуді арттыру, облигация сатылымын ұйымдастыру, компанияларға жеке капиталға немесе несие қорларына қолжетімді ету арқылы көмектесе алады. «BNP Paribas»-тың мәлімдеуінше, әлем елдері ядролық энергетиканы пайдаланбай көміртегі бейтараптығына қолжеткізе алмайды.

«Әлемдегі соңғы жаңа атом электр стансаларының көбі Қытай, Тау Шығыс және Азияда салынды. Дамыған елдердің үкіметтері атом энергиясы нөлдік шығарындылар бойынша міндеттеменің шешімі болуы мүмкін деп мәлімдей бастады. АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Швеция, Біріккен Араб

Әмірліктері COP28-дің қуатты үш еселеу туралы міндеттемесіне қол қойғандардың қатарында болды. Ядролық энергетика Big Tech тарапынан да қолдау тапты. Big Tech ядролық энергия көзін деректерді өңдеу орталығын қуаттандырудағы ең төмен көміртекті шешім деп қарастырып отыр. Жұма күні «Microsoft» Пенсилваниядағы Три-Майл-Айленд АЭС-індегі 835 мегаватттық ядролық реакторды қайта іске қосу туралы «Constellation Energy»-мен 20 жылдық келісімге келгендерін мәлімдеді. Бұл реактор пайдаланудан шығарылуы аз-ақ алдында тұрған-ды», деп жазады «Financial Times».

Айттып-айтпай не керек, АЭС дүбірі бізге де жетті. Алда маңызды кезең – жалпыхалықтық референдум күтіп тұр. Ядролық физика институты бас инженердің орынбасары Асхат Бекбаевтың айтуынша, бейбіт атом – ел экономикасының өсіміне оң әсер тигізетін сенімді және тұрақты энергия көзі.



«Өнеркәсіп дамып, жаңа жұмыс орындары құрылып, халықтың алауқаты артады. АЭС құрылысы жүретін өлкенің инфрақұрылымы жетіліп, аймаққа мультипликативті әсерін береді. Экологиялық тұрғыдан да пайдасы көп. Атом энергетикасы төмен көміртекті болғандықтан, ауаға парниктік газдар тарамайды. Сонымен қатар атом энергиясы қазба байлықты тұтыну көлемін қысқартып, табиғи ресурстарды сақтауға мүмкіндік береді. АЭС-тің пайдалануға берілуі елдегі ядролық технологияның дамуына да серпін сыйлайды. Соның нәтижесінде көмірсутегі экспортына деген тәуелділікті төмендетіп, елдің энергетикалық тепе-теңдігін зорлапандыра аламыз», дейді маман.

Сарапшы сөзінше, қазір ел экономикасының жылдық өсімі электр энергиясын одан әрі қажет ете түсіп отыр.

«Ядролық технология тек электр энергиясын өндіріп қоймай, медицина, ауыл шаруашылығы және су тұщытуда да қолданылады. Еліміз болашақта атом энергетикасы саласындағы халықаралық жобалардың белсенді қатысушысы бола алады, бұл инвестиция мен

технология тартуға мүмкіндік береді. Бізде уран қорының мол болуы да – атом саласындағы ерекше артықшылық. Бірақ бұл стратегиялық маңызды нарықта кәсіпкерлерге қолдау ресурстарына қол жеткізу ғана емес, білікті кадр да қажет. Сондықтан атом саласында кадрлық әлеуетті дамыту мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының біріне айналды», дейді Асхат Бекбаев.

Атом өнеркәсібінің дамыту қауымдастығының төрағасы Алдияр Тоқтаровтың пікірінше, АЭС-те апат туады деп алаңдауға негіз жоқ. «Егер құрылыс Балқаш маңында жүргізілсе, АЭС-тегі су тұйық контурда болады, белсенді аймақпен араласуға түспейді. Семей, Чернобыль, Три-Майл-Айленд, Фуку-



симада апаттар болды, бірақ ол кездегі реакторлар енді ешқашан салынбайды. АЭС құрылысы қымбат болып көрінуі мүмкін, алайда келешекті ойлайтын болсақ, бұл – ақылға сыйымды инвестиция. Көмір және газбен салыстырғанда АЭС-ке қажетті отын құны әлдеқайда төмен және тұрақты. Пайдалану уақыты 80 жылға дейін бара алады. Францияда АЭС энергияның 70 пайызын өндіреді және бүкіл ЕО бойынша сол елде ең төмен тариф тіркеліп отыр», дейді Алдияр Тоқтаров.

Айтуынша, АЭС салуға итермелейтін басты себеп – энергия тапшылығы.

«Foratom зерттеуіне қарасақ, атом өнеркәсібі Еуропа экономикасына айтарлықтай әсер етті: 1,1 млн жұмыс орнын құруға ықпал етіп, ЕО ішкі жалпы өнімінде (ЖӨ) 507 млрд еуро үлеске жетіп, 124 млрд еуро мемлекеттік кіріс түсірді. Сонымен бірге үй шаруашылығының кірісіне 383 млрд еуро қосылды, ЕО экономикасында 18,1 млрд еуро сауда профициті қалыптасты. Күн және жел энергетикасымен салыстырғанда бұл цифрлар әлдеқайда жоғары. Жел энергиясы Еуропада 250 мыңнан астам жұмыс орнын құрып, ЖӨ-де 36,1 млрд еуроға жетті. Ал күн энергиясы 80 мыңнан астам жұмыс орнын ашылуына сеп болды. 2050 жылға таман атом өнеркәсібі 1,3 млн жұмыс орнын құрып, қосымша жиынтық мемлекеттік кірісті 110 млрд еуроға жеткізуі мүмкін. Бұл ретте мен жаңғырмалы энергия көздеріне қарсы емеспін, барлық энергия көзін қатар дамытқан дұрыс», дейді.

Сарапшы сөзінше, атом беретін энергия құны ұзақмерзімді келешекте төмен болып қалады.

«Жаңғырмалы энергия көздері ауа райы жағдайына тәуелді әрі резервтік қуат пен сақтау жүйесіне көп қаржыны қажет етеді. АЭС тәулік бойы, кез келген ауа райы

жағдайында жұмыс істей алады. «Қазатомпромның» коммерциялық блогінің бұрынғы қызметкері ретінде айтарым, АЭС-ке жеткізілетін отынға қатысты келісімшарт ұзақмерзімді кезеңде нақты белгіленеді. Сонымен қатар АЭС-ті пайдалану және қызмет көрсету шығынын салыстырар болсақ, қызық жағдайға куә боламыз – көмір және газбен салыстырғанда ұзақмерзімді кезеңде ядролық энергетиканың шығыны аз», дейді.

Маман АЭС отынның пайдалану үдерісін де талдап, көп жұрт айтып жүргендей, оның қауіпті емес екенін түсіндіреді.

«Кейбіреулер жалған деректерге сүйеніп, жаңа отынды құю радиацияның кенеттен бөлінуіне себеп болады деп айтып жатады. Отын құрамындағы екі уран изотоптарының альфа-сәулеленуі, сондай-ақ олардың қысқамерзімді еншілес нуклидтерінің әлсіз бета және гамма-сәулеленуі қоршаған ортаға тигізетін әсерді жою отырып, қаптамаға толығымен дерлік сіңеді. Мен байыттылған ураннан алынған таблетканы ұстап көрдім. Егер жұтып қоймасаң, оның түк зияны жоқ. Пайдаланылған отын өз кезегінде екі бағытқа кетеді – не арнайы дайындалған орындарда сақталады, не салқындағаннан кейін қайта өңдеуге жіберіледі, кейін одан реакторға арнап тағы да отын өндіріледі. Елімізде БН-у350 реакторы жұмыс істеді. Одан өзіне жүктелгеннен де көп отын шыққан. Таза алхимия», дейді.

Экономист Ғалымжан Айтқазин жетекшілік ететін «Tengenomika» арнасының жазуынша, АЭС оңай игеретін жоба емес, сол себепті барлық тәуекелі ескерілуге тиіс.



«Біріншіден, АЭС құрылысы арзанға шықпайды, ол ертеңгі күні бюджетке ауыр жүктеме түсіруі мүмкін. Референдум қорытындысы оң болған жағдайда максималды ашықтыққа негізделген қаржыландыру схемасын жасау қажет. Бұл жемқорлық факторын мейлінше жұмсарту және қажетті қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Екіншіден, жеткізушіні таңдау мейлінше ашық және барлық экономикалық, саяси, әлеуметтік факторды ескеріп жүзеге асуға тиіс. Атом электр генерациясы – пайдалану мерзімі тұрғысынан да, төмен көміртекті болуы тұрғысынан да барынша оңтайлы және ұзақмерзімді шешім болып көрінеді», дейді сарапшы.

Қазірдің өзінде АЭС мердігерлері – әлеуетті компаниялар белгілі секілді. Олар – KHNP (Оңтүстік Корея), EDF (Франция), «GE-Hitachi», «NuScale» (АҚШ) және «Rosatom» (Ресей).

Мезгіл межелеген міндеттер

Мемлекет басшысының жаңа Жолдауында жүзге жуық бастама көтеріліп, міндеттер белгіленді, тапсырмалар берілді. Қоғамның әрбір сегменті бұл бағдарламадан өздеріне қажетті кейіс тапты. Ең бастысы, бұл жолы да азаматтардың өмір сүру сапасын, олардың табысын арттыруға баса назар аударылды.

Жолдауда бірінші кезекте экономикалық дамуға баса назар аударылды. Алдыңғы Жолдауларда қойылған белгілі бір міндеттер әлі де шешіліп жатыр, олар биылғы құжатта да көрініс тапқан. Жолдаудың негізгі басымдықтарының ішінде билік жұмысының негізгі көрсеткіштерін қалай қалыптастырғанын атап өтуге болады. Президент билік адамдардың әділдікке деген сұранысына құлақ асатынын және бұл өмірдің көптеген саласына қатысты екенін ашып айтты. Жолдауды іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары пайда болған соң, онда нәтижелерді қамтамасыз етуге жауаптылар көрсетіледі, осының бәрі Президент Әкімшілігінің бақылауында болады.

Қазір қоғамдық санада іргелі өзгерістер болып жатыр. Азаматтардың құқықтық мәдениет деңгейі артып келеді. Жаңа мінез-құлық үлгілері қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығу үстінде. Басқаша айтқанда, халық ескіге оралуды қаламайды, билік мұны ішінара түсініп үлгерді. Сондықтан Мемлекет басшысы елішілік осы проблемаларды шешуге басымдық берді. Қол жеткен жетістіктен кері шегінбеу – нарық заңы. Басты күш-жігер халықтың табысын жұмылдыруға бағытталады.

Президенттің банктер туралы жаңа заң қабылдау, салықтық әкімшілендіру кезінде жазалау тәсілінен бас тарту тәрізді бірқатар ұсынысын бөле-жара айту керек. Жаңа Салық кодексін қабылдау мәселесінде асығыстыққа жол берілмейді және заңды сапалы деңгейде дайындау үшін оны қабылдау келесі жылға ауыстырылды. Бұл – экономиканы алға жылжытуға көмектесетін маңызды қадам.

Қысқасы, бағдарламалық құжатта қоғам өміріне қатысты барлық сала қамтылды. Көкейде жүрген көп сауалға жауап берілді. Ендігі кезекте мезгіл межелеген маңызды міндеттерді іске асыруға бәріміз де бір кісідей атсалысуымыз керек.

Әдуард ПОЛЕТАЕВ,
саясаттанушы

Мамандықты дұрыс таңдау маңызды

Жолдауда ел болашағына бейжай қарамайтын әрбір азаматтың назарын аударғаны рас. Мемлекет басшысының Жолдауы елдің дамуын, ертеңге деген бағыт-бағдарын айқындап берді. Әрине, елімізді өркендету үшін әр салаға көңіл бөлінгені маңызды.

Жолдауда еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму келешегіне қатысты мәселелер баяндалды. Әсіресе менің назарымды аударғаны – азаматтардың табысын арттыру және осы жолмен жүру үшін әділ қоғам құру. Аталған мақсатқа қол жеткізуге барлық мүмкіндік бар. Мемлекеттік басқару тиімділігін, әділдігін жетілдіру, заң үстемдігін жоғары деңгейге көтеру өз нәтижесін беретіні анық.

Бір атап өтерлігі, ел Президенті бір бағытқа басымдық берместен барлығын теңдей қамтып, нақты жұмыстарды айқындады. Сыртқы және ішкі саясат, сондай-ақ әлеуметтік-саяси блоктың дамуы да – басты назарда. Иә, саяси құжатта көптеген бағыт бойынша атқарылатын міндеттер алға қойылды. Келесі жыл Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланғаны көпшіліктің қолдауына ие болды. Әйтпесе, кейінгі жылдары түрлі түйткілі еліміздегі қарапайым жұмысшылардың тапшылығын көрсетіп берді. Бұл олжылықтың шешімін табу жолында бүкіл ел болып жастарымыздың болашақ мамандығын дұрыс таңдауына ықпал етуіміз маңызды. Мамандықтар жастар тарапынан қызығушылық танытатын деңгейде болуға тиіс.

Сондай-ақ Жолдауда білім саласына қатысты маңызды дүниелер айтылды. Кейінгі жылдары Президентіміздің білім саласын жақсартуға, мұғалімдерді әлеуметтік қолдауға жіті көңіл бөліп жүргені қуантады. «Жайлы мектеп» жобасымен заманауи талаптың бәріне жауап беретін білім ошақтарының ашыла бастауы – сөзіміздің айғағы. Енді балаларымыз сапалы білім алып қана қоймай, оны одан әрі дамытуға да мүмкіндік алмақ. Олардан ертеңгі елге қажетті білікті мамандар шығатынына сенім мол.

Жолдауда айтылған еліміздің одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына, ақша-несие және салық-бюджет саясатының арасындағы теңгерімсіздікті жоюға, инвестициялық ахуал мен бизнесті жүргізу жағдайларын жақсартуға, өнеркәсіптік әлеуетті толық ашуға бағытталған бірқатар бастаманың орны бөлек. Елдің кадрлық әлеуетін арттыру, ұлт денсаулығын нығайту және азаматтарды әлеуметтік қолдау жүйесін қайта іске қосу бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру мәселелері жүйелі жалғасын тапқаны абзал.

Жолдауда айтылған барлық бастама халқымыздың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатына бағытталғанын айтқым келеді. Еліміздің өр тұрғыны жайлы өмір сүруге лайықты.

Рабиға БЕРКЕНОВА,
филология ғылымдарының кандидаты

Басты тақырып: Өңірлік БАҚ пен балалар контентінің ахуалы



Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен елордада өтіп жатқан Astana Media Week-2024 медиа апталығының екінші күнінде отандық бұқаралық ақпарат саласының, әсіресе мерзімді басылымдардың мәселесін көтеріп, түйткілінің тамырын тап басқан қызықты да пайдалы панельдік сессиялар ұйымдастырылды.

Жасұлан СЕЙЛІХАН,
«Egemen Qazaqstan»

Балаларға төнген ақпараттық қауіп көп

Форумның екінші күнінің шымалдығын ашқан «Өңірлік БАҚ дамуында синергияның көрінісі» атты сессияға бекітілген спикерлер өңірлік БАҚ-ты негізгі медиа платформалармен және осы саладағы резиденттермен біріктіру қолжетімділік пен көріністердің айтарлықтай өсуіне ықпал ететіні турасында ой бөлісті. Ресурстар мен технологияларды бөлісу аудиторияны барынша тартуға мазмұнды оңтайландыру арқылы жаңа трендтерге бейімделуге мүмкіндік беретіні де айтылды.

Республикалық «Egemen Qazaqstan», «Казахстанская правда», «Ана тілі», «Ұлан», «Үйғуравази», «Ақиқат», «Үркер», «Мысль», «Балдырған» сынды оннан аса газет-журналдың басын біріктіріп отырған «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы газет-журнал өндірісіндегі жасаңды интеллекттің орны, оның өнімінің артықшылықтары мен кем-кегіті турасында ой қозғап, сондай-ақ ақпараттық жүйедегі жасаңдылықты анықтайтын тегіктің қажеттілігі туралы айтты.

Жасаңды интеллекттің пайда-сына келетін болсақ, біз балалар басылымдарында, мәселен, «Ұлан» газетінде, «Ақжелкен», «Балдырған» журналдарында материалдың тақырыптық мазмұнын аша түсу үшін ЖИ көмегімен жасалған сурет, картиналарды пайдаға жарата бастадық. Бұл да өте қажет әрі балаларды да ынталандырады. Дегенмен ЖИ-ға қанша жерден тапсырма берсеңіз де, оның жасаған өнімі бәрібір өзін ойлаған үдеден шықпайды. Әсіресе біздің ұлттық, этнографиялық мәселелерге келгенде жасаңды интеллекттің материалдық қоры, мүмкіндігі аз, – деді Д.Қамзабекұлы.

Сонымен қатар ол ұлттық басылымдардың негізгі мақсатына да кеңірек тоқталды.

– Менің түсінігімде ұлттық басылымдардың негізгі мақсаты – қазіргі күрделі кезеңде елдік, ұлттық қауіпсіздікке қызмет

ету. Жас ұрпақтың дұрыс жетілуіне ықпал ету. Өйткені олардың айналасы – толған қауіп-қатер. Балалар басылымына келгенде бұл қауіп-қатерлерді сәт сайын біліп отырмыз. Біздің елде балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттық қорғау туралы» 2018 жылы қабылданған заң бар. Бірақ бұл заңның балаларды ақпараттық қауіптерден қорғау тетіктері өте әлсіз болып тұр. Өздеріңіз білесіздер, кейде бір заңның екінші бір заңнан басымы болып кететін жағдайлар бар. Сол себепті біз осы заңнамалардың бала қауіпсіздігіне қатысты соңғы нәтижелерін зерттеп жатырмыз ба? Осы мәселеге келсек, өте күрделі фактілер шығып жатады. Мәселен, Жапония мемлекетінде ата-аналар үшін балаларды қажет емес ақпараттардан сақтандырудың дәстүрі, жүйесі қалыптасқан. Онда ақпарат тарату қызметі – қатаң бақылауда. Яғни балаға ненің керек, ненің керек емес екені жолаға қойылған, – деген Д.Қамзабекұлы бізге де осындай бір тетік керектігі жөнінде өзекті мәселе көтерді.

Интернетке құртқан ақшаны газетке қимайды

Одан кейінгі сөз тізгінін алған спикер, «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Марат Аралбаев баспасөздің цифрлық дәуірге орны туралы сөз арнады. Алдымен өзі басқаратын медиа холдинг туралы мағлұмат беріп өтіп, жазылым, газет тарату ісінде қол жеткізген жетістіктеріне тоқталды.

Бір айта кетерлігі, «Сыр медиа» ЖШС – Қызылорда облысының басты ақпарат көзіне айналған 3 облыстық газетті, 1 ақпарат агенттігі, 1 қалалық, 7 аудандық басылымды бір шаңырақ астына біріктірген және өз өнімдерін өзі басып, оны барлық аудан мен елді мекенге өзі таратып отырған республикадағы жалғыз медиа құрылым.

Тақырыпқа ойыссақ, М.Аралбаев газет таралымына қатысты ой бөлісті. Ол газетке жазылушылардың жылдан-жылға сиреп келе жатқанына қынжылыс білдірді.



Бұған қоса бүгінгі баспасөздің негізгі табыс көзі болып отырған мемлекеттік тапсырыс төңірегіндегі түсініксіз дүниелер мен шикіліктерге де тоқталды. Мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыруға бөлініп отырған қаражаттың мардымсыздығына назар аударды. Бұл сөзін астаналық «Барыс» хоккей клубының легионер ойыншылары алатын 300 млн теңгеден асатын айлық жалақымен салыстыра отырып сабақтады.

– «Барыстың» бір легионері ай сайын алатын мұндай ақшаны біз ұжым болып бір жылда да алмаймыз. Бұл – парадокс жағдай. Мемлекет өз ақпараттық саясатына жеті көңіл бөлсе дейміз, – деді М.Аралбаев.

Сондай-ақ жұртшылықтың жазылым, газет оқу мәселесіне мүлдем мойын бұрмайтын болғанына да сессияда жеткізді.

– Дамыған жапондар әлі күнге кітап, газет оқуды үлкен мәдениетке балап келеді. Метро, автобусарында смартфоннан гөрі кітап пен газетті, журналды зер сала оқып отырған жасын да, жасамысын да көресіз. Ал бізде керісінше, газет оқу, кітап бетін ашу мәдениетсіздік, денейдің төмендігі деген түсінікке дейін түсіп кеткен. Жасыратын несі бар, қазір әр отбасы мүшелерінің қолындағы смартфонның интернет бағдарламасы айына 20–25 мың теңгедей кетеді. Ал газеттің алты айлық жазылымына келгенде 3 500 теңгесін қимайды, – деген «Сыр-медиа» басшысы өңірлік басылымдардың жай-күйіне көпшіліктің назарын аударуға тырысты.

Бұл сессияны Мәдениет және ақпарат министрлігі Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясат департаментінің директоры Қайнар Ахетов түйіндеді. Модератор министрлік өкіліне мына нарықтың қатаң ережесіне

бағынып кеткен газетті бұдан былай табыс көзі деп қана емес, алдымен үлкен идеология деп қарау керек шығар деген бағыттағы сұрағын жолдады. Сондай-ақ мемлекеттік тапсырысты өңірлер арасында бөлгенде әр облысқа тиесілі қаражат цифры нәліктен әртүрлі болатынының да себебі сұралды.

– Әртүрлі мәселелер бүгінде мерзімді басылымдардың дамуына кері әсерін тигізіп жатқаны сөзсіз. Дегенмен мемлекет газеттің оқырманы аз болса да, көп болса да сол оқырмандардың талғамына көңіл бөлмей тұра алмайды. Яғни бұл мәселеге билік тарапынан, да, заң шығарушы орган тарапынан да мән беріліп келеді, – деді ол.

Ал мемтапсырыс қаражатын қарастырғанда әр аймақтың халқының саны, жер көлемінің ерекшелігі, елді мекендерінің орналасуы, сондай-ақ ол өңірдегі баспаханалардың саны мен әлеуеті де ескерілетіні айтылды.

Сондай-ақ 2-сессияда «Аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі ахуалдық орталықтардың рөлі: медиа мониторингі, үлкен деректерді талдау және әлеуметтік шикіленісті басқару» тақырыбы негізінде спикерлер біраз маңызды жайттарға басымдық берді.

Артық білім – газетте

Сондай-ақ бұл панельдік сессияда газетке жазылу мәселесі төңірегінде де қызу пікірталас өрбіді. Д.Қамзабекұлы дамыған елдер газет-журналды әлі қағаз форматта оқып отырғанына қарамастан біздің елде басылымға жазылу, оған мақала немесе жарнама беру де міндетті емес екенін жоғары мінберден айтқан әжептәуір лауазымды азаматтар болғанын жасыр-мады. Сондай-ақ бүгінде, өкінішке қарай, алдында тұрған газетті ашып қарамайтын, мүлдем оқымайтын, қажет деп санамайтын ұрпақ өсіп келе жатқанын ашып айтты.

Осы тұста модератор, «24kz» телеарнасының директоры Жасын Бірқенов Д.Қамзабекұлына әлгінде өзі айтқан басылымға жазылудың міндетті еместігі турасында пәрмен берген шенеунікке қатысты сөзіне орай газетке мәжбүрлеп жаздыруға қатысты сұрақ қойды.

– Дәл қазымызда миллиардтан аса халқы бар алып мемлекет өмір сүріп жатыр. Ол елдің тәжірибесіне салатын болсақ, мемлекеттік қызметкерге мемлекеттік саясатты түсіну үшін, тәжірибелі, беделді сарапшылардың пікірін біліп отыру үшін олардың жалақысына елдің негізгі басылымдарына жазылуға деп қаржы қарастырылған. Біз үшін мемлекет өміріндегі ең маңызды салалардың бірі – білім жүйесі. Қай саланы алсақ та білім алудан, білім жүйесінен бастау алады. Мәселен, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» газеттерін ашып оқымайды дегенді

елестете аласыздар ма? Елімізде «Қазақ әдебиеті» газетін мүлдеп ашып көрмеген пән мұғалімдері бар. Бұл – көзіміз жеткен жағдай. Дегенмен мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін арттыратын саланың тиісті жүйесі, білім деңгейіне жауап беретін түрлі талап, шарттар бар. Бірақ сол шарттарға газет оқу да кіруі керек. Сонда ғана мұғалім тарихты оқиды, ғұламалардың пікіріне қанығады, білімін толықтырып отырады. Мәселен, қазіргі латын қарпіне қатысты ғалымдар не деп жатыр, я болмаса түрлі технологиялар жөнінде ғалымдар қалай сараптады деген сұрақтарға жауап алар еді, – деді Д.Қамзабекұлы.

Спикер мәжбүрлеп жаздыру дұрыс па, дұрыс емес пе дегеннен бұрын мемлекеттік басқару жүйесінде, әсіресе, білім саласында еңбек етіп жүрген азаматтардың мемлекеттің мүддесі үшін газет оқып тұруын жолға қоюын саясат қалыптастыру керектігі турасында ойын жеткізді.

– Елімізде осындай жүйе қалыптасса, біз жазылым мәселесіне ойымызды бөлмей, бар күш-жігерімізді, әлеуетімізді газеттің жазылымына емес, ішкі мазмұнына, тағылымдық сапасына көбірек көңіл бөлер едік, – деді газет басшысы.

«Қазақ маманды дайындамайды, даярлайды»

«Медиа мамандарды даярлау: не күтеміз/не аламыз» атты 3-сессияда, аты айтып тұрғандай, ардагер журналист Қайнар Олжай бастаған білікті спикерлер бүгінгі медиа ортада жүрген мамандардың сауаты, оқу орындарынан алған білімінің деңгейі жайлы ой қозғады.

«Qazcontent» АҚ басқарма басшысы Айна Задабек «Индустрия 4.0» медиа заманында журналистерге үлкен талаптар қойылатынын ашып айтты.

– Журналистерге қазіргі уақытта қойылатын ең бірінші талап – бірегейлік, яғни ерекше болу. Екіншісі – медиа қауымдастық. Бизнес саласы да, PR саласы да қарасаңыздар, білім орталарына қарағанда қауымдастықтардың алатын орны және беретін білімі жоғарырақ болып отыр. Үшінші талап – журналистің бір салаға мамандануы, – деді ол.

Ал сауатты маман «дайындау» ісіндегі аяқ алысымыз жөнінде сұрақ қойылғанда журналистика ардагері Қайнар Олжай «Қазақ маманды дайындамайды, даярлайды», деп модератордың сөзін сол сәтте-ақ түзеп, күлдіре отырып ойға қалдырды.

Ойын қысқа ғана қайырған Қ.Олжай біздің оқытушылар студентке мақала жазбас бұрын оның тақырыбынан бастап, соңғы нүктесіне дейінгі формуласын құрып алауды оқытатынын жеткізді.

– Яғни жазатын мақаланың басы мен соңын, айтар ойын, мақсат-мұратын бір сызықпен сызып, мида формуласын құрастырып, қалпын қалыптастырып алмайынша сапалы дүние шықпайды. Журналисте өзінен басқа ешкім мықты редактор бола алмайды. Өр тілші ең алдымен өзі өзіне редактор болуы керек. Қазір жазған мақаласын үш қайтара оқытын журналист аз, – деген ол маманға қажет машықты атап өтті.

Форум қатысушылары келесі сессияда балалар контентіне қатысты да ой бөлісіп, түрлі кейстер төңірегінде ұсыныс, идеяларын ортаға салды.

Отандық журналистиканың басты талқылау алаңына айналған Astana Media Week-2024 бүгінде де жалғасын жатыр. Үшінші күннің бағдарламасы негізінен шеберлік сабағы, түрлі кездесулер және марапаттау рәсімдерімен түйіндеді. Медиа апталық аясында «Үркер» ұлттық сыйлығының салтанатты кеші өтеді.



ҚАТЫСУШЫЛАР ЛЕБІЗІ

Медиасауаттылық – негізгі талап

Astana Media Week осымен сегізінші мәрте өткізіліп отыр. Алаңда жыл сайын заман ағынына сай тенденциялар мен өткір мәселелер қаузылып, журналистерге тәжірибелік сағаттар өткізіледі. Биылғы жылында дәстүрлі БАҚ-қа қарағанда, жаңа медиаға көбірек көңіл бөлінген.

Медиасауаттылық – қазіргі кезеңнің басты талабы. Өйткені сөйлем құрылымы мен әріп қателерден бөлек, кей журналистер деректі тексеруді, оның рас-өтірігіне көз жеткізбей жариялауға болмайтынын, оған қоса медиа этиканың бар екенін түсіне бермейді. Осыған орай панельдік сессияларда факт-чекінг, медиаэтика, медиасауаттылық тақырыптары көтерілді.

Тіпті журналистер арасында диктант өтті.

Сондай-ақ медиа апталықта жұртшылықты өңірлік БАҚ-тың контентімен таныстыруға мүмкіндік туды. Аймақтардағы медианың проблемаларына да баса назар аударылды. Әсіресе қатысушылар маман тапшылығын баса айтты. Меніңше, жоғары оқу орындарындағы журналистикаға түсу тәртібін өзгерту қажет. Оған

қоса университеттерге теориялық білімі мен практикалық білігі ұштасқан кәсіби мамандарды көбірек тарту керек.

Тағы бірі қаузалған өзекті мәселенің бірі – балалар контентін дамыту. Аталған тақырып турасында шетелдік мамандар да шақыртылып, трендтегі форматтар талқыланды. Негізгі бұл проблема бұған дейін Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда да көтерілген еді. Мақсат – медиа платформалардағы қазақ тілінің қолданыс аясын арттыру.

Зарина ҚУАТОВА,
«Тараз 24» телеарнасының директоры

Жастар мүмкіндігін кеңейтетін бағдарлама

«Болашақ» бағдарламасы 30 жыл бойы қазақ жастарының шетелде білім алуына, дамуына үлес қосып келеді. Осы уақытқа дейін біраз журналистер де стипендия иегері атанып, білім-білігін шыңдады.

Осындай түлектердің арасында Бостон университетінің коммуникация мектебінің магистрі, журналист әрі фильм жасаушы Әлия Әшім бар. Ол 1960–1989 жылдар аралығында қазақ тарихының қалыптасуы туралы тарихи деректі фильм түсіріп, шығарды. Бүгінде бұл 5

сериядан тұратын фильм көрермендердің жоғары бағасына ие болды. Оның жұмысы елдің мәдени мұрасы үшін маңызды деп айта аламын.

Қазіргі таңда медиа саласында оператор, режиссер, продюсер, кино және телевизиялық технологиялар сияқты мамандар жеткіліксіз.

Неғұрлым сұранысқа ие әрі болашағы бар салаларда мамандар даярлау мақсатында тізім түзіледі. Бұл орталық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдардың сұраныстары негізінде, сондай-ақ мемлекеттік стратегия мен даму жоспарларына сәйкес қайта қаралып, түзіліп отырады.

Әлия ОСПАНОВА,
«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ басқарма төрағасы

Жаһанның жерұйығы қайсы?

Бүгінгі таңда жерұйық философиясы қауіпсіз қоғам ұғымымен сәйкеседі. Расында, үйде жүргендей сыртта да өзіңді еркін, қауіпсіз сезінетін, ұрлық-қарлық пен зорлық-зомбылықтан ада, құқық бұзушылық көрсеткіші жоққа тән қоғамды жерұйық деуге әбден болады. Кез келген мемлекет осындай ізгі қоғам құруға мүдделі. Осы орайда әлемде мұндай мамыражай қоғам құра алған, заң бұзушылық тіркелмейтін мінсіз ел бар ма деген сұрақ туады. Жалпы, адамдар қай елде өзін қауіпсіз сезінеді?

WHR рейтингіне сүйенсек, мұндай теориялар дұрыс емес.

Бақыт деңгейі туралы дүниежүзілік баяндаманың авторлары тұрғындардың өзін бақытты сезінуін елдегі халқының санына байланысты екенін дәлелдей алмағанын айтады. Сонымен қатар Скандинавия елдері – біркемі емес. Мәселен, Финляндия халқының шамамен 8 пайызы – шетелдіктер, Данияда да – сондай шама. Мәселен, баяндаманың нәтижелері елдегі иммигранттардың үлесі жергілікті тұрғындардың орташа бақыт деңгейіне әсер етпейтінін көрсеткен. Ең бақытты тізімдегі 10 елде иммигранттардың үлесі орташа есеппен 17,2 пайызды құраған, бұл әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе көп. 25 жылдық тәжірибесі бар, Дүниежүзілік бақыт туралы есеңгіз редакторы, профессор Джон Хелливелл «Euronews»-ке берген сұхбатында «Скандинавия елдерінің халқы қалай бақытты?» деген сұраққа: «Бақытты ел болудың кілті тұрғындардың жан басына шаққандағы ІЖӨ, әлеуметтік қолдау, салауатты өмір сүру ұзақтығы, бостандық, жомарттық және сыйбалас жемқорлықтың болмауы секілді көрсеткіште жатыр», деп жауап берді. Галым мұның ақша-индексі – төмен (104,81 балл), өмір сүру құны – өте төмен (29,32). Климат индексі – 39,78 балмен орташа, ал қорғашан ортаның дастану индексі 73,04 балмен жоғары деп бағаланған.

Халықтың сатып алу қабілетінің индексі – төмен (49,33), яғни кез келген қажетті затты қол жеткізе алмайды. Жылжымайтын мүлік бағасының кіріске қатынасы 10,24 деп орташа индексті көрсетіп тұр. Жол жүру уақытының индексі де – орташа (35,62).

Алайда өмір сүру сапасының индексі – төмен (104,81 балл), өмір сүру құны – өте төмен (29,32). Климат индексі – 39,78 балмен орташа, ал қорғашан ортаның дастану индексі 73,04 балмен жоғары деп бағаланған.

Халықтың сатып алу қабілетінің индексі – төмен (49,33), яғни кез келген қажетті затты қол жеткізе алмайды. Жылжымайтын мүлік бағасының кіріске қатынасы 10,24 деп орташа индексті көрсетіп тұр. Жол жүру уақытының индексі де – орташа (35,62).

Негізі галымдар бұл елдерде мемлекеттік қызметтердің сапасы жоғары, сондықтан қауіпсіздік деңгейі жоғары дейді. «Ел үкіметтері қарттарға сәйкесінше зейнетақы, қызметкерлерге жоғары демалыс ақысы, науқастар мен мүгедектерге жоғары жәрдемақы, тіпті жұмыссыздарға көп жәрдемақы тағайындаған, денсаулық сақтау мен білім беру – тегін. Мемлекеттік институттар теңсіздік деңгейін болдырмаудың барлық амалын жасайды, адамдарды оларға сене алады. Міне, қауіпсіз қоғам осылай құрылады», дейді Джон Хелливелл.

БҰҰ рейтингінде Ливия мен Сомали, Ауғанстан мен Венесуэла ең қауіпті елдер деп танылған. Сондай-ақ Сирия, Йемен, Ирак және Нигерияның кейбір аудандарында қауіп-қатер байқалады. Санаттар бойынша алынған нәтижелерге сәйкес, денсаулыққа қауіп төндіретін елдерге Гвинея, Сьерра-Леоне, Либерия, Йемен, Солтүстік Корея жатады. Сонымен қатар аталған есепте жол-көлік оқиғалары қауіп жоғары елдерге Белиз, Доминикан Республикасы, Сауд Арабиясы енген.

Түптеп келгенде, барлық өлшемдерге сәйкес, бүгінгі таңда жерұйық Скандинавия елдерінде салтанат құрып тұр.



Тізгінсіз Telegram

Желінің жаңа ережесі қылмысты жоюға көмектесе ме?

Қолданушылардың құқығын қорғау деген желеумен әлемдегі ең «жабық» желіге айналған Telegram мессенджері өзінің құпиялық саясатын өзгертетін болды. Бұдан былай билік тарапынан тиісті сұрапталар болған жағдайда заңға қайшы әрекет жасаған, қосымшаны қолдану ережелерін бұзған арналар мен боттардың IP-мекенжайлары, сондай-ақ телефон нөмірлері құқық қорғау органдарына берілімек. Бұл туралы 23 қыркүйекте цифрлық платформаның негізін қалаушы Павел Дуров мәлімдеді.

Ескендір ЗҰЛКАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Оның айтуынша, кейінгі бірнеше аптада арнайы модераторлар командасы жасанды интеллекті пайдалану арқылы заңға қайшы контенттің бәрін бұғаттап, іздеу жүйесін қауіпсіз етуге күш салған. «Telegram-дағы іздеу жүйесі басқа қосымшаларға қарағанда әдекайдә дамыған, ол қолданушыларға жалпыға қолжетімді арналар мен боттарды табуға мүмкіндік береді. Өкінішке қарай, кейбір адамдар заңсыз тауарларын сату мақсатында біздің ережелерімізді бұзып, осы функцияны теріс мақсаттарына пайдаланып кетті», деді П.Дуров.

Telegram басшысы бұл қабылданған шешім қылмыскерлердің теріс әрекетіне тосқауыл қоятынын, сондай-ақ қосымшаның жағымды имиджін сақтап қалатынын айта келе: «Іздеу жүйесі заңсыз тауарларды өткізуге емес, достар мен жаулақтарды табуға арналған. Біз теріс пиғылдылардың миллиардақа жуық қолданушысы бар платформамыздың имиджине нұқсан келтіруіне жол бермейміз», деді.

2013 жылы пайда болған Telegram платформасы өрісін кенге жайып, әсіресе кейінгі 5 жылдың ішінде аудиториясы төрт есеге өсті. Қазіргі күні 950 млн адам пайдаланатын ол дүниедегі ең ірі әлеуметтік желілердің ондығына кіреді. 2023 жылы мессенджерді әлем бойынша Үндістан тұрғындары ең көп жүктеген. Нақты айтқанда, 104,04 млн адам мұны өз гаджетіне орнатыпты. Екінші орында – Ресей (34,4 млн жүктеу), үшінші орында – Индонезия (27,21 млн). Ал біздің елімізде былтыр мессенджер 7,58 млн рет жүктелді, бұл көрсеткіштен әлемде 13-орында тұрмыз. Көріп отырғанымыздай, Telegram Азия мен ТМД елдерінде қатты танымал, алайда Еуропа мен АҚШ-та қолданушылар қатары айтарлықтай көп емес. Ал Қытай, Пәкістан, Иран елдері оған мүлдем тыйым салған.

Telegram-ның тез танымал болып кетуіне қолданушылардың жеке мәліметтерінің қатаң қорғалуы себеп болғаны айдан анық. Жоба авторы бұл мүмкіндікті алдағы уақытта қылмыскерлер мен пиғылы теріс адамдар да пайдаланып кететінін білемді деп айту қиын. Бірақ бісе де, желінің тез таралуы мен танымал болуы үшін осындай қадамға барғанына шүбә жоқ. Кейінгі жылдары цифрлық платформа порнографиялық материалдар, оның ішінде балалар порнографиясы, адам саудасымен айналысатындар, есірткі сататындар, алаяқтар, өзге де «жасырын» әрекет етуді көздейтін қылмыскерлердің нағыз «ордасына» айналып шыға келді. Олардың кім екенін құқық қорғау органдары да біле алмайтын.

миы уланғаннан кейін олар дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына да сенуден қалады. Шыңдық пен өтіріктің ара-жігін айыра алмайды», дейді Қ.Сахария.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Ақпараттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Үмітжан Арықбекованың айтуынша, министрлік цифрлық платформалармен қарым-қатынас орнатқан. Соның ішінде Telegram-ның біздің елімізге жауапты өкілімен байланысқа шығып, оның байланыс мәліметтерін Мәдениет және ақпарат министрлігіне бергенін айтады. Егер желі арналарында заңға қайшы ақпарат таралып жатса, оларды бұғаттау жұмысымен Мәдениет және ақпарат министрлігі айналысатынын жеткізді.

Біздің елімізде Telegram арналары арқылы жасалатын құқық бұзушылықтың кең тараған түрі – есірткі тарату. Біз бұған дейін де осы тақырыпта тәртіп сақшыларымен сұхбат құрғанымызда, олар Telegram арналарына қатысты шағымын жеткізген еді. Атап айтқанда, бұл арналар қылмыскерлердің шетелде отырып-ақ елімізде саудаларын жүргізуіне, «жасырып кетушілермен» емин-еркін байланысып, тапсырмаларын беруіне мүмкіндік жасап отыр. Ал оларды ұстау мүмкін емес. Астана қаласы Полиция департаменті баспасөз қызметінің берген мәліметіне қарағанда, тәртіп сақшылары есірткі сататын арнаны анықтаған жағдайда оны Мәдениет және ақпарат министрлігіне бұғаттау үшін жолдайды екен. Бірақ арнаны жапқаннан артында ол басқа никнейммен қайтадан пайда болып, жұмысын жалғастыра береді. Бұрынғы жазылушылары да өшіп кетпейді. Егер шын мәнінде арна иелерінің IP-мекенжайлары мен телефон нөмірлерін білу мүмкіндігі туса, бұл есірткі сату секілді қылмысты жасап жүргендерге қарсы қуатты соққы болар еді.

«П.Дуровтың жасаған мәлімдесі – әзірге сөз жүзінде ғана берілген уәде. Бұл жөнінде әлі нақты ешқандай шешім қабылданған жоқ. Осы әлеуметтік желіде тек есірткі ғана емес, адам саудасы, терроризм, порнография тарату секілді көптеген құқық бұзушылық жасалады. Дегенмен қазірдің өзінде Telegram-дағы анонимді арналар өз контентін тазалап жатыр. Өйткені олар ертеңі күні IP-мекенжайлары арқылы ұсталатынын жақсы біледі. Telegram шетелдік платформа болғандықтан, алдымен еліміздің тиісті органдары олармен байланыс орнатуы керек. Қазіргі күні полиция еліміздегі халық көп тұтынатын жарнама жасаушы цифрлық платформалармен жұмыс істейді. Ол жерде заңға қайшы мәлімет шығатын болса, бұғаттай аламыз. Telegram-да осындай әрекетті жасау үшін алдымен нақты халықаралық келісім болуы керек», дейді қалалық ПД баспасөз қызметінің мамандары.

Әр адамның қолында бір-бір гаджет жүрген бүгінгі заманда көпке қолжетімді әлеуметтік желілердің қауіпсіз әрі пайдалы болғаны, соның ішінде аудиториясы артып жатқан Telegram-ның да тізгінсіз кетпей, қадағаланып тұрғаны – қоғам талабы.

Гүлнар ЖОЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Біздің қоғам қаншалықты қауіпсіз?

Қауіпсіз қоғам құру – біздің елдің басты бағыты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында жариялаған Жолдаудың да бұл басымдыққа күш салу керек екенін тағы да бір шегелеп тапсырып қойды. «Менің басты міндетімнің бірі – Қазақстанды қауіпсіз әрі жайлы елге айналдыру. Құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді. Ішкі істер министрлігі ұсақ бұзақылық пен вандализмнен бастап, шетелдіктердің заңсыз көшіп келуіне және басқа да ауыр қылмыстарға қатаң тосқауыл қойып, дереу жолын кесуі міндетті. Құқықтық мемлекетте қылмыс әлеміне орын жоқ, қарақшылықты түп-тамырымен жою қажет», деді Президент.

Бұл бағыттағы жұмыста қаншалықты ілгерілеу бар екенін қауіпсіз елдердің жаһандық рейтингіне қарап та бағамдауға болады. Мәселен, Numbeo.com сайты 2024 жылдың бірінші жартысында қылмыс деңгейі, қауіпсіздік, денсаулық, экология, жалпы өмір сүру жағдайы сияқты факторларды ескере отырып, әлем елдерінің рейтингін жариялады. Осы рейтингте Қазақстан 146 елдің ішінде қылмыс деңгейінің 45,6 индексі көрсеткішімен 75-орынға жайғасты. Өткен жылы еліміз 72-орында болған еді. Көршілерімізге келер болсақ, қылмыс деңгейіне қарай Қырғызстан – 43, Ресей – 97, Өзбекстан – 120, ал Қытай 132-орында тұр.

Осы орайда елімізде алаяқтық, есірткі сату, тарату қылмысы өршіп тұрғанын, әсіресе, көмелетке толмағандар арасында жиілеп кеткенін атап өтуге болады. Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша, осы жылдың 8 айында полиция есірткі таратуға қатысқан көмелетке толмаған 30 баланы ұстаған. Есірткі жасырумен айналысатын 14 жастағы жасөспірімдер де кездеседі. Олар есірткі қылмысының жеке келген түрлері бойынша ересектермен бірдей қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

«Есірткі қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан, ал жеке келген қылмыстар бойынша 14 жастан басталады. Полиция қызметкерлері барлық оқу орнында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Жыл басынан бері 725 мың адамға 9 738 түрлі профилактикалық іс-шара өткізілді.



ӨНДІРІС ӨРІСІ

Қайтарылған кеніштің «қара алтыны»

1 <

Геофизиктер мен барлаушылар қорытындысына сәйкес, КСРО мемлекеттік қор компаниясында Кенбай кен орнының баланстық қоры 93,3 млн тонна көлемінде бекітіліпті. Мұндай қорытынды «Гурьевмұнайгазгеология» өндірістік бірлестігі мен Қазақ мұнай ғылыми зерттеу институтының дәйекті есептеулері негізінде жасалған. Геолог, тау-кен инженері Махамбет Батырбаевтың мәліметіне сүйенсек, кеніш қойнауындағы «қара алтын» құрамында парафинге ұқсас қоспалар кездеспейді. Мұндағы мұнайдың сапасы құнды фракциялардың көптігімен ерекшеленеді. Мамандар мұндай «қара алтынды» таза деп есептейді. Оның үстіне қордағы мұнайдың үштің бірін 300 метр тереңдіктен өндіруге болады.

1991 жылғы маусымда «Интеркаспий» қауымдастығы мен Калифорния штатында тіркелген «Бидерманн Интернэйшнл» компаниясының қатысуымен «Мұнай» кеңес-американ бірлескен кәсіпорнын құру жөнінде келісімшартқа қол қойылған. Бірлескен кәсіпорын Кенбай кен орнын игеруді көздеген. «Интеркаспий» қауымдастығы кәсіпорынның 63 пайыз акциясын, «Бидерманн Интернэйшнл» 37 пайызын иеленген. Бір қызығы, КСРО мен АҚШ қазақ жеріндегі Кенбай кен орнын бірлесе игеру жөнінде екіжақты жоба жасақтағанда, Ресейдің Самара қаласындағы «Гипровостокнефть» институты мен америкалық «WZI» компаниясының есептеулерін негізге алыпты. Екі ел құрылтайшылары арасында жасалған келісімшартқа сәйкес, «Интеркаспий» Кенбай мұнайын



Көпжақты жасаған – Амангелді ҚИЖС, «ЕО»

«Бидерманнға» жіберетіндей ортақ ұйғарымға тоқтаған. Тіпті «қара алтыннан» түскен табыстың бір бөлігін Кенбай кен орнына түрлі қондырғы, құрал-жабдық сатып алуға жұмсау көзделген. Бірақ келісімшарттағы талаптардың бірде-бірі орындалған жоқ.

«Қазмұнайгаз» компаниясы мен «Ембімұнайгаз» АҚ және Атырау облысының басшылары шетелдік инвесторлардан кен орнын қайтарып алу мәселесін 1994 жылы Үкіметтің алдында әденеше рет дәлелдеді. Сөйтіп, сол жылы шетелдіктерге келісімшарттағы талаптар орындалмағандықтан,

келісімшартты біржақты бұзу, кен орнын қайтарып алу талабы қойылды. Мұнайшылардың пікірінше, еліміз тарапынан келісімшарттың бұзылуына, сөйтіп, кеніштің отандық мұнайшыларға қайтарылуына сол кездегі Мұнай және газ өнеркәсібі министрі Нұрлан Балғынбаевтың ықпалы тиген.

Бұл кен орнынан көмірсутек шикізатын өндіру мақсатында «Ембімұнайгазға» Үкіметтің 1995 жылғы 8 ақпандағы шешімімен 35 жылға лицензия берілді. Бір жылдан кейін осы кенішті игеру үшін «Қайнармұнайгаз» басқармасы құрылды. Содан бері Кенбай

кен орнынан «қара алтын» үздіксіз өндіріліп келеді. Мәселен, басқарма мұнайшылары 2019 жылдан бері 29 горизонталды ұңғыманы іске қосты. Оның ішінде былтыр 14 ұңғыма пайдалануға берілді. Геологиялық-техникалық іс-шаралар сәтті жүргізіліп, өткен жылы жоспарланған көрсеткішке қосымша 57 мың 689 тонна мұнай өндірілді. Бұл – 2003 жылдан бергі алынған ең мол өнім. Жаңа ұңғымаларды іске қосудың жемісі – қосымша өндірілген 37 мың 521 тонна «қара алтын».

Басқарма мұнайшылары жыл сайын жаңа алаңдарды игеруді мақсат етіп

отыр. Осы орайда Шығыс Молдабек алаңындағы бор қабаттын горизонталды бұрғылаудың нәтижелі болғанын айтқан жөн. Мұндай ұңғымалардан тәулігіне орта есеппен 13 тонна мұнай өндіріледі. Бұл вертикальды ұңғымалар беретін өнімнен 11 есе көп. Мәселен, былтыр М-1 горизонтындағы №2768 ұңғыма бұрғыланған. Қазір дәл осы ұңғыма тәулігіне орташа есеппен 23 тонна өнім беріп тұр. Жаңа әдіспен алынған «қара алтын» аталған горизонттағы вертикальды ұңғыманың мұнайынан 29 есеге молайды.

Өнім өндірудің осындай тәсілдерін кеңінен қолданатын қайнарлық мұнайшылар Кенбай кен орнындағы Солтүстік Қотырғасқа қоса, Б.Жоламанов, Солтүстік Қотырғас, Шығыс Молдабек алаңдарынан «қара алтын» селін тасытып отыр. Кейінгі жылдары Уаз, Шығыс Уаз, Қондыбай кен орындары игеріліп жатыр. Шығыс Уаз кен орнындағы ұңғымалардың юра қабатынан мұнай өндіріледі. Енді мұнда ұңғымаларды бір мезгілде, сонымен қатар бөлек пайдалану технологиясы енгізілді. Бұл юра қабатына қоса бор горизонтынан «қара алтын» алуға мүмкіндік берді. Осының нәтижесінде былтыр кен орнынан жоспардан бөлек, 1425 тонна мұнай алынды. Биыл бұл технологияны Уаз кен орнындағы тағы төрт ұңғымаға енгізу жоспарланып отыр. Бұған «Абай» бағдарламалық өнімінің септігі тиіп отыр. Аталған бағдарлама алдымен, геологиялық, далалық деректерді толықтыру уақытын қысқартады. Күнделікті және айлық есептерді дайындауды автоматтандырады.

Атырау облысы

САНАЙҒАҚ

Саудадағы салық инфляцияны үдетті



Инфографиканы жасаған – Амангелді ҚИЖС, «ЕО»

Ұлттық статистика бюросы облыстық департаментінің мәліметіне қарағанда, тамыз айында өңірдегі инфляция деңгейі 9,1% болған. Азық-түлік тауарлары – 6,5%-ға, азық-түлік емес тауарлар 8,5%-ға қымбаттаған. Ақылы қызмет бағасы 14%-ға жеткен.

Жақсыбай САМРАТ,
«Egemen Qazaqstan»

Баға өсіміне объективті себептермен қатар, субъективті себептер де әсер етіп отыр. Жұырда Экономикалық тергеу департаменті мен Сауда департаментінің әлеуметтік маңызды тауарларға қатысты бірлескен тексеріс жұмыстарының нәтижесі жарияланды. Жыл басынан бері 15 шаруашылық жүргізуші субъектінің әлеуметтік маңызы бар тауарларға үстеме баға қосуды шектен тыс асырып жіберуінің 23 фактісі анықталған. Соның ішінде 5-еуі – супермаркет желісі, 6-ауы – көтерме компаниялар, 3-еуі бөлшек сауда дүкендерінен анықталған. Экономикалық тергеу департаменті басшысының орынбасары Максим Пахно «Барлық 15 субъекті де ӘҚБК тиісті баптарына сәйкес ескерту түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Соның ішінде бір жыл ішінде қайталап құқық бұзушылық жасаған 2 көтерме сауда кәсіпорнына айыппұл салынды», деді. Тексеріс барысында тауарлардың келесі түрлеріне байланысты

– «e-otinish», 91-i – Telegram-bot, 66-сы – «жедел желі» телефоны, 66-сы – ауызша жүгіну мен 58-і тұтынушыларды қабылдау кезінде түсіпті.

«Департамент тұтынушылар құқығын қорғап, оларға 4,5 млн теңгенің ақшалай қаражатын қайтарды. Соның ішінде бөлшек сауда саласында – 1,9 млн, электронды сауда саласында – 1,2 млн, тұрмыстық қызмет көрсету саласында 1,3 млн теңге мөлшерінде ақшалай қаражатты қайтаруға жәрдем көрсетті», деді Қанат Жәңбісекұлы.

Биыл департамент тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңнаманың бұзылуына байланысты әкімшілік жаза қолдану туралы 13 қаулы шығарыпты. Сондай-ақ сауда қызметін реттеу саласындағы заңнаманы бұзған 106 кәсіпкерлік субъектісін әкімшілік жауапкершілікке тартқан. Олардың ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (ӨМАТ) сауда үстемесінің мөлшерін арттырған 105 кәсіпкерлік субъектісі жазаланған.

Аталған бұзушылықтар тауарларды сатып алу мен өткізудің электрондық шот-фактураларын талдау, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды мониторингтеу деректері барысында анықталған.

Солтүстік Қазақстан облысы

ҮЙРЕНЕТІН ҮРДІС

Тауарлы несиеге – төрт түлік

Атырау облысының фермерлері тауарлы несие беру бағдарламасына қолдау білдірді. Енді олар несиеге 990 бас мал ұсынуы көздеп отыр.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Премьер-министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжановтың айтуынша, тауарлы несиенің мақсаты – ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру. Жаңа жоба кредиттік жағдайы қиын және кепілге қоятын мүлкі жоқ адамдарға арналған.

«Бастаманы қолдаған фермерлер тұрмысы төмен отбасыларға 8 880 мал таратты. Жобаға сәйкес, 5 жылға несиеге 10 сыыр беріледі. Оны қайтару шарты негізінде бірінші жылы – демалыс. Несиеге мал алған адам екінші жылы 4, үшінші жылы тағы 4 сыырды қайтаруға тиіс. Біздің есебімізше, төртінші жылы мал саны төлімен 16-ға жетуі керек. Ал 7 жылда мүйізді ірі қараны 24-ке дейін көбейтуге болады», дейді Е.Тоғжанов.

Жылжып ауданындағы «Достан ата» шаруа қожалығының жетекшісі Сейітжан Балжігітов аталған бағдарламамен тауарлы несие беруге дайын отыр.

«Ауыл тұрғындарын кәсіпкерлікке ынталандыру мақсатында қолға алынған тауарлы несие бағдарламасын қолдаймын.

Өзім жетекшілік ететін шаруа қожалығынан 300 қой, 100 жылқы, 50 сыыр, 30 түйені несиеге бере аламын. Осы арқылы тауар алушының да, біздің де төрт түлігіміз көбейеді», деді С.Балжігітов.

Қызылқоға ауданындағы «Құрман» шаруа қожалығының жетекшісі Құрман Жаңабәев 100 қой, 50 жылқы мен 30 сыырды несиеге беруге ниетті. Жылжып ауданында тіркелген «Ащысай» шаруа қожалығының жетекшісі Бақтығали Жиенқұлов 300 қой-ешкі мен 30 жылқыны несиеге бергісі келеді.

Ақтөбе облысында тұратын кәсіпкер Кәмшат Төлеуованың айтуына қарағанда, көрші өңір фермерлері аталған бағдарламамен жұмыс істеуді ерте бастаған екен. Ол бұл бағдарламаның тиімділігіне тоқталып, тәжірибесімен бөлісті.

«Біз несиеге мал беруді ерте бастадық. Ақтөбе облысындағы ірі шаруашылығы бар кооперативтер төрт түлікті жұмыссыздар мен атаулы әлеуметтік көмек алушыларға беріп келеді. Өзім тауарлы несиеге 4 мың қой мен 120 сыыр бердім. Қазір несиеге берілген малдың 40 пайызын қайтардым», дейді К.Төлеуова.

Атырау облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Амангелді Саламаттың мәліметіне сүйенсек, былтыр «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысушылардың 192 жобасына қаржы берілген. Құрманғазы ауданында – 36, Индерде – 35, Махамбет ауданында 30 жобаға қаржылай қолдау көрсетілген.

«Былыр «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ауылдардағы қосалқы шаруашылықты дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландырудың нәтижесінде жұмыссыз жүрген 26 адамның кәсібін қайтағыны, жаңадан 199 жұмыс орны ашылғанын көзделген еді. Қазір 40 жаңа жұмыс орны құрылып, міндетті төлемдері төленді. Несие алушылардан қайтарылған қаржыны 1 кооператив пен 10 шағын кәсіп иесіне беру процедурасы жүріп жатыр. Жоба аясында 908 ірі қара, 1 010 жылқы, 1 215 қой сатып алынды», деп мәлімдеді А.Саламат.

Айтуынша, қосымша жобаларды жүзеге асыру мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігіне бюджеттік өтінім жолданған. Бұл мәселе оң шешім тапса, қаржы берілетін жобалар саны артады.

Атырау облысы



БАЙЫПТАМА

Цифрлы әлемнің есігін қағып тұрмыз



Инфографика жасаған — Анастасия КИЖС, «ЕГ»

Неміс экономисі Вернер Зомбарт «Экономиканың басты қағидасы — алысқа қарау» дейді. Уақыт сынынан өткен бұл пікірге ешкімнің шүбәсі жоқ. Егер дәл қазір алысқа қарар болсақ, цифрлық трансформация төрімізден орын алуы қажет. Оның ішінде қаржы саласының цифрлық экожүйесін құру маңызды. Сөзімді қуаттай түсу үшін «КРМГ» жүргізген зерттеуді мысалға алайық. Сатылымы 1 млрд доллардан асатын компаниялардың 59%-ы қаржылық үдеріске жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолданған. Ал «Softpro AG» жүргізген зерттеуден бәсі биік банктердің 52%-ы машиналық оқыту әдісін енгізгенін көреміз. Осы тұста оқып отырған сізді, жазып отырған мені де мазалайтын екі сұрақ бар: Жаһанды жауалаған осы үдеріске біз үлгердік пе? Банкеріміздің бабы келісті ме?

Елігімай ТӨНҚЕР,
«Egemen Qazaqstan»

Әлқиссаны биылғы Президент Жолдауында айтылған мына түйткілден бастайық: «Ашығын айтуымыз керек, бізде республикалық бюджеттің кіріс бөлігі орындалмай жатыр». Бұл жағдай Мемлекет басшысының хәм оны естіп-біліп жүрген халықтың да көңіліне алаң ұялатары анық. Енді не істемек керек? Экономикасы ілгері елдердің тәжірибесіне сүйенсек, бюджет қаржысын тиімді пайдаланып, көбіте түсімді қажет-ақ. Ал қаржы саласын ұтымды басқарудың жолы — тиімді цифрландыру. Цифрлық саласы дамыған елдер әуелі қаржы саласын цифрлық трансформациялауға ден қойған. Барымызды байқап қарасақ, біздің де көш ілгері екен. Тек «желе жортып, аяңға салмасак», шіркін!

«Fintech»: Бетбұрыс

Қаржы министрлігінде 48 түрлі мемлекеттік қызмет болса, оның 44-і электронды түрде ұсынылады. Биыл алғашқы алты айда 11,5 млн мемлекеттік қызмет көрсеткен. «Gov mobile» мобильді қосымшасында салық және кенде бағыттары, аудиторлық сала бойынша 22 мемлекеттік қызмет қолжетімді. Бұл үдерісті үдете берсек, экономиканың тұрақты өсуі мен цифрлық экожүйе құруға бір табан жақындай түсеміз.

Төлем жүйесі. Отандық бизнес былтырдан бері төлем инфрақұрылымының әлеуетін белсенді пайдалана бастады. Оның ішінде қайталанатын төлемдер, жазылым төлемдері, карталарды сақтау, жылдам төлеу және төлем сілтемелері кіреді. Себебі халықаралық банк секторында «Төлемді күн өткен сайын ыңғайлы ете түс» деген ұғым бар. Аты аталған осыншама үдерістің бәрі осы түсініктің аясында жүреді. Ұлттық төлем корпорациясының мәліметінше, «Apple Pay», «Google Pay», «Samsung Pay» қызметтері арқылы токентделген төлемдер үлесі де өскен, яғни мүмкіндігінше тез төлеуге ыңғай жасайтын саусақ ізі, «Face ID» қызметтері көбейген.

ID-нөмір. Бюджетті жоспарлаудың ақпараттық жүйесінде әрбір жобаға өтпелі ID-нөмір беріледі. Бұл істі басынан аяғына дейін бақылауға көмектеседі. Бюджет қаражатының қалай пайдаланылып жатқанын қарауға болады. Сонымен қатар алдағы уақытта жоспарлау және сатып алу кезінде нарықтық тағдау құралы жүзеге аспақ. Ол артық жоспардың алдын алып, үдерісті жеңілдететі түседі.

Салық режимінің сервисі. «Бухалтерлік операциялар деректерінің бірыңғай қоймасы» жобасы барлық қаржылық операцияның бірыңғай есебін жүргізеді. Бұған былтыр орталық мемлекеттік органдар қосылған, биыл жергілікті ұйымдар қосылып жатыр. Бірінші жартыжылдықта салық режимін өзгертетін жаңа сервис іске асты. Қосылған құн салығының шектен асқан-аспағаны туралы банктің мобильді

қосымшасына хабарлама келеді. Бұл жүйе айыппұл мен салық төлеушілердің ыңғайына қарай жасалған.

Электронды тауарлар каталогі (ЭТК). Бірегей идентификатор, нақты сипаттама, сурет, сертификаты бар жүйе тауар туралы деректерді сақтап, басқаруға арналған. Ақпараттық алаң берілген өтінімдердің мәртебесін жедел бақылап, уақтылы өңделуін қадағалайды. Қазір ЭТК-да 825 257 тауар бар. Жеткізушілер саны 10,5 мыңнан асады. Одан бөлек, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін едәуір төмендетіп, бюджетті дәл болжауға, сондай-ақ тауар айналымын бақылау мен басқаруға септеседі.

Жасанды интеллект игілігі

Қазір дүниежүзіндегі банктердің филиалдары азайған. Қызметкер саны қысқарған. Әлбетте, оның бәрі жасанды интеллекттің нарыққа енуінен болды. Ал біздің банктерге ЖИ толыққанды келген жоқ. Былтыр ғана монолитті жүйеден микросервистерге ауысып, мобильді қосымшаларға инвестиция сала бастады.

— Біз жасанды интеллекттің белсенді дамуы алдағы бес жылда бір-ақ көреміз. Бірте-бірте келе жатырмыз. Сарапшы ретінде еш күдікпен қарамаймын, себебі бұл анық құбылыс. Алдағы уақытта әртүрлі салада ЖИ енгізіледі. Қазір де аз-аздан бар. Тек банктер әлі ізденіс үстінде. Мен білетін біршама банк тұтынушыларға қызмет көрсетуді жақсарту мен байланыс орталықтарындағы жүктемені азайту мақсатында жасанды интеллектке негізделген дауыстық көмекшілердің мүмкіндігін зерттеп жатыр. Машиналық оқыту қазірдің өзінде скорингтік модельдерде қолданылады. Дегенмен қаржы саласындағы мамандықтарды жақын арада ЖИ алмастырады деп айтуға әлі ерте, — дейді IT-сарапшы Ақис Қонқабаева.

Рас. Күдер үзетін дүние емес. Еліміздегі цифрлық сала күннен күнге дамып келеді. Банк саласына да кезең келер. Әрі бізде қаржыландыру саласындағы ЖИ-ді қолданудың сәтті мысалы жоқ емес, бар. Ол — Ұлттық банктегі бюджеттік жоспарлауды автоматтандыру жүйесі. Бұл 2019 жылы іске қосылды.

Бюджет. Естеріңізде болса, бірер ай бұрын 2023 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкімет есебінде Жоғарғы есеп палатасының төрағасы Әлихан Смайылов стратегия және бюджет жоспарын ЖИ арқылы жақсартуға болады деген еді.

Р.С: Қаржы саласын цифрлық трансформациялау тақырыбында «Бірыңғай сатып алу платформасы», «Бағалы қағаз», «Цифрлық теңге», «Бірінші QR-код жүйесі», «Опен Банкинг», «E-Salyq Azamat» жобалары маңызды екені әмбебап аян. Бұл тақырыптар газетіміздің өткен сандарында жазылған болатын. Тақырып әрі қарай да зерттеледі.

— Жасанды интеллект арқылы бюджет және стратегия жоспарының болжамдық мүмкіндіктерін жақсарту үшін шұғыл әрекет ету қажет. Бұл жерде Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің үйлестіруші рөлін күшейтуі маңызды, — деді ол.

Салық. Бізде салық төлеушілердің түйткілі көп. Мысалы, салық құжаттарын толтыру, шағын компаниялардың қалпаған құжатты түсінуі мұң боп жатады. Экономистерге осыған қатысты шағын қарша борайды. Түсіндіріп әлек боламыз дейді. Енді осы жерде логикаға сыймайтын бір дүние бар. Егер компания иелері құжат толықтыратын ережелерді түсінбесе, қалай толтырып жүр? «Осы ырду-дырдуды жасанды интеллект жүйесін білдірмей, басар еді» дейді экономист Жанат Нұрғалиев. Себебі ЖИ осыған ұқсас тапсырмаларды оңай әрі қатесіз орындайды.

— Бюджетте тұрғысынан жасанды интеллект сізге бюджетті нақты нарықтың бағалар негізінде жоспарлауға мүмкіндік береді. Қате қауіп төмен болады. Бұл жүйеге белгілі бір өнімнің жұмыс, қызметтердің бағаларын асыра бағалауға жол бермейді. Жалпы, бұл бюджетке адам факторының қатысуын азайтады, — дейді сарапшы.

Сауаттылықтың төрт өлшемі

Қаржы саласын цифрландыру тек мемлекет пен атаулы органдарға жүк емес. Оған халықтың да қатысуы бар. «Ақша — биліктің бір түрі, бірақ қаржы сауаты одан да күдіретті күш» дейді байлық туралы қалам тербеп жүрген Роберт Кийосаки. Енді бұған цифрлық сауатты да қосыңыз. Постмодерннен өтіп, метамодернге аяқ басар заман дейміз бе, трансформациялық экономика кезеңі дейміз бе, жалпы, қос қанатымыз тең болуы үшін не білуіміз керек? Осы сұраққа жауап іздеп цифрлы әлем сарапшыларының зерттеулерін қарап шықтық. Олар төрт өлшем бар дейді.

Бірінші өлшем — цифрлық қаржы өнімдері мен қызметтері туралы негізгі түсінік. Бұл қызметтер әдетте былай бөлінеді:

- ✓ Төлемдер: электронды ақша, ұялы телефон әмияндары, крипто-активтер, ақша аударымдары қызметтері;
- ✓ Активтерді басқару: интернет-банкинг, онлайн-брокерлер, робо-кеңесшілер, крипто-активтер саудасы, жеке қаржыны басқару, мобильді сауда;
- ✓ Баламалы қаржыландыру: крауд-фандинг, схемалық несиелеу, онлайн-баланстық несиелеу, шот-фактуралар мен жеткізу тізбегін қаржыландыру;
- ✓ Екінші өлшем — цифрлық қаржылық тәуекелдерді білу. Яғни жеке тұлғалар мен компаниялар келетін қауіптен хабардар болуы қажет. Онлайн алаяқтық пен киберқауіпсіздік туралы зерттеу.
- ✓ Үшінші өлшем — онлайн қауіптен қорғану, цифрлық қаржылық тәуекелдерді бақылау.
- ✓ Төртінші өлшем — екі салада да құқығыңыз тапталса, тұтынушылар құқығы мен өтемақы әдістерін білу.

Қаржы нарығындағы қатаң шара

Екінші деңгейдегі банктердің корпоративтік секторға деген ықыласы көңіл көншітпейтінін жөі айтып жүрміз. Банктер жыл басынан бері 1 трлн 38 млрд теңге табыс тапса да, ішкі жалпы өнімдегі қаржыландыру үлесі — айтарлықтай көп емес. Кейінгі кездері сыңға түскен бұл мәселені Ұлттық банк Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірігіп, бірқалыпқа түсіруге тырыспақ. Жыл соңына дейін ел ішіндегі тұтынушылық несиелендіруді азайтамыз дейді.

Елігімай ТӨНҚЕР,
«Egemen Qazaqstan»

Халықаралық сарапшылар дерегіне сүйенсек, біздің банктер ресурсқа бай елдер ішіндегі көп пайда табатын банктер санатына жатады. Сонда да банктер беретін несиедің 70%-ы — тұтынушылық несие.

— Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіндегі әріптестеріміз биыл тұтынушылық несиелердің өсу қарқынын сәл бәсеңдетуге көмектесетін белгілі бір шараларды енгізді. Біз биыл жыл соңына дейін қабылданған шаралардың салдары қандай болатынын талдауды жоспарлап отырмыз, егер олар жеткіліксіз деп есептесек, онда біз тұтынушылық несиелеудің тым жылдам өсуімен күресу үшін белгілі бір макропруденциалдық құралдармен контрциклдік шараларды бастауға болады. Енді Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп отырып, олар бізге тұтынушылық несиелендірудің өсуін біршама бәсеңдетуге көмектесуі керек деп есептейміз, — деді Ұлттық банк төрағасының орынбасары Ақылжан Баймағамбетов.

Сонымен қатар А.Баймағамбетов «Курсивке» берген ақпаратында қазірдің өзінде қабылданған шаралар тұтынушылық несиелердің өсуін тежеуге жеткілікті болуы мүмкін деген тосын жаңалық айтты. Соған қарағанда қатаң шаралар қарастырып жатқан көрінеді.

— Мүмкін тұтыну несиелерінің өсуін азайту үшін қабылданған шаралар жеткілікті болар. Жақында агенттік тұтынушылық несиелер бойынша шекті мөлшерлемені, тиімді жылдық мөлшерлемені 10 пайыздық тармаққа төмендеткенін білесіздер, бұл да тұтынушылық несиелеудің тартымдылығын азайтады, — деді ол.

Еске сала кетейік, «ARRFR» тамыз айында кепілсіз банктік қарыздар бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін жылдық 56%-дан 46%-ға дейін төмендетті. Дегенмен банктер әлі күнге дейін бизнесті несиелендіруге құлықсыз екен-мыс.

Төраға орынбасарының айтуынша, екінші деңгейдегі банктер қаржыландырудың үш нұсқасын таңдай алады. Біріншісі — Үкіметті несиелеу, яғни мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу. Үшіншісі — бизнесті несиелеу, оған салық салынады, бірақ маржасы төмен.

— Сондықтан біз қазір Үкіметпен мемлекеттік бағалы қағаздардан қандай салық алу қажет екенін талқылап жатырмыз. Кем дегенде, бұл іс — банктер алғашқы екі нұсқаны ғана емес, үшінші нұсқаны таңдауға, яғни бизнесті несиелендіруге көбірек көңіл бөлуге ынталандырады, — деді Ұлттық банк өкілі.

Айтпақшы, Ұлттық Банк базалық инфляцияны 2025 жылдың соңына қарай 5% деңгейінде болжап отыр.

Алайда жылу, электр энергиясы, су және басқа да реттелетін қызметтердегі тарифтердің өсуін ескерсек, сәл жоғары болуы мүмкін.

— Тарифтік инфляция келесі жылы ЕО-ның соңғы 12 айында 20-30% құрайды, тарифтер сияқты реттелетін қызметтерді қамтымайтын базалық инфляция жыл соңына қарай 5%-ға жақындайды, — деп түсіндірді Баймағамбетов журналистерге.

Қорыта келсек, Ұлттық банк дәстүрлі тәсілдерді қолдана отырып, ақша-несие саясатын қатаңдатуға тырысады.

Ал сарапшы Бауыржан Ысқақов болса, банктерге жауапкершілікті несинетін кез келді деген ойынан танған емес.

— Банктерге мемлекет тарапынан осы уақытқа дейін қомақты қаражат күйылды. Мысалы, 2009 жылы 10 млрд доллардан астам көмек көрсетілді, теңгенің теңгерімділігін сақтау үшін 6 млрд доллар ақша бөлінді. Тіпті банктің қайта құрылымдау үдерісін қалыптастыру үшін жәрдемдесті. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, «бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» деген түсінік бар, яғни мемлекет керек уақытта банктерге көмектесіп, дағдарыстан шығуға жағдай жасаса, олардың да экономикаға қосатын үлесі артуы керек. Егер банктер болашағын елмен байланыстырса, бұл оларға үлкен мүмкіндік. Үкіметтің бизнесті ортаға, инвестициялық климатқа жасап отырған жағдайы біз секілді дамып келе жатқан мемлекеттерден анаулы жоғары. Экономика дамыған сайын банктердің де кәсібі өрлей түсетінін ұғыну керек. Сол арқылы халықтың төлем қабілеттілігі артып, қайтарылым жатқан қаржының да қайтарылуы тез болады, — деген пікірде.

Мысалы, Еуропада банктердің экономикадағы қаржыландыру үлесі — 55-60%. Ал АҚШ-та 80%-ға дейін барады. Бұл — банктер экономикаға несие бере отырып, қаншама әлеуметтік мәселені шешеді деген сөз. Жаңа жұмыс орындары, кәсіпорындардың ашылуы арқылы бюджеттің кіріс бөлігін құрайтын салықтық базаны қалыптастырады. Инфляцияның тежелуіне, нарыққа төленетін несие қаржысының төмендеуіне де әкеледі.

— Тұтынушылық несиелендіруіне гөрі экономиканы, бизнесті несиелендіретін қаржы көздерін қарастыру маңызды. Ол үшін бизнестің де, халықтың да ұсынысы ескеріліп, заңда қарастырылғаны дұрыс. Заңда ұлттық мүдде бірінші орында тұруы қажет. Сондай-ақ бәсекелес орта болып, халықаралық банктердің де үлесі артуы керек. Жақсы нәтиже бәсекеден ғана туады, ал ол өз кезегінде сапаға әкеледі. Қорыта айтқанда, экономиканы дамытатын қандай несиелер бар, соның барлығы «Банктер туралы» заңға енгізілуі керек, — дейді сарапшы.



Қолжазба жасаған — Зарина СМАМУЛ, «ЕГ»

КӨКЕЙКЕСТІ

Алматы агломерациясының даму қарқыны қандай?



1 <

Бірер жыл бұрын Президент пәрменімен еліміздегі агломерацияның ең ірі орталығына айрықша мән беріліп, Алматы қаласы мен Алматы облысының даму мәселесінде әкімдер бірлесіп жұмыс атқаруы қажеттігі назарға алынды. Үкіметке тиісті тапсырма беріліп, Алматы агломерациясын басқару жөніндегі кеңес мардымсыз отырыс өткізу алаңы болып қалмай, бұл бағыттағы жұмыстарды үйлестіруде кәсібилікке, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға әрі қала мен қала маңы аумағын үйлесімді дамытуға басымдық беру міндеттелген.

Үкімет бекіткен Алматы агломерациясын дамытудың 2029 жылға дейінгі кешенді жоспары өңірдің орнықты экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Стратегиялық маңызды жоба аясында қолжетімді тұрғын үй мен әлеуметтік нысандар салу, сапалы инженерлік инфрақұрылым құру, қала мен облыс арасындағы көлік байланысын жақсарту, теміржол тасымалының сапасын арттыру, өндірісті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру бағытында шағын өнеркәсіптік парктар құру, Индустриалды аймақты кеңейту, өндіріс ошақтарын облыс аумағына көшіру секілді мақсаттар көзделген.

Қала әкімі Ерболат Досаев мейіраптық көші-қонды ескере отырып, қаланың күнделікті халқы шамамен 3 млн адамды құрағанын, қала маңындағы аймақпен көліктік байланыс, су бұру, энергиямен жабдықтау, жұмыс орындарын көбейту бағытындағы жұмыстар қарқынды дами беретінін айтып келеді. Алматы агломерациясын дамыту жоспарында 130 іс-шара өткізу көзделген болса, оның 77-сін Алматы облысы жүзеге асыруға тиіс. Бұл ретте бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорынды Алматыдан тыс жерлерге көшіру мәселесі тұр. Осыған байланысты әкімдіктер кәсіпорын басшыларымен келіссөздер жүргізуді қолға алған. Айналасы аз уақытта атқарылған шаруа аз емес. Десе де агломерацияға айналған басқа да ірі қалалар сияқты Алматының да өз сын-қатерлері бар. Бұл бірнеше жылдың ішінде оңай шешімін таба салар мәселе еместігі тағы анық.

Мегаполис маңындағы ауыл тұрғындарының Алматыға жаппай ағылуының себебі сан алуан. Сарапшылар Алматыны елдегі өмір сүруге ең қолайлы қаланың бірі деп санайды. Халықаралық «Economist Intelligence Unit» зерттеу компаниясы 5 жыл бұрын шарһарды әлемдегі тіршілік кешуге оңтайлы 100 қаланың тізіміне қосқан.

Зерттеуде үздік қалалар 100 балдық жүйемен 5 негізгі бағыт бойынша сараланған. Ұйым Алматының тұрақтылығын – 75, денсаулық сақтау саласын – 66,7, мәдениеті мен қоршаған ортасын – 57,6, білім саласын – 66,7; инфрақұрылымын 66,7 балға бағалаған.

Қаланың айналасында Алматы агломерациясы қалыптасуы – уақыт талабынан туындаған заңды құбылыс. Осыған байланысты қала тұрғындарының нақты саны өсіп келеді. Жобамен халықтың 18-20%-ы – Алматыға оқуға келіп-кететіндер. Тағы 30-40%-ы медициналық қызмет алу мақсатында келеді. Алматы маңындағы аудандарда бұл қызметке деген сұраныс қамтамасыз етілген. Тұрғындар қалаға көп жағдайда дәрігер тапшылығынан емес, сапасы жоғары мамандардың қызметін алу мақсатында келеді. Алматы агломерациясы аумағындағы елдің жартысына жуығының тұрақты жұмыс орны – қала ішінде. Өзге өңірлерден келетін студенттердің де дені – Алматыда. Шаһарға кіретін көліктерді шектеумен емес, қала сыртындағы тұрғындардың қалаға жиі қатынау қажеттігі болмайтынды жағдай жасаумен айналысу керек. Алматының шеткері аймақтарында тұратын затаматтар қаланың орталығына жету үшін кемі 2,5 сағаттан жоғары, көлік кептелісінде жоғалады, – дейді әлеуметтанушы Нұрлан Асқарұлы.

Сарапшы атап өткендей, көлік кептелісі – мегаполис үшін бас ауыртар басты тақырып. Алматы қаласына ең жақын орналасқан, алайда Алматы облысы аумағына кіретін 5 ауданның өзінде 200 мыңнан аса автокөлік тіркелген. Кептеліс уақытында олар қаланың көліктік проблемасын ұшықтырып, экологияны дастан жатқаны айтпаса да түсінікті. Мұнда транзиттік жолаушылар ағынының үлесі де бар. Кейінгі жылдары Алматыда, Талғар, Құлжа тасжолы мен басқа да бағыттардағы жолдарды кеңейту жұмыстары қолға алына бастады. Дегенмен тұрғындарды титықтатқан кептеліс мәселесі жуық арада шешімін таба алмайтынға ұқсайды.

Экология мен көлік кептелісі – шарһардың жазымай келе жатқан жарасы. Қос проблеманың түйінін тарқатуға қаладағы көлік санын ретке келтіру мен жылыту қазандығын газға көшіру қажеттігін экологтар баса-алты жыл бедерінде жарыса айтып жүр. Өндірістің өрте жылжуы мен түрлі тұрмыстық игілік қоршаған ортаға залалын тигізбей тұрмайды. Қаладағы бірқатар даңғылды ұзарту жұмыстары толық аяқталып, жолайрықтардың құрылысы қарқын ала, метро бекеттерінің саны артса, кептеліс

сәл де болса сейіледі деген үміт басым.

Қаланың Қаскелең, Талғар тарапындағы кіреберіс қақпаларына үлкен көлік тұрақтарын орнатып, шаһар ішінде бірыңғай қоғамдық көліктермен қатынауға үндеп, қажет болса мәселені заң шеңберінде шешудің тетіктерін тапқан жөн. Дамыған елдердегідей үлкен қалаларға ауыр жүк көліктерін мүлдем кіргізбеу керек. Алып қоймалар салып, қажетті заттарды шағын жүк көліктері арқылы ғана қалаға тасымалдаған ләзім. Мәселен, бір ғана көліктің жыл ішінде ауаға тастайтын қалдықтарының ішінде көмірқышқыл тотығы 800 килоны, азот тотығы 40 килоны құрайды. Басқа да ауаға тарайтын көмірқышқыл заттары бар. Осылайша, көлік түтінімен қоршаған ортаға 200-ден аса зиянды зат бөлінеді. Жалпы, ел аумағында қоршаған ортаны ластайтын заттардың 60 пайызы – көліктерден. Оған қоса жанармай құю бекеттеріндегі бензин мен дизель сапасын күн сайын тексеріп отыру қажет. Алматының 2,2 млн тұрғыны бар. Алайда экологиялық ахуал 20 млн халық шоғырланған Мехико, 17 млн халық өмір сүретін Тегеран мен Шанхай, 10-15 млн аралығында халқы бар Нью-Йорк, Ыстанбұл, Мәскеу сияқты қалалармен қатар тұр. Мемлекет үшін адам денсаулығынан асқан байлық жоқ. Алматы агломерациясында көзделген барлық жоспар лайықты жүзеге асады деп сенеміз, – дейді қоғам белсендісі Жандос Әлімжанов.

Ал жасаттанушы Әуард Полегаев инфрақұрылым мәселесінің шешілмеуі экономика тынысын тарылта беретінін, қоғамдық көліктегі проблемаларға байланысты жолаушылар жеке көліктерге тәуелді екенін айтады. Урбанист-ғалымның сөзінше, жолды кеңейту мен жолайрықтар салу мәселені түбегейлі шешпейді. Алдағы уақытта мұны жоғары жылдамдықты трамвай (LRT) және метро құрылысымен жалғастыру керек.

«Инклюзивті шешім қабылдау тетіктерін әзірлеуге басымдық беріп, ашықтықты дамыту қажет. Қала құрылысы жобасына үкіметтік емес ұйымдарды, жергілікті қоғамдастықтарды, қабылданған шешімдерге тікелей әсер ететіндерді тарту керек», дейді ол.

Жыл басында Алматы мен қала аумағында орын алған жер дүмпулері сейсмикалық қауіпті аймақ тұрғындарын үрей құшағына алғаны мәлім. Сол тұста жоғары қабаттағы пәтерлерді сатылымға қою денгейі үдеп, қала іргесіндегі жер үйлерге сұраныс артқан. Алайда статистика ішкі көші-қонда бәлендей жаңалық жоқ екенін, Алматыға ат басын бұрып жатқандардың саны жылдағынан артпаса кемімегенін көрсетіп отыр.

«Кез келген іске ғылыми көзқараспен келу керек. Алматының сейсмикасы, экологиясы, қанша тұрғынға лайықталды деген мәселе өткен ғасырдың 80-жылдарынан кейін кешенді түрде зерттелген емес. Себебі қаланың жағдайын, мүмкіндігін жан-жақты зерттеп, тиісті орындарға хабарлап отыратын ғылыми зерттеу институттары жабылып қалды. Біз Алматыны кеңейту туралы шешім қабылдағанда қаланың экологиясы, сейсмологиясы жайлы кешенді зерттеу жүргізіміз керек еді. Себебі қала ластанған ауаны жел көтеріп алып кететін жазық далада емес, тау баурайындағы қазандықта орналасқан. Алматыда мемлекеттік бағдарламамен салынып жатқан көпқабатты үйлерде немесе қала сыртындағы жекеменшік үйлерде сейсмикалық және экологиялық талаптар сақтала ма деген сауал толғандырады», дейді эколог Бедібек Таласбай.

Агломерацияның ауқымды міндеттері туралы айтқанда білім беру, денсаулық сақтау салаларының инфрақұрылымын дамыту проблемасы алғы шепте аталатыны анық. Маятниктік көші-қонның бақыланбауынан балабақшаларға, мектептерге, білім мекемелеріне жоғары жүктеме түседі. Қазіргі уақытта балаларды біліммен қамтамасыз етуге қаланың маңындағы бөлігінде үш ауысымда оқыту қолданылады. Бұл білім сапасының төмендеуіне, мекеменің педагогикалық құрамына жоғары жүктеме түсуіне әкеледі. Осы міндеттерді шешуге бағытталған кешенді жоспарлар кешіктірмей орындалып, қолданыстағы нысандарды жаңарту, қосымша білім беру мекемелерін салу ісі қарқын ала берсін.

Өңірдегі инженерлік желілердің тозуы – өзекті проблемалар қатарында. Тұрмыстық қалдықтар көлемінің ұлғаюы, қалдықтарды қайта қолдануға ісінді жолға қойылауы экологиялық проблемалар туындап отыр. Электр энергиясының жетіспеушілігі, электр қуатының жиі үзілуі, сондай-ақ өскірген энергетикалық инфрақұрылым өңірдің жұмыс істеу сапасына тікелей әсер ететіні мәлім. Жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау желілеріне қатысты проблемалар да аз емес. Мамандар бұл мәселелер бірте-бірте шешімін табатынын айтады.

Сарапшылардың болжамына, 2030 жылға қарай Алматы қаласы халқының саны 2,5 млн-ға жетеді. Ал 2040 жылы – 3 млн, 2050 жылға қарай 3,6 млн-ға дейін өсуі ықтимал. Табиғи өсім 2021 жылғы 47 пайыздан 2050 жылға қарай 60 пайызға дейін артады. Қаланың бас жоспарын әзірлеуге қатысушылардың бірі Тамара Залогинаның пікірінше, мұнша халықты баспанамен қамтуға 2040 жылға дейін 45,6 млн шаршы метр тұрғын үй болуға тиіс. 2030 жылға дейінгі бас жоспар бойынша жобалық ұсыныстардың бірінші кезеңін іске асыру үшін әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға 1 трлн 391 млрд теңге инвестиция қажет. Инвестициялардың басым бөлігі мектеп пен мектепке дейінгі білім беруі дамыту, денсаулық сақтау мекемелерін жетілдіру ісіне жұмсалмақ. Мегаполисте 2040 жылға дейін 188 мектеп пен 300-ден аса балабақша салынады. Жобамен 2030 жылға дейін қалада 180 мыңға жуық жұмыс орны құрылуға тиіс. Оның 30%-ы полицей, өрт сөндіруші, дәрігер, мұғалім секілді әлеуметтік сала мен тіршілікті қамтамасыз етуге бағытталған салаларға тиесілі, ал қалған 70 пайызы – мамандандырылған жұмыс орындары.

АЛМАТЫ



Маржан ӘБІШ,
«Egemen Qazaqstan»

Парадокс

Қоғам ауысқан сайын құндылықтар да өзгертетіні мәлім. Өр замандағы жаңалықтар мен игіліктер де адамға әртүрлі әсер етеді. Қазіргі уақытта өмір сүру жеңіл дейміз. Жаһанданған әлем. Бейбітшілік заман. Смартфонды қоғам. Қолжетімді ақпарат. Көптеген мүмкіндік. Айға ұшамын десеңіз де – қалауыңыз. Бұрынғыдай хат танымайтын қараңғы қазақ жоқтың қасы. Сөйте тұра бүгінде, салыстырмалы түрде аласақ, газет-журнал, кітап оқитын адам аз. Театрға баратын көрермен көп емес. Заманның қиын кезінде әр үйге газет келетін, жастар кітап оқып жарысатын деседі. Қыз бен жігіт қол ұстасып, театрға асығатын деп жатады. Ал бүгінгідей тәуелсіз әрі бәрі қолжетімді уақытта рухани құлдырау белең алғаны – үлкен парадокс.

Иә, бұл – түсініксіз парадокс емес. Себебі мен мұндай ахуалға әсер етуші факторларды қоғамның бет-бейнесіне қарап болжауға болады. Айталық, көшеде кетіп бара жатқан кез келген азаматты тоқтатып сұрайық.

– Қазір қандай кітап оқып жатырсыз?
– Шынымды айтсам, кітап оқитын уақыт жоқ.

– Ал театрға барып тұрарсыз ба?
– Жо-ооқ. Ондайға уақыт табу қиын.
– Шыныменде, уақыт жоқ па, құлық жоқ па – беймәлім.

Жаһанданған қоғамның тасқын судай қаптаған ақпараттар ағыны адам назарын түрлі бағытқа алып кетіп жатқаны да рас. Ең қымбат дүниеміз уақыт болса, сол уақытты мәдени жұмысқа, рухани демалысқа арнай алмаймыз. Смартфонды жүйесіз пайдалану басым. Ойленіп алғанда уақыттың қалай қалыптасады? Көркем өнерге күштарлық ішкі талғамды өсіріп, мәдени иммунитетті қалыптастыратыны сөзсіз. Сондай-ақ көркемдікті түсіне алатын, тәуір шығармаға тебіреніп, жақсы картинаны бағалай алатын жан күнделікті тұрмыстың илеуіне түспесе керек-ті. Яғни суық қаланың суық адамдарды сияқты бір типті болмайды. Ондай адамның сезімдері ояу болады: сәл нәрсеге қуану, жылау, тамсану, әрқашан көңіл күйін, эмоциясын білдіре алу.

Содан болар, адамдардың газет-журнал, яки кітап оқуы да бүгінде таңғалатын құбылысқа айналған. Қарапайым халықтың мұндай деңгейсіз таңғалысына қазір таңғалмайтын да болды. Бәлки, бұл таңғалыстың бір себебі ғаламтор (бірақ оған илану қиын), бәлки білімсіздік, «жоғалған оқырман», жазылмаған классика, идеология, тұрмыс...

Иә, «Сананы тұрмыс билейді» деген нақ осы заман ба дейсіз... Әрине, халықтың классикалық өнерден жырақ кетуіне әлеуметтік-тұрмыстық себебіннен бөлек мемлекеттік идеология да үлкен рөл ойнайды. Қоғам азық-түлікке қалай мұқтаж болса, жаңа кітап пен премьерға билетті де солай іздеуі үшін не істеуге болады? Дүкендегі нан сөресінің қасында кітапты да сату керек шығар...

Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәліметінше, былтыр еліміздегі көпшілік кітапханалардағы оқырман саны – 5 123 227 болса, олар 51 921 261 мәрте кітап қорын пайдаланған. Ал биылғы есеп бойынша, жыл басынан бері оқырман саны – 4 935 911, олар 37 555 206 рет кітапхана игілігін кәдесіне жаратқан. Сондай-ақ жалпы саны 57 мемлекеттік театрға жыл басынан бері 1 501 418 көрермен барған. Бұл салыстырмалы түрде аз ба, көп пе, бағамдай беріңіз.

Қоғамның көркем әдебиетке қызығатын, өнерге құштар бір бөлігі тұтас ұлттың мәдени деңгейін көрсете алмайды. Халықтың рухани жаңғыруы – аздаған топтың әдеби-мәдени сауатымен өлшенбейді. Қазіргі әдебиеттен, газет-журнал одуан, жалпы жазу-сызудан көпшіліктің хабары жоқтығынан, жазып жүрген біріміздің өз әлеміміз, ал рухани өмірден тым алыс қарапайым жұрттың өз әлемі қалыптасқан сыйнайы. Саны аз кішкентай ұлт бола тұра екі арада тас қамал пайда болғандай. Заман алға жылжыған сайын қарапайым халық руханияттан алыстап бара жатуының салдары қандай болмақ? Ақынның өлеңін әдеби ортадағы қауымнан басқа жұрт оқымайды. Әрине, салыстырмалы түрде алғанда. Жазушының жан азабынан туған шығармасының да халі осындай. Ал театрлар кім үшін жұмыс істейді?..

АЛМАТЫ

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Заң клиникасы құқықтық көмек көрсетеді

Нархоз университеті Құқық және мемлекеттік басқару мектебінде «Заң клиникасы» кеңсесі ашылды. Заң клиникасы – елімізде кәсіби дағдыларды ғана емес, заң және құқықтық тәртіпті нығайту, әлеуметтік жауапкершілікті терең сезінетін заңгерлердің жаңа буынын тәрбиелеуге бағытталған әлеуметтік жоба.

Эльвира СЕРІКҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Іс-шараның ашылуында университет президенті Қанат Қожамбет заң клиникасын студенттерді теориялық біліммен қатар ауылды білім беру форматындағы практикалық дағдына баулуға ықпал ететініне тоқталды.

– Бір топ адам бір-бірімен қол ұстасып, қараңғы түнекте білім іздеп сапарға шығады. Ұстазы қараңғыда

аяқастынан тас кезіксе, көтеріп ала жүріндер, керек болады дейді. Түнектен жарыққа шығар алдында есік тарс жабылғанда ұстаз: «Кім тас арқалап келе жатыр? Жарыққа шығатын жол – осы арқалаған тастарыңыз», депті. Тас көтергендер жарыққа шығып қараса, аяқастынан теріп алғандары жауһар тас болып шығады. Сондықтан білім іздеген жастар әрдайым өзінің жауһар тастарын адаспай тапсын, – деп Қ.Қожамбет жастарды жігерлендірді.

Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің заң клиникасында студенттер білікті ұстаздардың жетекшілігімен іс жүргізуді үйреніп, құжаттар әзірлеп, мүдделерін қорғап, заң көмегін көрсетіп, теориялық білімін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады. Университет профессоры Гүлмира Сұлтанбаева атап өткендей, бұл практика білім алушылардың тақырыпты жақсы меңгеруіне, кәсіби дамуына ықпал етеді. Клиника студенттердің құқықтық мәселелерді шешу, сыни ойлау әрі топтық жұмыс орындау, сондай-ақ коммуникация, талдау, дәлелдеу, шешім қабылдау дағдыларын дамытуға арналған алаң ретінде қызмет етеді. Заң клиникасы студенттерге, ата-аналарға, қала тұрғындарына қолданыстағы

заңнамалар, құқықтық нормаларға қатысты ақсыз кеңестер ұсынады. Тегін заң көмегін көрсету студенттердің қоғамдық мәселелерге белсене қатысуына жол ашып, кәсіби дамуына негіз болмақ.

Іс-шара барысында Нархоз университеті мен Комплаенс және іскерлік этика қауымдастығы, республикалық адвокаттар алқасы, Алматы адвокаттар алқасы, Алматы облыстық адвокаттар алқасы, «Зан» медиа-корпорациясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, қатысушылар кампус-турға қатысты.

Сонымен Алматы қаласындағы «Заң клиникасына» келіп тегін кеңес алуға болады.

АЛМАТЫ

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Көмір жеткізуде іркіліс бар



Сурет - Егемен Қазақстан архивінен алынды

Өңір билігінің қазіргі уайымы — тұрғындар мен бюджеттік ұйымдарды көмірмен уақтылы қамтамасыз ету. Жеке үйлерді жылытуға алдағы қысқа 326 мың тонна отын қажет. Көмірмен қамтуға қатысты барлық өңір бірдей белсенді жұмыс жүргізіп жатқан жоқ. Мәселен, Ақсу қаласының теміржол түйығында көмір табылмай тұр.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Күздің салқынында сұраныс көбейіп шыға келетінін ескерген өңірлік энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы қала, аудан әкімдіктеріне қатты отынды уақтылы дайындау жөнінде қажетті шараларды қабылдау туралы ескертіп жатыр. Облыс аумағында күн салқынды түсіп, жұртшылық жаппай пеш жағудың қамына кіріскен. Соған орай облыста көмірге сұраныс біртіндеп өсе бастады.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы жылумен жабдықтау және газ объектілері мен көтергіш құрылыстарды қауіпсіз пайдалану бөлімінің бас маманы Алмас Қарабаев тұрғындар ауа райының одан әрі салқындауын күтпестен қысқа қажет көмірді қазірден қамдағаны жөн дейді.

— Павлодар облысында көмір өндіретін 6 кеніш бар. Атап айтқанда, «Богатырь-Көмір» ЖШС, «Майкубен-Вест» ЖШС, «Гамма Талдықөле» ЖШС, «Гамма Сарыкөл» ЖШС, «Ангресор Энерго» ЖШС, «Шығыс кеніші» ЖШС. Халық негізінен жергілікті кеніштер арасында «Майкөбе» кенішінің көмірін күп көретіні белгілі. Аталған компанияда бүгінде көмірдің бір тоннасы 8,3 мың теңгеден босатылып жатыр. Ал «Богатырь» кенішінде тоннасы 4,2 мың теңге тұрады. Облыс аумағында, соның ішінде Павлодар қаласында көмір сатылатын теміржол түйықтары бар. Бүгінде облыста

көмір жеткізумен 10 ірі көмір операторы айналысады. Олар туралы барлық ақпарат, оның ішінде қоймаларының мекенжайлары, көмір сатып алуға болатын жерлер біздің Instagram парақшамызда, сондай-ақ қалалар мен аудандар әкімдіктерінің ресми ресурстарында орналасқан. Өңірде биыл көмір бағасының өсуіне жол берілмеуі керек. Бұл мақсатта басқарма көмір өндіруші кәсіпорындармен «Павлодар облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру бойынша өзара ынтымақтастық туралы» меморандум жасады, — деді А.Қарабаев.

Басқарманың дерегіне қарағанда, қазіргі уақытта облыстағы көмір жеткізуші операторлардың қоймасында 15 мың тоннадай көмір сақтаулы тұр. Бірақ бұл нақты цифр емес, теміржол түйықтарында көмір уақыт сайын жеткізіліп тұрады. Ал операторлардың дені Павлодар қаласында орналасқан. Олардың бірқатарына телефон шалып, көмір бағасын таразылап көрдік. Мәселен, «Элит КЗ» ЖШС Шұбаркөл кенішінен (Қарағанды) жеткізілген көмірдің тоннасын 21 500 теңгеден, Майкөбе көмірін 13 500 теңгеден сатса, «Северэнерготольснаб» ЖШС Қаражыра көмірін (Абай облысы) 16 600 теңгеден, Майкөбелік қатты отынды 14 500 теңгеден саудалап отыр. «Халық көмір» ЖШС-дағы преискурранттар соңғы аталған компаниянікімен бірдей. Екібастұздың арзан көмірі тек Шарбақты ауданындағы «Шарбақты отын» ЖШС-да ғана бар болып шықты, тоннасына 12 500 теңге сұрайды. Мұнда Қаражыра көмірі 18 500, Майкөбелік

көмір 17 000 теңгеден сатылып жатқанын сұрап білдік.

Бір қызығы, Ақсу қаласындағы теміржол түйықтарында сатылымда көмір жоқ болып шықты. Қаладағы жалғыз ірі оператор — «Убунту» ЖШС-ға хабарласқанымызда ондағы қызметкерлер қоймада аз ғана екібастұздық көмір жатқанын (көмірдің бұл түрі тұрғындар арасында сұранысқа ие емес) мәлімдеп, өзге кеніштердің көмірі емге табылмайды деген ақпарат берді. Компания өкілдері көмірдің алдағы күндері болатынын, болмайтынын да айта алмады. Жеткізуші теміржол компаниясы өздері біледі деп қолдарын сілтеді. Соған қарағанда Ақсу қаласында көмір тасымалы нашар ұйымдастырылып отырғанға ұқсайды.

Жалпы, өңір халқының алдағы қыста қатты отынға сұранысы 326 мың тоннаны құрайды делініп отыр. Өткен жылы да осыншама көлемде көмір тұтынылған. Әлеуметтік мекемелерге алдағы қысқа кезеңде шамамен 210 мың тонна көмір қажет. Оның ішінде білім беру нысандарына 85 мың тонна жеткізілуі керек. Қазіргі уақытта әлеуметтік нысандардың қажеттілігіне 163 мың тонна көмір жеткізілген. Қалғаны жоспарға сәйкес әрі мекемелердің сұранысына орай тасыла беретін көрінеді.

Биыл Ертіс-Баян өңірінде 376 қазандықты жөндеу жоспарланған. Олардың 373-і бүгінде толықтай дайын тұр. Алды іске кірісіп, жылу бере бастаған. Облыстың үш қаласындағы 5 ЖЭО-да барлығы 35 қазандық агрегаты бар. Мамандар шаһарларды жылумен қамтуға 15 градусқа дейін суықта 19 қазандықтың қуаты жеткілікті деп есептейді. Өзгесі қатты аяздарда қосуға, резервте қалдырылады. Қазіргі күні Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалаларындағы әлеуметтік нысандарға жылу берілген. Тұрғын үйлерге жылу жіберу кезең-кезеңімен жүзеге асып жатыр.

Ертіс-Баян өңірінің энергетикалық кешеніне 7 ірі станса кіреді. Кәсіпорындардың жалпы қуаттылығы — 8 002 МВт. Облыс елімізде өндірілетін электр қуатының 42 пайызын беріп отыр. Павлодар облысындағы энергетикалық кешендер жылына шамамен 30 млн тонна көмір және 65 мың тонна мазут тұтынады. Облыстың энергия көздеріне көмірдің негізгі жеткізушілері — «Богатырь Көмір», «Шығыс» кеніштері. Ал Павлодар мұнай-химия зауыты стансаларға мазут жеткізеді.

Көмір тұтыну жөнінен алып қарайтын болсақ, «Екібастұз ГРЭС-1 стансасы» ЖШС бір жылда — 12,5 млн тонна көмір мен 9 мың тонна мазут, «Екібастұз ГРЭС-2 стансасы» АҚ — 4,3 млн тонна көмір мен 5,7 мың тонна мазут, «Еуроазиялық энергетикалық корпорациясы» АҚ 7,2 млн тонна көмір мен 8 мың тонна мазут сатып алады. Өзге бөлігі «Қазақстан алюминийі» АҚ ЖЭО, «Павлодарэнерго» АҚ ЖЭО-2, ЖЭО-3 стансаларына, Екібастұз жылу орталығы «Energy Solutions» ЖШС-ға тиесілі.

Павлодар облысы

ИГІ ІС

Қала күніндегі құрмет



Семей қаласы күніне орай облыс орталығына қарасты Цементшілер кентінде пәтер кезегінде тұрған әлеуметтік осал топ санатындағы 20 отбасына пәтер кілті табысталды. Көпбалалы отбасылар, ерекше қажеттілігі бар азаматтар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар соңғы үлгіде салынған басына қол жеткізді. Үйде мүмкіндігі шектеулі жандардың кіріп-шығуына қолайлы жағдай жасалған.

Қуат ҚИЫҚБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Кейінгі жылдары қалада құрылыс қарқыны артып келеді. Осыған дейін бой көтерген тұрғын үйлерден 525 отбасы жаңа пәтерге қоныстанды. Биыл наурызда да Қарағайлы шағын ауданында тұрғын үй кезегінде тұрған 77 азамат баспанамен қамтылды. Тамыз айында 237 адам қолдарына жаңа пәтердің кілтін алды. Өткен жылы пәтер кезегінде тұрған 211 отбасы баспаналы болды.

Сонымен қатар қаланың дамуына үлес қосып келе жатқан әртүрлі сала мамандарына «Семей қаласының құрметті азаматы» және «Үздік қызметкер» атағы берілді. Мерекелік іс-шарада сөз алған қала әкімі Нұрбол Нұрсағатов еңбегімен елгенген жандардың өмірі мен қызметі көпке үлгі екенін атап өтті.

«Бүгін Семей қаласының қалыптасуы мен дамуына лайықты зор үлес қосқан азаматтарды ұлықтап отырмыз. Семей қаласының құрметті азаматы атану — бірреттік жұмыстың нәтижесі емес, ұзақ жылдар бойы бір салада табан аудармай жемісті еңбек еткендеріңіздің, қызмет жасағандарыңыздың жемісі. Сіздердің ерен еңбектеріңіз бен онегелі өмірлеріңіз өскелең ұрпаққа өшпес үлгі», деді Н.Нұрсағатов.

Семей қаласының дамуына қосқан үлесі еленіп, қоғам қайраткері Менсафа Усманова, спорт ардагері Юрий Маслов, білім беру саласының үздігі Жұмағазы Стамбеков, 2012 жылдан

бастап қазіргі уақытқа дейін «Спутник» МТ ЖШС басқарма төрағасы қызметін атқаратын Қайрат Мирашев, суретші, педагог Төлеуғазы Жұбаншев, футболшы, халықаралық санаттағы төреші Александр Борисов, «Алтын дәрігер» төбелігінің иегері, хирург Базар Төлеуов «Семей қаласының құрметті азаматы» атанды.

Сондай-ақ қарапайым еңбек адамдары да назардан тыс қалған жоқ. Автобус жүргізушісі Дархан Жауқенов, электр маманы Нұртас Жанақыметов, қосалқы жұмысшы Мәуітқазы Рахымбаев, әлеуметтік қызметкер Раушан Мұсабекова, механик Мавлетян Хазипов, су шаруашылығының қызметкері Думан Молденов, жылу тасымалының қызметкері Юрий Клименко, жол жөндеу жұмыстарына атсалысқан Марат Рамазанов «Үздік қызметкер» атағына ие болды. Оларға Алғысхаттар мен 100 мың теңгелі сертификаттар табысталды.

Қала әкімі Н.Нұрсағатов Семей қаласының 103 жастағы ең қарт тұрғыны Зейне Аманбаеваның шаңырағына арнайы барып, құрмет көрсетті. Зейне апа 1921 жылы Абыралы ауданында дүниеге келген. Соғыс жылдары колхозда әртүрлі жұмыс атқарған. Кейін Семейде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, халық құрметіне ие болған. Оның өмірлік жолдасы да заң саласында ұзақ жылдар бойы қалтқысыз қызмет етті. Бүгінде Зейне апа — немере-шөберелерінің құрметіне бөленіп отырған абзал ана.

Абай облысы

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру міндеті

Жетісуда азық-түлік бағасының күннен-күнге қымбаттап бара жатқаны белгілі. Бұл үдеріс өзге де өңірлерде байқалып отыр. Дегенмен облыс көлемінде күнделікті тұтынатын тауар құнын тұрақтандыруға қатысты түрлі жоба қолға алынып жатыр. Мәселен, тауар өндірушілермен 19 түрлі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бойынша келісімшарт жасалған. Оның жалпы көлемі — 21 мың тонна.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Әуелі әлеуметтік дүкендерге зер салайық. Мұндағы сөрелерге тауар делдалсыз, өндірушілерден қосымша шығынсыз тікелей жеткізіледі. Бұл сауда орындарының бәрін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) қаржыландырады, сондықтан нарықтағыдан төмен бағада сатады. Халықтың алдымен баратыны да — осы сауда орталықтары. Қалтаға көп салмақ салмайды әрі қалаған затынды табуға болады. «Жетісу» ӘКК департаментінің директоры Бақтияр Сембековтің айтуынша, өңірде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр.

«Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шеңберінде тұрақтандыру қорын қалыптастыру, кәсіпкерлік субъектілеріне «айналым схемасы» негізінде жеңілдікті несие беру жұмыстары жүргізіледі. Осы тетіктерді іске

асыруға кейінгі 2 жылда 9,2 млрд қаржы қарастырылды. Тауар өндірушімен келісімшарттар жасалды. Оның ішінде 263 мың бөлке әлеуметтік нан, 452 тонна бірінші сұрыпты ұн, 15 мың тоннадан астам қант, 668 тонна күріш, 568 мың литр күнбағыс майы, 62 тонна қарақұмық, 4 тонна ас тұзы, 3 тонна тауық еті, 4,4 млн дана 1 санатты жұмыртқа, 150 тонна сиыр еті, 233 тонна сүт өнімдері және 4654 тонна көкөніс өнімдері бар», деді Б.Сембеков.

Бүгінде өңірде 8 әлеуметтік сауда нүктесімен қоса «Смолл», «Матнум», «Тоймарт» сауда желілері бар. Сонымен қатар «үй жанындағы» дүкендер арқылы қалыптастырылған қорларға үздіксіз тауар интервенциялары жүргізіледі. «Sardar Export» ЖШС-ның әлеуметтік қалыптасу наны Талдықорған қаласына, жақын орналасқан аудандардағы «үй жанындағы» жүзден астам дүкенге жеткізіледі. Одан бөлек, «Ляззат-2016» ЖШС-ның сүт өнімдері облыс орталығындағы 49 сауда нүктесіне тікелей тасымалданады. Бірінші сұрыпты



Суретті түсірген — Диана ЕРҚОЖЕВ

жұмыртқа қаладағы 10 сауда объектісіне, үлкен супермаркеттерге апарылады. «Sardar Export» ЖШС әлеуметтік нанға бағаны тұрақтандыру аясында облыстың 22 наубайханасына арзан, үн жеткізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілген мерзімде кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдетілген несие беруге 8 млрд теңге бөлінген. Бұл «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» өңірлік даму институты» акционерлік қоғамы фермерлерден азық-түлік өнімдерін кейіннен нарық бағасынан төмен бағамен сатып алуға

белгіленген бағамен келісімшарт жасауға мүмкіндік берді.

«Биыл 32 тектар жерге картоп ектім. 130 тонна егіннің килосын 120 теңгеден сатамын. Өйткені көктемде «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» өңірлік даму институты» акционерлік қоғамынан 0,01 пайызбен несие алдым. Бұл өте қолайлы болды. Себебі пайыздық мөлшерлемесі аз. Сондықтан бір айдың ішінде бүкіл несиемі жабуды жоспарлап отырымын», дейді Көксу ауданындағы шаруа қожалығының жетекшісі Қизат Әбиров.

Көкөніс өсірумен айналысатын шаруа қожалығының меңгерушісі төрт жылдан бері әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді. Оның айтуынша, шаруашылық 10 тектардан 400-500 тонна сәбіз алады.

Жалпы, келісімшартқа отырған кәсіпорындардың ішінде Ақсу қант зауыты, жұмыртқа, құс фабрикалары, сүт зауыты, наубайхана, бірқатар шаруа қожалығы, мал бордақулау алаңдары бар. Маусымдық көкөністер соуір-қараша айларында сатыла

бастайды. Бұл жұмыс әлеуметтік дүкендер мен сауда нүктелері арқылы жүзеге асады.

Сауда орындарында сатылатын тауарлардың бағасы нарық бағасынан орта есеппен 10-15 пайызға төмен. Мысалы, бүгінде дүкен сөрелерінде 1-санаттағы жұмыртқаның құны 460 теңгеден, күнбағыс майының 1 литрі 510 теңге болса, күріштің килосы 340 теңге, бірінші сортты бидай ұнының килосы 180 теңге, ас тұзы 60 теңгеден аспайды. Картоп — 190, пияз — 110, сәбіз 160 теңгеге бағаланған.

«Қазір азық-түлік бағасы шарықтап тұр. Бұл ретте әлеуметтік дүкеннің көмегі көп. Бүгін мен жарма, көкөністер мен жұмыртқа алуға келдім. Шынында да, нарықтағыдан төмен бағада екен. Дүкен қолайлы жерде, аялдамаға жақын орналасқан. Біздің ауданда егде жастағылар көп тұрады. Енді бізге орталық базарға жиі барудың қажеті болмайды», дейді Гүлгүл Қанапияқызы.

Айта кетейік, бүгінде «Жетісу» ӘКК-нің 8 әлеуметтік сауда орындары жұмыс істейді. Оның төртеуі Талдықорғанда біреуі Үштөбе қаласында, сондай-ақ Талдықорғандағы коммуналдық базарда, орталықтағы базарда, «Көкбазар» сауда үйінде орналасқан. Аталған сауда орындарына жеткізілетін тауарлардың құны нарықтан біршама арзан.

Жетісу облысы

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ – 85

Алып

«Неисчерпаемый»

1975 жыл Алматыға өз шығармасы бойынша қойылған фильмнің премьерасына Шыңғыс Айтматов келе қалды. «Лениншіл жастың» редакторы Сейдахмет Бердіқұловтың редакцияның әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі Аян Нысаналин арқылы айтып жіберген сәлем-өтініші бойынша, жазушының жан досы, «Көктөбедегі кездесудің» телавторы Қалтай Мұхамеджановтың көмегімен әлемге әйгілі қаламгерден сұхбат алудың («Лениншіл жас», 26.11.1975) сәті түсті. Әңгіменің аяқ жағына қарай, кино және жазушы деген негізгі тақырыптағы сұрақтарымды қойып болған соң, бойым үйреніңкіреп, сұхбатқа қатыстырмайтын жайларға да ауысқым келді. «Аға, біздің әдебиетімізді оқып отырсыз ба? Кімдерді бөліп атай аласыз?» деп қалдым. «Көп қой. Бөліп атап жатқаным қалай шығады? Оның үстіне проза мен киноның байланысы, экранизация мәселелері туралы ғана сөйлесетін болып едік қой», деді құлықсыздау. «Айып етпейіз, мысалы, Әбіш Кекілбаев туралы пікіріңізді білейін деп едім», дедім бас жоқ, көз жоқ. Жас кезім ғой, мысы да басып барады. Сондағы Шықанның аузынан ә дегенде шыққан сөз мені сәт тіксінтіп тастады. «Ой, оны айтпа», деді... Сол сәтте маған келгені «Аралары нашар екен ғой, қап, бекер сұрапшын» деген ой болды. Есімді жиғанша Шыңғыс аға тағы айтып қалды: «Оны қой» деп... Әп-сәтте түсіп кеткен еңсемді көтеріп, жүзіне қарасам... жазушы жымияңқырап тұр екен. Бір кезде барып, «Он неисчерпаемый» деді... Білгенде де тіпті жақсы біледі екен. Әбіштің таусылып бітпейтін, телегей-теңіз білімін бөлекше бағалайды екен. Айтматовтың бұл сөзін жақында газетте жарияланған («Egemen Qazaqstan», 21.09.2024) «Дегдар» атты аса мәнді мақаласында Қырымбек Көшербаев та орынды келтіріпті.

Әбіш Кекілбаевтың қазақ қоғамындағы алар орнын оның жазушылығымен де, тарихшылығымен де, ойшылдығымен де, саясаткерлігімен де, қайраткерлігімен де толық жеткізіп айта алмаймыз. Қаламгер туындылары жалпыадамзаттық мәселелерді әлемдік өреде қарастыратындығымен, ой тереңдігінің, көркемдік кестенің, тіл өрнегінің классикалық үлгісін көрсетуімен, қай жанрға салғанда да өрен жүйрік шығатындығымен, әрі көп, әрі дөп жазуға болатындығын дәлелдеуімен тәнті етеді. Бір бойында жазушының, ақынның, драматургтің, аудармашының, мемлекеттік қайраткердің, мәдениеттанушының, өнертанушының, әлеуметтанушының, публицистің, журналистің, шешеннің таланты тамаша тоғысқан, соның бәр-барін далалық данышпандықтың қайнарарынан сұарған Әбіш Кекілбаевтың шын мәнінде феномен құбылысқа жататыны қазірдің өзінде талас тудырмайды.

Әбіштің халықтың рухына еткен еңбегі – даусыз ұлы еңбек. Кекілбаев кеңістігіндегі аса бай мұра руханият ауқымына да сыймайды. Әбіштің дара ақылы бізге өтпелі кезеңде көп көмектескенін, Әбіштің сара сөзі алабұртқан халықтың санасын сабасына түсіруге септескенін, туған тілдің тағдыры таразыға түсіп, тар кезеңге тірелген шақта депутат болмаса да сөз сұрап, Парламент мінберіне көтеріліп, ақырғы төндік сұрағанын, Кекілбаевтың сол сөзінен кейін қазақ тіліне дербес мемлекеттік мәртебе беру дауысқа қайта қойылғанын, тарихи мәні бар мәселе осындай ой қуатының, азаматтық ерліктің арқасында шешілетінін біз еш уақытта ұмытпауға тиіспіз.

Шүкір, уақыт деген дана бірте-бірте бәрін орын орнына қояды екен. Ұлы Абайды арманда қалдырып кеткен Әбдірахман-Әбіш жарты гасырдай уақыттан кейін қазақ даласының басқа бір қиырында, Маңғыстаудың төрінде қайта туғанды болғанын, ұлы Әуезовтің жалғасындай, бәрімізді байыта туғандай болғанын ұғынып үлгергендейміз. Оның дәлелі – Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдығының аса айрықша аталуы. Сол тұста берген бір сұхбатымызда («Маңғыстау», 10.01.2020): «Жалпы, осы тойдың мұндай биік деңгейде өтуі Мемлекет басшысының арқасы. Қасым-Жомарт Кемелұлы өзі іс-шараларға тікелей қатысты, бастан-аяқ бәрін қадағалап отырды. Әбден жеріне жеткізді», дегеніміз бар. Енді осының жай-жапсарын айта кетейік.

Президент пәрмені

2018 жылдың күзінде Әбіш ағаның жұбайы Клара апай мені үйіне шақырған. «Әбіш Қырымбек екеуіңді екі інісіндей көруші еді ғой. Сендерге сенемін. Өзің не әрекет ете аласың?» деп біраз салмақ сала сөйлеген. Әуелдегі ойым Мәжілістің кеңейтілген отырысына дәстүрлі депутаттық сауал дайындап, Үкіметтің назарын Әбіш Кекілбаевтың туғанына 80 жыл толуына байланысты атқаруға тиіс шараларға аударту еді. Бір-екі күн ойланым жүріп, одан бас тарттым. Сауалдың салалық министрлікке жіберіліп, олардың ойластырып жатқан істері баяндалған хатының негізінде жауап қайтарылатыны белгілі еді. Басқаша, төтендеу қимылдау қажет сияқты. Ақыры Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа баруды ұйғардым. Ол тоқтамаға келудіме Әбіш ағаның Сенат депутаты болғандығы ғана қозғау салған жоқ еді. Қасым-Жомарт Кемелұлымен ниеттестігіміз бар. «Егемен Қазақстанның» басшысы кезінде Сенат Төрағасының шетелдік сапарларына бірнеше рет қосылғаным. Сондай сапарлардың бірінде: «Сыртқы саясаттың жайын көп қозғап жүрісі. Солардың басын қосып, жеке кітап етіп шығарсаңыз болады ғой» деген. Құрастырған қолжазбама алғыс сөз жазып та берді. Кейіннен ол кітап 2010 жылы «Қашаған құрықтаған Қазақстан» деген атпен жарық көрді. Жазушының ұлы. Ірі интелектуал. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының орынбасары болған аса көрнекті саясаткер. Өзінің де көптеген кітаптары бар. Әбіш ағамен аралас-құралас, сыйлас болғанын жақсы

білемін. Әбекең де жиі айтатын. Сырбаз қалпын, ішкі мәдениетін, білімділігін ерекше бағалайтын.

Қасым-Жомарт Кемелұлының «Өке туралы ой-толғау» кітабында (Алматы, «Жібек жолы», 2018) Әбіш Кекілбаевқа жүрекжарды сөздер арналған. Президент әкесі – қазақтың көрнекті қаламгері, төл әдебиетіміздегі детектив жанрының ізашары Кемел Тоқаев туралы айта келіп, былай дейді: «Оның Әбіш Кекілбаевқа деген көзқарасы ерекше еді. Әкей оның шығармаларын тарихи ауқымдылығы және философиялық тереңдігі үшін жоғары бағалайтын. Бұл жазушы гуманитария саласында энциклопедиялық білімге ие және оларды өз шығармаларында ұтымды пайдалана біледі деп ығы айтып отыратын. Әбіш Кекілбаевты бақытты жазушылық тағдыр күтіп тұр, ол қазақ әдебиетінің классигі болып танылады деуші еді.

Арада біраз жыл өткенде маған Әбіш Кекілбаевты жерлеуге қатысты мемлекеттік комиссияны басқаруға тура келді. Маржұмды ақтық сапарға шығарып салардағы қаралы жиында мен қазақ әдебиетінің классигімен, ұлттық интеллигенцияның көрнекті өкілімен қоштасып тұрғанымызды баса айттым.

Енді бір тұста жазушы жайындағы ойын әрі қарай тарқата түскен.

«80-жылдардың соңында Жазушылар одағының екінші хатшысы Әбіш Кекілбаев болды. Әкем Ә.Кекілбаевтың тарлан таланты оның есімін уақыт өте келе қазақ әдебиеті алыптарының қатарына жеткізеді деп санайтын. Ә.Кекілбаев туындыларынан қазақ ұлтының өр рухы сезіліп тұрады деп жиі айтушы еді. Сонымен қатар жазушының қарапайымдылығы мен қайырымдылығы да жоғары бағалады. Уақыт әкейдің «болжамының» шындыққа ұласқанын дәлелдеді. Ә.Кекілбаев қазақ әдебиетінің көрнекті өкіліне айналды, саяси сабырлығы мен шебер мәмілегерлік қасиеттері арқасында күрделі жағдайларда көптеген жыл бойы Тәуелсіз Қазақстанда жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтерді абыроймен атқарды. Ол Жоғарғы Кеңестің Төрағасы, Мемлекеттік хатшы болды, Мемлекеттік кеңесші қызметінде біліктен көрінді. Өмірдің соңына дейін Әбекең қоғамымыздың шыннайы ілтипатына бөленіп өткен айтулы тұлға болды. Екеуіміз Қазақстан Парламенті Сенатында бірге қызмет істедік. Ол депутат ретінде де, өзекті деген тақырыптарға қалам сілтей отырып, жазушы, публицист ретінде де көп еңбектенді.

Әбіш Кекілбаевтың әкемізге деген құрметін біздің жанұя ол кісі қайтыс болған күндері айқын аңғардық. Үйте арнайы көңіл айтуға келгенде әкемізді өзінің «қаламдас үлкен ағасы» ретінде сыйлайтынын шын пейілімен білдірді».

Қасым-Жомарт Кемелұлы ықыласты көңілмен қабылдады. Барлық жағдайды баян еттім. Көп ұзатпай Клара апаймен осы мәселе бойынша арнайы сөйлесті, тиісті орындағанды нақты-нақты тапсырма берді. Сол-ақ екен, жұмыс жаңаша жүріп, жанданып кетті. Сенат төрағасы 2018 жылғы 6 желтоқсанда – Әбіш ағаның туған күнінде Ұлттық академиялық кітапханада қаламгер ағамызды оқу залының ашылуына қатысып, сөз сөйледі. «Әбіш Кекілбаевтың әдеби әлемі шексіз дүние, көпқырлы, мағыналы мұра. Білімінің көбжигеі шексіз, бірегей тұлға, әрі жазушы, әрі әдебиеттанушы, ғалым, тарихшы, ойшыл, философ қана емес, мемлекетіміздің дамуына елеулі еңбек сіңірген көрнекті мемлекет қайраткері. Бұл – ұлы жазушылардың арасында өте сирек кездесетін құбылыс» деп ерекше айтты. «Жаңа жылдан бастап бұл жұмысқа кірісуіміз керек. Үкімет, тиісті әкімдерің қажетті жоспарларды дайындап, тиісті іс-шараларды қолға алады деп ойлаймын. Бұл бүкіл халыққа керек маңызды жұмыс», деді. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Президенті болып сайланғаннан кейін өңірлерге алғашқы сапарларының біріңде Маңғыстау облысына барды, Ақтауда сөйлеген сөзінде де жазушы тойының өзіне лайықты деңгейде өтетінін қадап айтты. Әбіш Кекілбаевты «қазақтың абызы» атады. Біздің кітабымыздың аты сол сөзден шығарылған.

Президент жазушының Маңғыстаудағы 80 жылдық тойына арнайы барды, қаламгердің ескерткішін де, қаламгер атын иеленген облыстық музейді де өз қолымен ашты, жазушы жерлестерінің алдында ақтарыла сөз сөйледі.

Әбіш тойы халқымыздың рухани өскендігін келісті көрсетті. Халқымыздың асылдарды ардақтай алатын, жақсының бағасын білетін, ұлыларды ұлықтайтын елдік деңгейге көтерілгенін дәлелдеді.

Үйренетін үздік үлгі

Ақселеу Сейдімбек кезінде («Біртуар», «Тұмар», 2009, №3): «Өз басым Әбіштей біртуар тұлғамен бір кезде ғұмыр кешіп, қатар жер басып жүргенімді тағдырдың сыйы деп білемін», деп айшықты айтқан еді. Ал осы жолдардың авторына Әбіш Кекілбаевпен замандас болу бақыты ғана бұйырған жоқ. Тұтас қырық жыл бойы інісі, пікірлесі, ниеттесі, әріптесі болу бақыты да бұйырды. Бірге жұмыс істеген кезім де бар, қарамағында жұмыс істеген кезім де бар. Одан кейін де ұдайы араласып-құраласып жүрдік. Қуанышта да, қайғыда да Әбіш ағамның жанынан табылдым, ондайда ағам да менің жанымнан табылды.

Алпысқа толып, елге барғанымызда мерейтой қонақтарын Әбіш ағам бастап жүрген. Фариза Оңғарсынова, Сәбит Оразбаев, Сейіт Қасқабасов, ең жақын достарым жанымда болып еді. Сол күндер қазір бір көрген тұс сияқты. Өң дейін десең, өзің де сене алмайсың. Түс дейін десең, сол күндер фотода да қалған, бейнетаспада да қалған. Өйтеуір, сол күндер менің мына жарық жалғандағы ең бақытты күндерімнің бірі екені күмәнсіз. Оны да маған бірауыз шақыруымды қабыл алып, Әбіш ағам сыйлаған болатын.

Облыстық театрдағы марапат кешінде әзіл-шынымды араластырып, шамамен былай деген едім:



Сауытбек Абдрахманов

«Осында сөйлеген кісілер мені өмірден өз жолым дұрыс таба білген деп жатыр. Көңілдеріңізге рақмет. Адалын айтсам, мұның бәрі Әбіш ағамның арқасы... Қалай дейсіздер ғой? Былай. Университеттің бесінші курсыңда мемлекеттік кинокомитетке жұмысқа шақырылдым. Бірер күн екіойлы жүрдім. Журналистиканы оқып, өз кәсібімнен бас тартып, басқа салаға ауысқаным қалай болады? Сонда ойым «Қазақфильм» киностудиясының бас редакторы Әбіш Кекілбаев екені түсті. «Әбіш Кекілбаев кинода жүрсе, демек, бұл ұсыныс дұрыс болғалы тұр ғой, ондай кісі ненің не екенін біледі ғой», деп ойладым. Бір жылдан кейін «Социалистік Қазақстанға» шақырылдым. Енді «Әбіш Кекілбаев қаламгерлік жолым газеттің редакциясынан бастап еді ғой, демек, бұл ұсыныс дұрыс болғалы тұр ғой», деп ойладым. Редакцияда он екі жыл жұмыс істегеннен кейін партияның Орталық комитетіне шақырылдым. Енді «Әбіш ағам ЦК-да он жыл отырып еді ғой...» деген ой келді. Орталық комитеттің аппаратында, Президент Әкімшілігінде сегіз жыл жұмыс істеп, Мәдениет министрінің бірінші орынбасарлығына шақырылдым. Енді «Ол қызметті Әбіш ағам атқарып еді ғой, оның үстіне дәл сол кабинетте отырды екенім» деген ой келді. Біраз жылдан кейін «Егемен Қазақстанды» басқаруға ұсыныс жасалды. Енді «Ол газетті Әбіш ағам басқарып еді ғой» деген ой келді... Көріп отырсыздар ғой, осылардың ешқайсысын да мен өзімің ақылым асқандықтан жасаған жоқпын, менің бар білерім – бәрін Әбіш ағам білетінін білгендігім ғана... Театрдағы жұртшылық күліп, қошеметтеп жатыр. Кейіннен Парламент депутаттығына түсу жөнінде ұсыныс жасалды. Сонда маған «Әбіш ағам Парламентке депутат болып еді ғой...» деген ой келді... Маған осының бәрі тектен тек қиоласпағанды көрінеді. Қайткенде де ес білгелі Әбіш ағам қаламгер ретінде де, қайраткер ретінде де, адам ретінде де алдыма ұстап, үйренерлік үлгі тұтып келгенім анық. Үлгі тұтып өтетінім де анық.

Үлгі үйренем дегенге Әбіш Кекілбаев – өзгеше өнеге.

2003 жылы, ол кезде Ақпарат министрі едім, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында 100 томдық «Әлем әдебиеті» сериясын жасақтауға кірісетін болдық. Әбіш ағамен ақылдасып, алдынан өтіп алайық деп, министрліктің департамент директоры, жазушы Әлібек Асқаров екеуіміз үйіне бардық. Сонда Әбекең айналасы үш сағаттың ішінде (Клара апайдың біз барысымен қазанға салған еті білкіш пісіп болғанша) адамның аузынан көркем сөз шыққалы бергі ежелгі замандардан бүгінгі күнге дейінгі әдебиеттің бар асылын ағыл-тегіл ақтарып өтті. Қай заманда, қай қоғамда қандай тізгінзді туындылар дүниеге келді, олардың қайсысының қымбат қасиеті қандай, 100 томдық тізімге кіргізуге кімдердің нендей шығармалары лайықты, олардың қайсылары бұған дейін аударылған, аударылса қалай аударылған, қайсылары аударуға лайықты, аудармашылыққа, бұрын аударылған дүниелердің арнаулы редакторлығына кімдер лайықты деген сияқты қат-қабат мәселелерді бәрін дәуірі, ағымдары, жанрлары, авторлары, елдері бойынша жіпке тізіп, айтып шықты. «Бунинді бөліп-жармай, Қалиханға тұтас беру керек. «Соғыс және бейбітшілік» Төлен, «Тынық Донды» Дулат үстіне қайта қарағаны жөн, солардың оң жамбасына келеді» деген сияқты нақтылап та көрсетті, әлемдегі былайғы жұрт аса жоғары бағалап, тіпті Нобельді берсе де қазақ құрманының дүниетанымды, ділі қабылдай қоймайтын кітаптарды аударудан бас тартуды да ұсынды. Мұнан соң басқа да жазушыларға сауал салып, әркімнің өзінше 100 томдық әлем әдебиетінің тізімін жасап шығуын сұрадық, сол бойынша кәдімгі бір рейтинг белгілеп, түпкілікті шешім бекітті. Кейіннен сараптап қарасақ, сол 100 томға Әбекең атаған туындылардың тоқсаннан астамы кірген екен. Демек, ағамыз бүкіл әлем әдебиетін жаңақтай шағады. Адамзат ардақтайтын көркем шығармалардың бәрін оқыған. Бәрін тоқыған. Өзегінен өткізген. Егер біз сол серияны 200 томдық етіп белгілеп, Әбекеңнен 200 шығарма саралап беруге көмек сұрасақ та, нәтижесі шамамен солай боларына күмәнданбаймын. Тіпті бар ғой, мысалы, «Әлемнің үздік 100 тарихшысы» деген серия ойластырыла қалып, солардың 100 кітабын іріктеп алу керек болса, Әбекең ол тізімді де ауызша-ақ түзіп шығатынына шәк келтірмес едім.

Бір түнде туған трактат

Замандастары айтатын төрт қасиеті – дарын қуаты, ұшан-теңіз білімі, тынымсыз ізденісі, алапат жұмыс

қабілеті біз өзіміз көре қалған Кекілбаев феноменін дүниеге алып келді. Ең алғаш таңырқағаным еске түсіп отыр. 1975-1980 жылдары «Социалистік Қазақстанның» әдебиет және өнер бөлімінде жұмыс істедім. Бөлім меңгерушісі – Ақселеу Сейдімбек. Кеңшілік Мырзабеков екеуіміз – әдеби қызметшілерміз. Бір күні Ақселеу Толстойдың 150 жылдығына орай мақалаға кімге тапсырыс берген жөн болатындығы жөнінде ақылдасып, «Ақа, Толстой туралы сөзді ешкім Әбіштен артық айта алмайды», дедім. Кеңшілік мені қолдады. Сол арада-ақ Ақселеу телефон тұтқасын көтеріп, Әбекеңмен сөйлесті. Ол кісі бірден-ақ келісті. Бұл шамамен сағат 3 немесе 4-тің маңайы болар. Ертенінде түстен кейін Әбекең телефондайды: «Ақселеу маған бір мақалаға тапсырыс беріп еді, соны жазғаным, сендерде тергізу оңай ғой, алып кете аласың ба?» деп... Әбіш аға ол кезде Орталық комитетте көркем әдебиет секторының меңгерушісі. Бір тәулікке жеткізбей жазып тастапты. Газеттің бір бетіне лайықталған мақаланы. Толстой туралы мақаланы! Және қандай мақала десеңізші! Трактат кәдімгі. Бір түнде туған трактат. Кейін осыны Ақселеу талай жерде таңдай қаға айтумен жүрді.

Табиғат сыйлаған дара дарынына бойына топырақтан қалың жұққан азаматтық мәрттік пен рухани сахилықты, өзгенің табысына тек қуанатын кенпейілдікті, адамдық болмысының ең басты сипаты деуге болатын жанқиярлық жанашырлықты, елдіктің қай ісін де мойынға таңылған қамыт деп емес, өмірдің әдеуметтік мәні деп білетін азаматтық жауапкершілікті, кемеліне келген ұлттық сананы, терең білімпаздықты, қоғамдық белсенділікті, оқығанын, тоқығанын ұмытпайтын ғажайып жадын, өнері кісілігіне, кісілігі өнеріне сай сарабалды сырсыздықты қоссаңыз, Кекілбаев кемелгерлігінің сыры ашыла түседі. Бұған ол өмір сүрмен жиырмасыншы гасырдың оқиғалар қалыңына да, олардың шарпысуына да толы, ағы мен қарасы, жақсысы мен жаманы қойындасып кеткен, адамзат тарихындағы аса бір күрделі гасыр болғанын, сол гасырдағы идеалдар мен идеялардың керемет кескілестері оның жанын жаралап баққанын, тұлғасын дараалап та, саралап та шығарғанын, ең бастысы – жасы елуге жаңа келіп, ақылы мен дарыны әбден шарпысына толған шағында туған елі Тәуелсіздік алып, өзіне де, сөзіне де қоғамдық сұраныс пайда болғанын қоссаңыз, жазушыдан, сыншыдан, ақыннан, драматургтен, публицисттен көрнекті мемлекет қайраткері, саңлақ саясаткер шығуының себебі айқындала түседі.

Сайын Назарбекұлының «Менің Әбішім» деген тамаша кітабынан оның бала күніндегі көрмеген жұрт сенбейтіндей қасиеттерінің, іс-әрекеттерінің талайын оқимыз. «Сабырлығы, кісі көңілін жықпайтын кішіпейілдігі, қанағат сезімінің молдығы, кісі жанының ішкі құбылыстарын түсінгіштігі, ал, меніңше, осы мінез-қасиеттерінің ішінде оның сұртілмес жады тым ерекше», дейді мектептес дос. «Сұртілмес жады»... Әбіштің жады тұмысынан ерекше болғанына ауылдастарының, мектептестерінің бәрі де күәлік ете алады. Шынында да, бала Әбіштің алабеттен зеректігіне таңғалау қиын. Мысалы, алтыншы класс баласының Маңғыстаудың мұнайын зерттеуші экспедицияға жол көрсетуші болып, әр жаз сайын екі ай бойы жүруіне, солармен сөйлесуіне, солардың алып келген кітаптарын оқи-оқи орыспасын әбден ұстартып алғанына, тіпті бара-бара ауыл мектебі шәкіртінің Мәскеудің газеттеріне жаза бастағанына не дер едіңіз? Немесе сол алтыншы класта Кеңес Одағының Батыры, әйгілі «Қазақ солдаттығын» кейіпкері Қайыргали Смағұлшев кездесу ұйымдастырып, жиналған жұрттың алдында бір жапырақ қағаз ұстамай, қолын оңды-солды сермеп қойып, ағыла сөйлеп тұрғанына не дер едіңіз? Мектепте жүргенінде баласы қайтас болған ананың қолында билеті бола тұра ұшақтан қалдырылып, орнына ұшқыштың танысы мінгеніне назаланып, «Комсомольская правда» газетіне ашына хат жазуына, қаралы анандан кешірім сұрауын талап етуіне, сол бойынша ұшқыш кешірім сұрап, облыстық әуе тобының басшылығы оны осы әдепсіздігі үшін ұшу құқынан бір жылға айырғанына не дер едіңіз? Сегізінші класс баласының өзі оқыған орысша романның қазақша бір повестен аумайтынын анықтап, екі шығарманы бет-бетімен, сөйлем-сөйлемімен салыстырып, әшкерелеуші мақала жазуына, осының «Лениншіл жасқа» шығарып, әдеби ортада әбден шулыған жасағанына не дер едіңіз? Қатарынан озған ондай қабілеттері университетке түскен бетінде одан сайын ашылып, үшінші курста жүргенінде Мұхтар Әуезовтен сұхбат алғанын, жазушының Әбіш басқаратын әдеби бірлестікке келіп, «Жыл келгендей жаңалық сеземіз» деп аталған әйгілі сөзін айтуға себепкер болғанын, қаламгерлердің басқа бір орнында да суырыла сөйлеп, онысына ұлы Әуезовтің орнынан тұрып қол соққанын кезінде бүкіл Алматының зиялы қауымы ауыздан-ауызға таратып әкеткен.

Не айтары бар, Әбіш туралы әңгіме таусылмайды. Тізіңді амаалысы тарта тұрайық та, қаламгер тойына жасай алған төл тартуымызды жеткізумен сөзімізді түйіндейік.

Жазушының 80 жылдығына біз «Абыз Әбіш» атты кітап шығарған едік. 85 жылдығына Мәскеудің атақты «Художественная литература» баспасынан «Корифей» кітабын шығарып жатырмыз. Сөздің ыңғайы келіп тұрғанда басшылығма демеуші болған қазақстандық-ресейлік «Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС бірлескен қаспорның бас директоры Андрей Решетневке алғыс айтып алуды, сонымен бірге мақалаға қосым кітап мұқабасының суретін жариялауды артық көрмедік. Баспаңың басшысы, қазақ әдебиетінің үлкен досы Георгий Прякин бізге жазған хатын: «Повторяю, вещь сербская, фундаментальная, ты действительно окончательно «легализуешь» Абеке в положение национального, и не только национального, корифея» деп бітіріпті. Яғни сөз қадірін білетін жұрт Әбіш Кекілбаевтың әрі ұлттық әрі әлемдік алып екенін қазірден-ақ айтып жатыр.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымдарының докторы

ӨЗЕКТІ

Деректер базасын интеграциялаумен іс біте ме?

Денсаулық сақтау саласын цифрландыру медицинада кеше, бүгін айтылып, іске аса бастаған бағыт емес. Осыған дейін талай тәжірибе пысықталды, енгізілді. Мемлекеттік болсын, мейлі жеке болсын ақпараттық жүйелер жетіп-артылады. Бірақ соның өзі саланы дұрыс басқарып, бақылауға, медициналық көмектің сапасын арттыруға жеткіліксіз болып тұр. Пациенттер тиісті медициналық көмекті дер кезінде алмаса, дәрігерге қаралу үшін емханаға жүз барса, сапасына көңілі толмаса медицинаны тиімді деп айтуға келе ме?

Сәндібек АСАНӨЛІ,
«Egemen Qazaqstan»

Бөлінген қаржының тиімділігі байқалмайды

Денсаулық сақтау саласындағы цифрландыру әріден басталады. Осыдан шамамен 11 жыл бұрын «Ақпараттық Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасының ережелерін назарға ала отырып, электронды денсаулық сақтауды дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілген еді. Тұжырымдаманың құмыры баянды болып, «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында қолдау тапты. Беріде денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалғасты. Медициналық ұйымдарды қағазбастылықтан арылтуға көңіл бөлінді. Цифрландыруға, салаға жасауды интеллектіні енгізуге Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі де араласты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев денсаулық сақтау жүйесін цифрландыруды, деректер базасын интеграциялауды осыған дейін жауапты министрлікке ескертіп, тапсырма берген еді. Биылғы Жолдауда Президент тағы да ақпараттық біріншілік дерекқорын құру, салаға бөлінген қаржының тиімділігін арттыру мәселесін атап өтті.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілуі денсаулық сақтау саласына қосымша ресурстар әкеліп, жекеменшік медицинаға зор пайдасын тигізді. Биыл денсаулық сақтау саласына бюджеттен 3,3 триллион теңге қаржы бөлінді. Бірақ оның нәтижесі әлі көрініп жатқан жоқ. Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасында міндеттердің дұрыс бөлінбеуі бұрмаланған ақпараттың көбеюіне әкеп соқтырды. Науқастарға мемлекет кепілдік берген қызметтерді ақылы негізде алуы немесе бірнеше ай бойы кезек күтуді ұсыну жайттары аз емес. Бұған жол беруге болмайды. Бюджеттің мүмкіндігі мен міндеттемесін ескере отырып, мемлекет кепілдік беретін медициналық көмектің біріншілік базалық топтамасын жасау қажет. Ал одан асып кеткен шығынның бәрі сақтандыру жүйесі арқылы төленуі тиіс. Цифрландыру болмаса, мұндай ауқымды өзгерістерді сәтті жүзеге асыру мүмкін емес», деді Президент.

Мемлекет басшысы біріне-бірі байланыс жоқ ондаған бағдарлама мен ақпараттар базасының орнына біріншілік мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесін жасауды ұсынды. Жаңа жүйе, меншік түріне қарамастан, мемлекеттік тапсырыс алатын медицина мекемелерінің бәріне толық бақылау жасалуын және мәліметтердің шынайы болуын қамтамасыз етуі қажет. Президент Үкіметке осы мәселені реттеуге дереу кірісіп, бұл бағыттағы

жұмыстың барысы жөнінде өзіне және депутаттық корпусқа есеп беруді тапсырды. Жолдауда Қасым-Жомарт Тоқаев білікті медицина мамандарының тапшылығына, медицинадағы білім сапасына, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктеріне қатысты түйткілдерді де атады. Бірақ ол – бөлек тақырып.


Үнемдеудің қандай жолы бар?

Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетовке тақырыпқа қатысты сауал қойғанымызда, ол цифрландыру арқылы саладағы барлық мәселе шешілмесе де, бірқатары реттелетінін алға тартты.

– Салаға цифрландыру керек деп жатырмыз. Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесі медицинадағы бүкіл кемшіліктің орнын толтырмайды. Бірақ сол арқылы қаражаттың нысаналы, яғни дәл сол емшараға, дәл сол пациентке жұмсалғанын көріп, біле аламыз. Бәрінің сұрауы болады. Қазір де медицинаға аз қаржы қаралып жатқаны жоқ. Келер жылы да бюджет қысқармайды. Бірақ соның тиімділігі төмен болып тұр. Енді қаражатты тиімсіз қарастырылған бағыттардан алу керек. Дәрі-дәрмектің бағасы бойынша дұрыс саясат жүргізу қажет. Қажеті шамалы зерттеулерді азайтуға болады. Сондай-ақ министрліктегі керексіз өзге шығындар азайтатын жөн. Мысалы, бір медициналық талдаудың өзін бірнеше рет тапсыратын сәттер болады. Қарап отырсақ, ол да шығын. Дәрігерге барған уақытта бір, порталға тіркелгенде екі, кейін ауруханаға барып жатқанда үшінші мәрте анализ тапсырамыз. Бұл айналып келгенде шығын. Үнемдеу арқылы жарты триллионға дейін ақша табуға болады. Оның еш қиындығы жоқ. Егер ақша жетпейді десе, ақша табудың жолдары өте көп. Біз тиімділікті арттырудың орнына, ауыр дертке шаддыққан науқастардың емінен қаражатты жырып жатырмыз. Денсаулық сақтау министрлігі қаражат жетпейді десе, онда қаражат көзін басқа жолмен іздеуі керек. Бірінші кезекте өздерінің хаттамаларын қайта қарағаны жөн. Қазір салада қаражат кеміген жоқ. Алайда отандастардың 67 пайызы көрсетіліп жатқан медициналық көмекке қанағаттанбайды. Салаға деп бөлінген қаражат өседі, бірақ сапаға көңіл толмайды. Егер жұмысты дұрыс жолға қойса, бір арнаға түсірсе, онда біраз мәселені реттеуге болады, – дейді А. Аймағамбетов.

Медициналық көмектің пакетіне өзгеріс енеді

Мемлекет басшысы айтқандай, салаға бюджеттен, МӘМС-тен, яғни тұрғындардың жарнасынан түскен қаражат тиімділігін көрсетіп отырған жоқ. Еміне шипа іздеген науқастардың арасында мемлекет кепілдік берген қызметті ақылы негізде алу фактілері анықталып тұрады. Содан



Коллаж жасаған – Комиссия ШЕЖИМ-ІІ, «ЕЖ»

Қазір салада қаражат кеміген жоқ, Алайда отандастардың 67 пайызы көрсетіліп жатқан медициналық көмекке қанағаттанбайды. Салаға деп бөлінген қаражат өседі, бірақ сапаға көңіл толмайды. Егер жұмысты дұрыс жолға қойса, бір арнаға түсірсе, онда біраз мәселені реттеуге болады

соң пациенттер апталап күтетін кезек, бір маманнан екінші маманға сабылу сынды кедергілермен бетпе-бет келіп жүр. Дәрігерлердің біліктілігіне, медицина мамандарының артық жүктеме-сіне қатысты да түйткілдер бар. Сайып келгенде, медициналық көмек сапасы көңіл көншітпей тұр. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова елдегі телеарналардың біріне берген сұхбатында медициналық көмектің сапасына қатысты түйткілдерге тоқталған еді.

«Денсаулық сақтау саласына МӘМС жүйесінің енгізілігіне 4 жыл болды. Бұл қадам салаға қосымша қаражат алып келді. Кейінгі үш жылда қаржыландыру көлемі 2,5 есе өсті. Сәйкесінше, көрсетілген медициналық қызметтердің де саны артты. Небір емі күрделі ауруларға жоғары технологиялық операциялар тегін жасалды. Медициналық көмектің сапасына, қолжетімділігіне қатысты мәселелер барын білеміз. Медицинада қаражат та бар. Бірақ оның тиімділігі біз күткендей болмады. Тұрғындар қазір осыны сезініп отыр. Президент 7 ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында медициналық көмек пакетін қайта қарау бойынша тапсырма жүктеген еді. Соның негізінде министрлік медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қоса, МӘМС пакетінде көрсетілетін қызметтер тізімін әзірледі. Мұның ішінде әлеуметтік маңызы бар ауруға шаддыққандар анықталса, оған сақтандыру пакетіне қарамастан, медициналық көмек көрсетіле

береді. Сондай-ақ қазір біз онкологиялық ауруларға скринингтерді МӘМС пакетінен алып, мемлекет кепілдік берген медициналық көмектің тізіміне қосуды ойластырып жатырмыз. Басты мақсатымыз – бюджеттен қаралған және сақтандырылған азаматтардың есебінен түскен қаражаттың тиімділігін арттыру болып тұр», деді А. Әлназарова.

Жалған құжат толтыратындарға жаза қатал

Бүгінде медициналық көмектің сапасына, көрсетілген қызметтің растығына қатысты мониторинг жүргізіледі. Өкінішке қарай, сол мониторинг жалпы көрсетіліп жатқан медициналық көмектің 10 пайыздан астамын ғана қамтитын көрінеді. Демек емшаралар бойынша жалған құжат толтыру фактісі ресми ұсынылған статистикадан әлдеқайда көп болуы мүмкін. Бүгінде дәл осындай жалған құжат толтыру бойынша 46 мыңға жуық заң бұзушылық анықталыпты. Алайда осы күнге дейін жалған жазба арқылы шығын келтірген медициналық мекемелер жазадан оңай құтылып келген. Енді министрлік мұндай берекесіздікке жол бермеуді көздеп отыр.

«Жалған құжат толтырумен айналысқан медициналық ұйымдар осы күнге дейін қатаң жазаланбады. Тек бірреттік айыппұлмен құтылатын. Енді біз қыркүйектен жалған жазбаларға қатысу бар деген медициналық ұйымдарды тыңғылықты тексере бастадық. Ол

ұйымдардың тізімі бар. Біз енді қатаң шара қабылдауға көшіп, өрескел заң бұзған ұйымдардың лицензиясын кері қайырып, істі құқық қорғау органдарына тапсыру жағын да қарастырамыз. Тек айыппұлмен шектелмейміз. 2025 жылдан бастап мұндай мекемелердің қызмет көрсетуіне рұқсат берілмеуі керек деген мәселені де ойластырып жатырмыз. Жыл соңына дейін қатаң тексеру жүргіземіз. Талапты қатаңдатамыз. Жалған құжат толтырудың жолын кесуге цифрлық технологиялар септеседі. Бүгінде Астана қаласындағы республикалық емхана базасында науқастарға медициналық қызметтерді көрсету фактісін растайтын Face-ID бойынша қанатқақты жобаны бастадық. Жоба аясында науқастар Face-ID және веб-камера көмегімен жеке басының сәйкестігін нақтылайды. Жыл соңына дейін біз қанатқақты жобаны Астана қаласы бойынша іске асырсақ, қаңтардан бастап ауқымын кеңейтіп, оны бүкіл республика бойынша таратуды жоспарлап отырмыз. Жалған құжат толтыру фактісін осылай жоюмыз», дейді министр.

Бірыңғай жүйе біраз шаруаны реттейді

Бүгінде Денсаулық сақтау саласында министрліктің өзінде 17-ден астам ақпараттық жүйе бар болса, осыған жекеменшік ақпараттық жүйелерді қоссақ, тіпті көп. Олардың басым бөлігі интеграцияланбаған. Деректер базасы интеграцияланса, медициналық қызметтерді көрсету фактісін растайтын Face-ID барша медициналық ұйымға енгізілсе, жалған құжат толтыру фактілерін анықтауа болатынын айттық. Осылайша, медициналық көмекке қарастырылған қаражат нысаналы, мақсатты жұмсалды. Қаржы үнемделеді. Ол қаражат саланың басқа да ақсап тұрған бағыттарына жетіп жатса, құба-құп. Медициналық көмектің қолжетімділігі артады. Цифрландыру арқылы дәрігерлердің де уақытын үнемдеуге мүмкіндік туады. Өйткені қазір кейбір жағдайларда дәрігер бір ғана пациентке медициналық көмек көрсету үшін шамамен жарты сағат уақыт жұмсауға мәжбүр. Мұнда дәрігердің уақыты түрлі ақпараттық жүйелерде деректерді толтырумен-ақ өтіп кететін сәттер кездеседі. Министрлік осы туралы да қаперге алып, жағдайды реттеу үшін мемлекеттік органдармен қатар, жекеменшік ұйымдармен жұмыс істеуге кіріскен. Яғни Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерін коммерциялық медициналық ұйымдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау ісі жолға қойылды. Одан бөлек, министрліктің ішкі ақпараттық жүйелері де интеграцияланады. Есе-сене, пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің ашықтығы сақталады. Бір сөзбен айтқанда, цифрландырудың шарапаты тұралаған бір ғана емес, бірнеше бағытты ілгерілетуі керек. Медициналық көмектің қолжетімдігін арттырып, сапасын жақсартуға серпін беруге тиіс. Деректер базасын интеграциялаумен саладағы мәселелер түбегейлі шешілмесе де, шпайратын тәрізді. Енді кезде электронды үкіметті дамыту бойынша әлемдік рейтингте 24-орын алып отырған елге бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпарат жүйесін кейінге қалдыра беру жарамайды.

Жедел жәрдемге мұқтаждық көбейіп тұр

Батыс Қазақстан облысында биыл жедел медициналық жәрдем шақыртушылар саны көбейіп тұр. Осы жылдың сегіз айында жедел жәрдем стансасына 230 мыңға жуық қоңырау соғылыпты.

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Бұл ақпаратты хабарлаған облыстық жедел медициналық жәрдем стансасының директоры Серік Орынбасаров өңірде медициналық жәрдем шақыртулар 5,5%-ға өсіп, олардың саны 229 097 болғанын айтады.

Әдетте, стансаға соғылатын қоңыраулар 4 санатқа бөлінеді. Есінен тану, жүрек ритмінің бұзылуы, тыныс алу қиындауы, құрысу, ауыр жаракаттар, қан кету және т.б. жағдайлар шұғыл көмекті талап етеді. Оларға «103» бригадалары жедел аттанып, норматив бойынша 10 минуттан 30 минутқа дейін жетіп, көмек көрсетеді.

Орал қаласында жедел жәрдем қызметіндегі әрбір бригада бір тәулік ішінде орта есеппен 16-17

шақырту алып, жолға шығады екен. Ал ауылдық жерде тәулігіне 8-9 шақырту түсетін көрінеді.

– Бізге хабарласатын науқастардың 26,3%-ы – тыныс алу органдарының ақауы бар науқастар болса, қан айналымы жүйесі сырқатына шаддыққандар барлық шақыртудың 22,6%-ын құрайды. Сондай-ақ неврологиялық аурулар – 10,4%, жаракаттар мен жазатайым оқиғалар – 7,4%, жұқпалы дерттер – 5,7%, асқазан-ішек аурулары – 4,6%, хирургиялық сырқаттар – 3,6%, акушерлік-гинекологиялық аурулар – 3,0%, зәр шығару жолдарының ауруы – 2,6% болып тұр, – дейді С.Орынбасаров.

Өңірде жер-жерлердегідей, қатты алаңдатып отырған бір мәселе – жол-көлік оқиғаларының өсуі. Полиция департаментінің мәліметіне қарағанда, 8 ай ішінде 698 жол апаты тіркелген. Осының

салдарынан 64 адам қаза болып, 981 адам түрлі дәрежедегі жарақат алған.

«Көп жағдайда көлік жүргізушілері тарапынан жол ережесі тәртібі сақталма бермейді. Жүргізушілер арнайы көлікке жол бермейтін жағдай жиілеп кетті», дейді жедел жәрдем стансасының басшысы.

Осыған орай биыл тамыз айында өңірлік денсаулық сақтау басқармасы «Жедел жәрдемге жол бер» атты арнайы акция өткізуге мәжбүр болған. Акцияға «103» бригадасымен бірге жолпатрульдік полициясы, БАҚ өкілдері қатысты. Рейд барысында дыбыстық және жарық сигналдары қосылған жедел медициналық жәрдем көлігіне жол бермейтін көлік жүргізушілері анықталып, жазаға тартылды.

Несін жасырайық, соңғы кезде медицина саласына сын айтушылар да аз емес. Соның бірі – мамандардың біліктілігі мәселесі. Батыс Қазақстан облысында біраз жылдан бері медицина кадрлары жетіспейді. Кадр тапшылығын жою үшін

жергілікті билік кешенді шараларды қолға алған. Олар – дәрігер мамандарын даярлау үшін облыс әкімінің гранттарын тағайындау, медицина мамандарына арналған әлеуметтік жеңілдіктер. Сонымен бірге өңірдегі бар медицина персоналының біліктілігін арттыру да үнемі жүргізіліп келеді.

Мысалы, жедел медициналық көмек көрсету сапасын арттыру мақсатында станса қызметкерлері арасында ауруханаға дейінгі кезеңде (BLS, ACLS PALS, PHTLS) медициналық көмек көрсетудің халықаралық стандарттары бойынша 2 жыл сайын оқу-тәжірибе жұмысы ұйымдастырылып тұрады.



Батыс Қазақстан облысы

АЛАҢДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

Балаларды бүлдіргі кеңістіктен қалай қорғаймыз?

Күні кеше Алматыда тағы бір отбасы баласынан айырылып, қара жамылды. Бұл соңғы екі аптада болған жетінші қайғылы жағдай. Өткен аптада 2 оқушы қыз белгісіз жағдайда көпқабатты үйдің төбесінен құлап, осы жағдайдың ізін ала тағы бір жасөспірім көз жұмды. Қазіргі кезде қоғамды алаңдатып, ата-аналардың үрейін ұшырған қайғылы жағдайдың себептерін Ішкі істер департаменті тексеріп жатыр. Деректерге сүйенсек, жыл басынан бері елімізде 134 бала өз-өзіне қол жұмсаған.

Эльвира СЕРІКҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Әлеуметтік желіде қауіпті ойындар

Мектеп оқушыларының өз-өзіне қол жұмсау фактісін мамандар интернет кеңістікте кең таралған ойындармен байланыстырып, балаларды ерекше бақылауда ұстауды ескертіп отыр. Қауіпті ойын жайында біраз уақыт бұрын ата-аналар чаттарында кең тарала бастағаны белгілі. Қосымшадағы ойындар баланың психикасын бұзып, өз-өзіне қол салуға дейін апаратын көрінеді. Әсіресе ұялы телефон арқылы тарайтын «Schoolboy Runaway» ойыны қауіпті дейді мамандар. «Schoolboy Runaway» қосымшасында бала ата-анасынан жасырынып, қаша беруге мәжбүрлейді. Ақыр соңында биіктікке шығып, секіріп кетуге тиіс. Мұндай ойындар баланың психикасын бұзып, өз-өзіне қол салуға итермелейтін көрінеді. IT мамандар әлеуметтік желілерде кең таралған «Разбуди меня в 4:20», «Море китов», «Синий кит», «Красный дельфин», басқа да ойындардың қауіпті екенін айтып, балалар қауіпсіздігіне өте сак болуын ескертіп отыр. Ал мамандар бұл ойындарды басқарып отырған кураторлардың психикалық ауытқуы болуы мүмкіндігін жоққа шығармайды. Бүгінде балаларды деструктивті кеңістіктен қорғау үшін жай ғана бақылау жеткіліксіз, оларға тәулік бойы жақындарының қамқорлығы қажет.

Балақұқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиеваның айтуынша, күніне 2 бала суицид жасауға әрекеттенеді екен. Барлық жағдайдың 35 пайызында оның себептері анықталмаған. Ал қалғанында өзін жалғыз сезінуі, ата-ана және туған-туыстарымен қарым-қатынасы, мектептегі буллинг себеп болған. Жыл басынан бері суицидті насихаттайтын 22 фактіні анықталып, 19-ын жойған. Зорлық-зомбылық туралы хабар тарататын 157 интернет-ресурстың 56-сы бұғатталған. Қазіргі кезде балаларды буллинг пен зорлық-зомбылықтан қорғау үшін қауіпсіздік сабақтары енгізіліп, «Кива» бағдарламасы қанатқақты режимде іске қосылды. Оқу-ағарту министрлігі келесі жылы мектептердегі психолог жетіспеушілігін шешіп, 500 балаға 1 маманнан бекіту мәселесін қарастырып жатыр.

Өзінің телеграм-арнасында сарапшы Нұркен Халықбергелі «TikTok» платформасы балалар мен жасөспірімдердің психикасына қауіпті әсер етуі мүмкіндігін айтады. Оның пікірінше, бүлдіргі ақпаратты тарататын әлеуметтік желі тексерілмеген. Осы орайда сарапшы «TikTok»-ты пайдалануға уақытша мораторий енгізуді ұсынды. Осыған байланысты халықаралық зерттеулерден мысалдар келтіріп, «TikTok» сияқты платформаларды шамадан тыс пайдалану жасөспірімдердің эмоционалды жағдайының нашарлауына,

мазасыздықты, депрессияны тудырып, тіпті суицидтік ойлардың қалыптасуына ықпал ететінін атап өтті. Мысалы, Мельбурн университеті психологтерінің зерттеулері жасөспірімдердің «күйзеліске және жалғыздық сезіміне» ұшырайтынын көрсетеді.

Балаларға ата-ананың жыды жетіспейді

Психология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ қауымдастырылған профессоры, практик-психолог Бақыт Жігітбекова балалардың өзине қол салу себептерін былайша түсіндірді.

Қоғамда орын алып отырған кез келген жайт баланың санасына тез әсер етеді. Қазіргі отбасылардың көпшілігінде балалар материалдық қажеттілікке мұқтаж емес. Көптеген отбасында эмоционалды жылулық жетіспейді. Ата-аналары жұмысбасты, несие төлеу үшін жұмыстан қолдары тимейді. Алматы сияқты ірі қалаларда көлік кептелісінің өзі ересектерді қажытып жібереді. Осындай жағдайда бала қарайтын мүмкіндік жоқ. Үйде отырған ата-ананың өзі балаға көңіл бөлмейді. Көбісі телефонда интернет саудасын жасап жатса, енді бірі баладан оқшау кеңістікте, әлеуметтік желіде отырғанды жөн көреді. Ата-аналардың көбісі бала тәрбиелеудің жолын біле бермейді. Жаңа технологияларды дұрыс меңгермегендіктен, ұялы телефондағы әлемді де бақылауға қауқарсыз.

Осы орайда профессор балалардың аяқасты өлімінің астарында үлкен әлеуметтік-экономикалық, психологиялық себеп-салдар жатқанын алға тартты. Біріншіден, қоғамда агрессиялық іс-әрекет көбейіп барады. Жүртшылықтың биікке наразылығы басым. Жемқорлық фактілері, билік өкілдерінің жауапсыздығы да қоғамда келеңсіз жайттардың орын алуына себепші болып отыр. Оның салдарынан жастардың болашаққа сенімі азайған. Мүмкіндік туа қалса, шетелге кетіп қалғысы келеді. Ал балалардың, жасөспірімдердің бос уақытында айналысатын ісі жоқ, араласатын ортасы кем. Сондықтан олар жайлы қарым-қатынасты «TikTok» сияқты әлеуметтік кеңістіктен іздейді. Әлеуметтік желі бала түгілі, ересектердің санасына дендеп еніп барады.

– Бүгінде баласына мейірім бере алмай отырғандардың көпшілігі – өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары туғандар. Сол кезеңде елдегі қиыншылыққа байланысты олардың ата-анасы тіршіліктің қамымен кетті де, баласына жүрегінің жылуын бере алмады. Міне, оның салдарын кейінгі 15-20 жылдан кейін тартып отырмыз. Осы кезеңде ұрпақтар арасындағы сабақтастық үзілді. Десек те, жақында Президент бастамасымен өткен Көшпелілер ойыны, мектептердегі ұлттық тәрбие сағаттарының қолға алына бастауы көңіле сенім ұялатады. Ал оның жемісін

алдағы 15-20 жылдан кейін көре аламыз, – дейді сарапшы.


Ер-азаматтардың рөлін арттыру қажет

Қоғамдағы кереғар әдеттердің белен алуының тағы бір үлкен себебі, ұлттық тәрбиенің, отбасындағы ер-азаматтар беделінің төмендеуінен дейді психолог маман. «Өз басым гендерлік саясатты қолдамаймын. Оның қазіргі қоғамға кері әсерін теріске шығаруға болмайды. Гендерлік теңдікке қоғам болып психикалық денсаулығымызды, материалдық жағдайымызды түзеп, төрт құбыламызды түгел еткенде ғана жете аламыз. Ендігі тәрбиені гендерлік саясатпен байланыстыру балалардың болашағына балта шабумен бірдей. Қазір балалар еліктейтін музыкада, дін, сән саласында да түрлі ағымдар көбейіп барады. «Бір жынысты» деген түсінік пайда болды. Осылайша, түрлі ағым жастардың санасын улап, тура жолдан адастырып жатыр», дейді профессор.

Иә, дәстүрлі қазақ қоғамында ұлттық тәрбиеге жоғары мән беріліп келгені белгілі. Қазақ қашанда қызын төрте оздырып, ұлын батыр етіп тәрбиелеген. Талай ұрпақ «Өкпен келе жатыр» деген бірауыз сөзге құлақ асып өсті. Соңғы уақытта белең алып отырған әскердегі білім ошақтарындағы әлімжеттік қоғамда белгілі бір дәрежеде тәртіптің, адам құндылықтарының төмендеп кеткенін көрсетеді. Осы орайда психолог Бақыт Жігітбекованың қоғамда ер-азаматтардың рөлін арттыруды ұлттық тәрбиенің ажырамас бөлшегі ретінде қарастыру қажет екенін айтады. «Президент тарапынан берілген тапсырмалар төменде басқа форматқа ауысып, уақытша сипат алмауы керек. Балаларымыз қауіпсіз қоғамда өмір сүрсін десек, телеарналарда ұлттық құндылықтарды насихаттайтын бағдарламаларды көбейту қажет. Қаралымы көп, жарнамасы жер жаратын бағдарламаларды азайтып, әлеуметтік желідегі жастар идеал тұтып жүрген инстажұлдыздарды мемлекет бақылауға алатын кез келді», дейді.

Психолог маман сонымен қатар қоғамда ұялы телефонды қолдану, әлеуметтік желілермен жұмыс істеу мәдениеті қалыптаспағандығына қызығды. Оның айтуынша, қоғамда өмірге өкпелі ересектер көбейген. Ал олар жанның рақатын әлеуметтік желіден іздеуге тырысады.

– Ендігі кезекте мектептегі тәрбие, білім беру жүйесін дұрыс жолға қою керек. Жапония мектептеріндегідей білім жүйесін дамыта отырып, балаларды еңбекке баулу сағатын өткізу уақыт талабынан туындайды. Балабақша, мектепте мандыққа баулу, Президент атап өткендей, жұмысшы мамандықтарын насихаттап, кездесулер ұйымдастырып, оларға марапаттар үлестіріп, беделін арттыру да өркеніетті қоғамның белгісі. Өйткені жоғары оқу орындарына түскен түлектердің көпшілігі дұрыс мамандық таңдамай келеді. Салдарынан оқу бітіргеннен кейін жұмыссыз жүруге, криминалдық әрекеттерге баруға мәжбүр болады. Қазіргі кезде мектептен тыс үйірмелердің көпшілігі ақылы, қарапайым отбасыларына қолжетімсіз, ал енді қолға



Коллажды жасаған – Әуреш СМННХІ, «EQ»

алынып жатқан «Даму бала» жобасының өзі формальды сипат алып барады, – дейді сарапшы.

Кәсіби маманның кеңесі керек

Балалар арасындағы өз-өзіне қол жұмсау деректерінің кең таралуына алаңдаушылық білдірген Сызғанов атындағы Ұлттық хирургия ғылыми орталығының медициналық психологі Айгүл Алтайқызы суицидке көбіне жүйке жүйесінде ауытқуы бар науқастар бейім келетінін атап өтті.

«Суицидке бейім науқастардың эмоциясы әлсіз, уайымшыл, меланхолик келеді. Бұл ауру жеті атаға дейін тұқым қуалайды. Тәжірибемде жасөспірімдер арасында суицид жасауға әрекет еткен балалармен жиі жұмыс істеуге тура келеді. Клиникалық зерттеулер барысында 17 жасында өзине бес рет қол салмақ болған жасөспірім болды. Зерттей келіп, аурудың тұқымында бар екені анықталды», дейді психолог.

Осындай мысалдардың бірнешеуін атап өткен маман суицидке барудың мынадай себептерін атады. Оның бірі, жүйке жұмысының бұзылуына байланысты болса, екіншісі, балалардың өсіп-жетілу шағында кездеседі. Осы өтпелі кезеңді ауыр қабылдайтындықтан, бала бойында қатыгездік пайда болады. Көбіне кикілжіңді ортада өскен бала жайлы орта ізден кетеді. Есейіп келе жатқан балаға ата-ананың қолдауы аса қажет. Бұл кезеңде әлеуметтік желі баланың психикасына тез әсер етеді. Қазіргі кезде желіде тараған ойындардың кері әсері көп. Осындай ойындардың бірінде әке-шешен ренжітсе, олардан қаш деген мазмұнда тапсырма бар. Үйден көрмеген жанның жылулығын әлеуметтік кеңістіктен іздейтін балалар қалайда бір жағдайға душар болады. Ол үшін ата-ана балаға мейірімін төгіп, сабағына қарап, денсаулығына алаңдағаны, күнделікті денесін тексеріп, оны не мазалайтынын сұрап отыруға тиіс. Ұлға – әкесі, бауыры, қызға – анасы жауапты болу керек. Уақытлы дәрігерге қаратып тұрған да артық болмайды. Бос уақытын қадағалап отыру да ата-ана міндеті. Ал мектеп тәрбиесінің жөні бір басқа. Бала өзине беймәлім әлемді таниды, еңбекке, ұжымда жұмыс істеуді үйренеді. Міне, осы жағдайда жаңа қалыптасып келе жатқан балаларға кәсіби мамандардың кеңесі өте қажет. Бүгінде мектепте психологтер жетіспейді. Медицина тәжірибесінде 35 науқасқа

1 психолог қажет болса, білім ошақтарында бұл көрсеткіш әзірге бала саны 700-1000 болатын мектептерде 1 психологтан ғана келеді. Балаға еңбектің мәнін, отбасына табыстың қалай келетінін түсіндіру қажет. Қажет болған жағдайда, баланы жұмысқа ертіп апару да артық етпейді. Егер балаға барлық жағдай жасалса, оны ешнәрсе қызықтырмайды. Балаларды үлкен ортада, көпшілік оқитын мектептерде оқыту оның жан-жағын тануына, жақсы мен жаманды ажыратуға ықпал етеді. Жаз айларында жеңілдеу жұмыс істесе, өз қаржысын үнемдеп үйренеді. Спортқа, музыкаға, сурет салуға баулу олардың толыққанды тұлға болып өсуіне оң ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Осы орайда балаларды мектептерге қабылдайтын кезде ата-аналардан сауалнама алып, суицидке бейімділік деректері анықталуы қажет, деген ұсынысын алға тартқан Айгүл Алтайқызы есепте тұрған отбасылармен психолог үнемі жұмыс істеуге тиіс екенін айтады. Мұнымен қоса балалар мен жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу үшін медициналық психологтер, психотерапевтерді мектептерге айына бір рет болса келіп, кеңес беруге тиіс. Осы орайда психолог маман, әсіресе бұл жағдайдың еліміздің оңтүстік өңірлерінде көп кездесетінін алға тартты. «Балаларының науқасын мойындағысы келмей, жасырып жүрген ата-аналар көбіне бақсы-балгер, емшілерге жүгінеді. Шөп-дәрімен емдеп, көп шығындалып, ақырында баланың ауруын асқындырып әкелетін жағдайлар жиі кездеседі. Ал оның салдары шишефренияға соқтырады», деп алаңдаушылық білдірді психолог маман.

Сарапшылар қоғамда ата-аналарды оқыту мәселесінде алға тартты. Педагогикалық, психологиялық білім жеткіліксіз болғандықтан, олар алфа ұрпаққа тәрбие беруде қиындықтарға тап болып отыр. Ол үшін мәселені мемлекеттік деңгейде қолға алып, білім ошақтарындағы мамандардың, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру керек. Қазіргі кезде агломерациялардың ұлғаюы, мектептер жетіспеушілігі, балалардың өз үйінен қашықта білім алуы, уақтылы тамақтанып, қосымша білім алып, үйірмелерге қатысуын қиындатып жатыр. Осы орайда балаларға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру қоғамға үлкен міндеттер жүктейді.

АЛМАТЫ

Мектептер тексеріледі

Еліміздегі 2,5 мыңға жуық мектеп тексеріледі. Аталған тексеріс білім сапасын қамтамасыз ету бойынша жүргізілмек. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігі хабарлады.

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Министрліктің таратқан ақпаратты сүйенсек, білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті жыл соңына дейін профилактикалық

бақылау жүргізу үшін 2 487 білім беру ұйымын анықтаған. Осыған дейін, анығы жаңа оқу жылының басында білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаменттер 422 білім беру ұйымында бақылау-бағалау

іс-шараларын жүргізген еді. Ол оқу үдерісіндегі проблемаларды анықтауға, оқу үдерісін мемлекеттік жалпы білім беру стандарты мен біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтауға бағытталды.

Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Ернұр Дәуенов осы іс-шараға қатысты: «Өткен жылы комитет пен оның аумақтық департаменттері 2 624 білім беру ұйымында түрлі тексеру жүргізді, оның ішінде мемлекеттік аттестаттау, профилактикалық бақылау, шағымдар бойынша жоспардан тыс тексерулер болды. Тексеру нәтижесінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының уақтылы аяқталмауы, мектептердің материалдық-техникалық базасының талапқа сай қамтамасыз етілмеуі фактілері анықталды», деп түсіндірді.

Негізі мониторинг жасау, сондай-ақ бағалау қызметі – білім беру қызметінің сапасын, білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін жұмыс.

Білім сапасының нәтижесі

Алматы облысы әлемдік білім беру аренасында өз орнын нығайтып, «Сапалы білім» аталымы бойынша «World Innovation Award 2024» жүлдесін жеңіп алды. 128 ел қатысқан бұл байқауда облыстың жетістіктері білім саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімділікті көрсете білді.

Ұлбосын ИСАБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Аймақта заманауи мектептер салу мен сапалы білім беруді дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Соңғы жылдары 19 жаңа мектеп ашылып, 18 мыңнан астам оқушы орны пайда болды. Жеке инвестиция арқасында үш ауысымдағы мектептердің саны 52-ден 39-ға дейін қысқарды. Халықаралық ынтымақтастықтың көкжиегі кеңейіп, 12 дарынды оқушы Қытай университеттеріне оқу грантын ұтып алса, 4 оқушы халықаралық лагерьде тәжірибе жинақтады. Шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жөнінде меморандумдар да жасалды.

Дарынды балаларды қолдау мақсатында «Табысты 50 мектеп» жобасы іске асырылып, оқушылардың олимпиадалардағы жетістіктері артып келеді. Білім

сапасын арттыруға бағытталған жобалар 3 мыңнан аса мұғалімнің тәжірибесін шыңдап, 42 мыңнан аса оқушының білім көкжиегін кеңейтті. Өткен жылы өңірдегі 207 мектепте 236 заманауи кабинет ашылса, осы жылға бұл бағытқа 590 миллион теңге бөлінген.

Облыс оқушыларының білім деңгейі 75,5 пайызға, ал оқушылардың білім сапасы 66,1 пайызға артты. Өткен оқу жылындағы олимпиадаларда 14 оқушы халықаралық деңгейде жүлделі орындарға ие болса, республикалық олимпиадалардың жеңімпаздар саны да арта түскен.

Студенттер мен жастар арасында кәсіптік бағдар беру, педагогикалық кадрларды даярлау және олимпиадалық резерв үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізу бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасып отыр.

Алматы облысы



Коллажды жасаған – Комиссия ПИЕЖИМБІ, «EQ»

Сарғабан стихиясы

Әдебиеттің басты тақырыбы адам һәм адамның жаны дейміз. Жазуды ардың ісіне балаған әр жазушы, ең алдымен ізгілікті, адамдық игіліктерді көздейді. Яғни нағыз әдебиет — сол уақыт, сол тіршілік, сол өмір. Сол кезеңдегі қоғам келбеті, заман шындығы, халықтың көзқарасы, талғамы, ойы мен сөзі — бәрі-бәрі шығармаға арқау болмақ. Кейде жақсы жазатын қаламгердің аса танымал емес, даңқы да, дақпырты да жоқ шығармасын көресің. Оны жұрттың бәрі жапа-тармағай оқығанда да көркем тілі мен сюжет тынысы, динамикасы бір-бірімен астасып, шебер үйлесім тауып жатады. Көркемдік айшықтар тереңнен өріліп, бір нәзік сезімдер, кішкентай адамдардың кішкентай арманы, кішкентай адамдардың кішкентай қылмысы, көбіміз мойындай қоймайтын өмірдің шындығы кездеседі. Біреу әділет іздеп шарқ ұрса, енді біреу өз әділетімен ғұмыр кешіп бағады. Шексіз қиялдан, жасанды оқиғадан, сұлу сөзден ада автор өмірдің нақ өзін суреттейді. Адам жанының тереңіне үңіледі. Өмірді білетіндігі соншалық, шығарманың шынайлығына таңғаласың. Жазушы Кемел Тоқаевтың «Сарғабанда болған оқиға» повесін оқып отырып, осындай ойға келдік.

Маржан ӘБШ,
«Egemen Qazaqstan»

Ақиқат пен ар

Жер бетіне алғаш адам аяғы тиіп, тіршілік басталғалы бері айтылатын жалғыз ақиқат бар: өмір — күрес. Сонда жұддыз аққандай сырғып өте шығатын ғұмырда адам не үшін, кім үшін күреседі дейсің. Жаны үшін бе, малы үшін бе, атақ-абройы, жақсы сөз үшін бе, әлде ел мен жер, тіл үшін бе? Болки, арынан аттатпас көзқарасы үшін күресер? Ал мәңгілікке созылардай жан дүниенің парша-паршасы шығып, өзінмен өзі күресудің ауырлығы тіпті сұмдық. Алашапқын өмірдің соңғы минуттары түгесілгенше бітпейтін әйтеуір бір күрес. «Сарғабанда болған оқиға» да кейіпкерлер мына жарық өмір үшін, шындық үшін, әділдік үшін, еркіндік үшін күреседі.

Бірден шиеленіскен тұстан басталған оқиға оқырманды алғашқы әсерден-ақ елең еткізеді. Қасқойлердің қолынан жазатайым жапа шеккен, дәл қазір аурухана палатасында өмір мен өлімнің арасында есеніреп жатқан Рахым. Заманның таршылығы мен қиындығын қатар көрген, сұм соғыс жүрегіне әжім салған, жалғызның тілеуін тілеген жалғыз шеше. «Е, жаратқан. Жалғызымның жанын сақтайт ғой! Дүние қызығын көрмей өткен сорлы пенденің аясаңшы. Жиырма жыл бойы мәпелеп өсірген бақытым, үмітім емес пе еді. Менің көрген азабым аз ба? Жақсылығыңды менен аясаң, бар жамандығыңды менен бейбақтың басына үйе бер. Тек жалғызымның жанын қалдыр!» Құдайдың өзіне жамандық тілеп, бар мейірім-шапағатты перзентіне сұрау, Жаратқанға көкірегі қарс айрыла сөз айту, тек аның қолынан келетін шығар. Жазушы мұнда қазақ анасының образын дәл береді. Сондай-ақ шығарманың басты сюжетінің кілті де осы палатадан басталады. «Ма-а-ма, бұған сенбенізі... Мені жәбірлеген осы...» Рахымның соңғы сөзін бәрі естіді: Сәндібала, Гүлсара, Қаракемпір, Жабағы, Рысбек, Аида Глухова, Цой. Автор тұтас оқиғаны соғызден тарқатып, ширықтыра түседі. Мұндағы кейіпкерлер де қиялдан құрылған мінсіз адамдар емес: күнделікті тіршілікте жиі көрінетін танымал жандар. Кейіпкер жанының қатпар-қатпар иірімдерін, мінез-құлқын, түрлі сәттегі көңілі күйін көрсетуде көркемдік тәсілдерді ұптастыра отырып, дерек пен дәйекті де ұтымды қолданады. Тағдырдың түрлі тоғысында бетпе-бет келген қиындықтарда әр кейіпкердің болмысы ашылады, белгілі бір типтің характері қалыптасады. Жазушы қаламының ерекшелігі сол, жанама кейіпкерді (мәселен, қарапайым медбикені де) оқиға желісімен ерте отырып, үлкен кейіпкерге айналдырады. Ал Цойдың жағымсыз кейіпкер екенін «қысық көзін алартып» деген суреттеуден ақ сезе қойдык.

Енді бір сәтте автор ширыққан оқиғаны шалт бұрып, кейінге шегініп, Бестөбеден түскен хатқа оралады. Полковник Дайыровтың тапсырмасымен күмәнді қылмысты ашуға капитан Талғат Майлыбаев Сарғабанға қарай жолға шығады. Осы тұста жазушы оқырманға оқиғаны тіпті қызықтыра түсіп, тосын шешімдерге барады. Шынында, өзімен өзі мал бағып жүрген қойшыны жаралаған кім? Егер қылмыскер палатада болса, Рахым кімді меңзеді? «Рысбек Рахымға жақын ағайын. Маскумен, бұрын сотталған. Бұл үйдің түтіні өшсе, мал-мүлікке ие болам деп ойлады ма ол? Шыдамы жетпей тойда бұлық салғаны да сол шығар. Сол адамдардың арасында Ақжолтай да тұрған. Ол Рысбектің серіпі. Аузына арақ тисе кісімен шатастайтынбайды. Екеуі өріске барып, Рахымға тиісіп, бәле шығарды ма? Рахымды қоршаған топтың ішінде тағы кім болды? Кісілердің тасасында, шетте Цой тұрған жоқ па еді. Бәлкім?..» Әрқайсына жеке тоқталып, бұл өлімнің пайдасы кімге көп боларын сараптайды.

Кейіпкердің логикалық ұтқыр ойы да қым-қиғаш оқиғаның динамикасын ұстап тұр. «...мен күні бойы осы шұқырларды іздеп жүрдім. Енді Рахымды өлтірген қылмыскердің біреуі бізге белгілі. Оның бір аяғы жоқ, күшпектей ағаш аяқпен жүреді. Ағаш күшпектің темір өкшесінің жерге батқан таңбасына қарағанда кесек, ірі денелі адам. Салмағы 85-90 килограмм. Сірә, алпыстың айналасындағы жасы келген кісі секілді». Детектив жанрының ағысына қарай оқиға да ширыға түседі. Мәселен, капитан Майлыбаевтың шын болмысын жасырып, Захар Антонович пен Жабағыға айтқан өтірігі із кесушінің нағыз образын аша түседі. Жалпы, автор шығармашылық аудиториясын таңдамайды: қала қазағының да, дала қазағының да, кеңсе адамының да психологиясын кейіпкер бейнесіне боямасыз береді. Оқиғаны баяндау тәсілі өзінің стильге ие. Теориялық түрлі тәсілді сәтті қолданады. Мәселен, шығармадағы көркемдегіш құралдар — деталь (алтын), жалғыздық, жатсыну, қарсылық, конфликт, әңгіме ішіндегі әңгіме, кейінге шегіну көп кездеседі.


Бұл жанрдың ерекшелігі болар, яки автордың шеберлігі де шығар, оқушыны бір сәтке болсын жалықтырмайды. Оқиғалар сюжеті ауысқан сайын демінді ішіңе тартып, екпіндене жөнелесің. Әр тараудан кейін «енді не болар екен?» деп дебірсізденіп отырасың. Арасында автордың ойын алдын ала сезіп, оқиғаға тіпті құныға түсесің. Мәселен, ауруханаға Цойды сұрап вокзалдан хабарласқан белгісіз кісінің ағаш аяқты қылмыскер екенін біле қойдык.

Жазушы қылмыскердің портретін суреттеуде де талантты. Әсіресе дәрігер Цойдың адам жақтырмағандағы бет-бейнесін, мимикасын сәтті бейнелеген. «Цой өзіне жақпай қалған кісіге қысық көзін қадап, күлген тәрізді тісін ақситады. Танауы жыбырлайды. Аппақ тісін шықырлатып шапшаң бұрылып кетеді, Цойдың мұндай «күлкісіне» іліккен адам ауруханада ұзақ тұрмайды. «Өз еркімен» жұмыстан дереу босанып кетеді. Арызданып, әділет ізденгендер өздері шатылып, сотты болып, бәлеге ұшырап жатады». Дәл осы сәтте қорқынышты фильмдердегі ақсиган тістер қалай елестемейді?

Шығармада оқтын-оқтын заман шындығы да көрінеді. Адалдық, әділдік дегеннен жүрдай аға-лейтенант Быстров сынды қызметкерлер тек жоспар үшін, істі тезірек жабу үшін, көзге көрінген күдіктіге қылмысын мойындауға жұмыс істейді. Түрлі қияңқы сұрақтармен төпелеп, өз ертегісімен есін шығарады. Рысбектің айақсыз айыпталып, Глухованың әділетсіз тертелуі — соның дәлелі. Істің анық-қанығын кәсіби түрде зерттемеу, шала білімділік, соқыр сенімділік сол уақыттың ғана жарасы емес, бүгінгі таңда да бар мәселе. Сондай-ақ Олегке жабайқан Дарьяның тағдыры да қоғамның бір шындығы. Жесір әйелдің бар мұңы бір ғұмырына жетерлік.

Күшпек аяқ

Шым-шытырық оқиғаларды бір-бірімен шиеленістірмей һәм оқырманның ішін пыстырмай, әр сюжет сайын үздіктері түсетін автор шалт бұрылыстарға жиі барады. Кейіпкерлері кейде бір сырды бүккендей тереңнен толғатады. Мәселен, бірде Борис Натанович Цойға: «Менің аяғымда жұмысың қайсы. Білсең, сенің мәртебеңді көтеріп, ұшпаққа жеткізіп жүрген осы сыңар аяқ. Құдайыңды ұмытпа!» деп зекіді. Сонда сыңар аяқтың сыры неде? Иә, автор кейіпкерлерінің бәрі ақылды. Өз ісінің нағыз мамандары: тергеушісі де, ұрысы да. Цой да ақымға емес. Сау аяқтың ізі тапталғанмен ағаш аяқтың темір өкшесінің жерге батқан шұқыры сақталып қалуы мүмкін екенін ол да сезді. Сөйтті де Самсоновтың неше жылдан бергі сенімді серігі — ағаш аяғын өртеп жібереді. Айманұдді де ізін жасыру мақсатында сәтті пайдаланды. Десек те әккі



Көзіңізге жеткізіп — Аида МИШИН, «ЕҒ»

қылмыскердің ақылсыз болушы ма еді?

Автор оқиғаны шарықтата келе жанама кейіпкер — лейтенант Нұржанның да ой ұшқырлығын көрсетеді. «Адамның психологиясы қызық қой. Алтын жерден қазылып алынғанымен, оны көмсе былғанып қалатын сияқты көрінеді. Сондықтан ондай асыл дүниені тауып алған адам оны жоғары, биік жерде сақтағысы келеді. Ағаш бұтағының арасына жасырды дейтін мұнда қалың орман жоқ. Сонда ол қайда тығуы мүмкін? Әрине, өзінің бойы жететін бір жерге жасырады. Тауып алған адам ат үстінде жүрсе, сөз жоқ ол оны жарқабақтың қуысына, құстың ұясына, не інге жасырап еді». Иә, капитан Майлыбаев Көкмойнақтың қызыл иегіне кірген тікенек жаңғақ қарап қылмыскердің біреуі ағаш аяқпен жүрген деген қорытынды жасап, соның таңбасын өрістен іздеп табады. Оның сыбайласының кәсібі жөніндегі болжамы дұрыс. Ақыры олардың алтынмен сауда жасайтынын да тапты. Осының бәрін ол нақты фактімен емес, логиканың күшімен дәлелдеді. Кейіпкердің ой дәрежесі, әсіресе детектив жанрындағы озық ой автордың тақырыпты қаншалықты меңгергеніне байланысты болса керек.

Қазақ әдебиетінде де сол уақытта осындай артық шапшауы жоқ детектив жазылғанына еріксіз таңғаласың. Ең бастысы, Кемел Тоқаевтың қай тақырыпты болса да, ең алдымен тереңнен зерттеп, кейіпкерлерінің образын тап басып танығаны қайран қалдырады. Тіпті қазіргі кей қылмыстық істер де дәл осы шығармадағыдай індете зерттелсе дейсің. Бұл жанрға талпынған кез келген қаламның жүріп кетпейтіні де анық. Детективтің қыр-сырын, ойқы-шойқысын танымаған, сезінбеген қаламаға шебер жазу да қиын шығар.

«Сонда ағаш аяқты қылмыскердің сыңары кім? Талғат бір сәт тағы ойға кетті. Ит талаған адам қайткенменде дәрігерге көрінуге тиіс еді. Облыс көлемінде соңғы жетінің ішінде ондай оқиға тіркелмегенін полковник хабарлады. Сонда қасқыр алып жүрген аялалы Көкмойнақ қылмыскерге тісін дарыта алмағаны ма? Олай болуы мүмкін емес. Қылмыскердің осы уақытқа дейін дәрігерге көрінбей жүруінің мәнісі олардың арасында медицинадан хабары бар, аса тәжірибелі кісі болғаны». Автор оқырманмен тығылыспақ ойнағандай, әр кез оза шауып жаңылыстыруға тырысады. Яғни алдағы сюжетті алдын ала сездірмейді. Жазушының тілі жеңіл әрі көркем. Бір ойыңды бір ойың қуалап, тез оқылады. Тілі жеңілдігінен тез оқылады демес едік, сюжеттің аңсарды аулайтыны соншалықты, оқиғаның жалғасын білгенше тағатың таусылады. Әсіресе автор оқиғалар желісінде параллельді баяндауды ұтымды қолданады. Мәселен, аурухана қоймасының ұрланғаны да алтын іздеушілермен астарлы байланысты болды. Мұны ойда-жоқта Майлыбаев та сезді. Жазушы параллель екінші қылмысты суреттеу арқылы оқушы назарын аудартады. Ал Цой із кесушілерді жолынан тайдырамын дейді. Мұнда да Сәндібала секілді өмірден баз кешкен, өзін құрбан еткен ананы көреміз. Сәулесі сөнген жанарында замана айдауымен тоз-тозы шыққан тағдыры шоқтай қариды. Дегенмен автор қойманың

тоналуымен Талғатқа Цойдың бір ұшығын ұстап береді.

«Өздеріңіз қараныңдар, терезенің астыңғы табаны мен жерге дейін бір жарым метр екен. Ал туфлидің таңбасы терезенің астыңғы табанына мүлде жақын түскен. Арасы небәрі бес-ақ сантиметр. Айталық мен терезенің крест түрінде салынған темірінің біреуінен ұстап, аяғымды қабырғаға тіреп көтерілдім дейін. Сонда мен жерде тұрып, аяғымды бір жарым метр соза аламын ба? Бұл мүмкін емес. Мейлі менің аяғым табалдырыққа дейін жетсін делік. Онда мен ішке кіре алмас едім. Тізем кеудеме тіреліп, кедергі келтірер еді». Мұнда да кезекті рет жазушының тақырыпты қазбалай зерттегеніне куә боламыз. Жазушы — жазушы емес, дәл бір әккі тергеуші ме дерсіз.

Автор оқиғаға кейіпкерді де жайдан-жай қоса салмайды. Дене-түрқын баяндап, қарабайыр суреттеуге де бармайды. Жаңа кейіпкерді қилы оқиғамен кіргізіп, оқушыны ойландыра түседі. Жоғарыда айтқанымыздай, жазушы күтпеген бұрылыстарға жиі барады. Әлгі Дарьяның екі кештің ортасында жол ортасында зорландым деп, Олег Майснерға жала жабуы нені меңзейтінін түсіне алмадық. Автор бұл оқиғаны неге кірістіріп отырғанын да сезбедік. Әлде жана кейіпкер Олегті оқушыға таныстыру амалы ма дестік. «Бұдан бір жеті бұрын Майснердің астыртын алтын тіс салумен шұғылданатынын, қарақан басы тұрып, бес мың сомға бау-бақшасымен үлкен үй сатып алғанын көрсеткен домалақ арыз түскен. Аға лейтенант бұл жайындағы әңгімені білетін. Ол майордың өкінішін ұқты. Сол арыздан алтынды ұрлаушылар тіс салушы техникпен байланысы жоқ па екен дегендей күдік туған. Мұндай күдік расталса, олар Майснердің қамалғанын білгеннен кейін ізін білдірмей кететіні айқын». Әрине, біз мұндай тосын шешімді күткен жоқпыз.

Сұм соғысқа сыңар аяғын берген екі тағдыр пойыз үстінде жолықты. Шын қылмыскер мен жасанды қылмыскер — Рысбек пен Самсонов бетпе-бет сыр шертісіп отыр. Осы тұста сюжет желісінің шебер суреттелгеніне көзің жете түседі. Өмірінде өз еркімен қылап көрмеген Самсоновтың өтірік көлгірсуі, оған жүрегі жібіп, бар шындығы төгілейін деп отырған Рысбек. «Құдай ала, арман жоқ қой, өзі берген жанын өзі алады. Мынау құдайдың жолынан емес, қасқой адамның қолынан қаза тапты. Байқұс баланың қандай жазығы барын білмеймін, түңде кинодан қайтып келе жатқанда бұзақылар пышақтап өлтіріп кетті», деген Самсоновтың аяласына дауа бар ма? Рахымның оқиғасына ұқсастырып өтірікті желдей естіріп де кейіпкер образының мықты қыры емес пе?

«Ондай сұмдарды еркіне жіберсе, тағы біреулердің көз жасына қалады ғой, — деді де, өзі жауап күткендей құлағын түріп ентелей түсті. Оңаша қолына түссе, кеңірдегің езіп, қан ытқығанша шынынан айтқызбай қоймас еді. Амалы құрып сыпайылық жасап отыр. Оның үстіне қарсы жақ, полкада, төбесінде жас жігіт жатыр. Ұйқылы-оу екені белгісіз. Көзін бірде ашып, бірде жұмып, бұлардың сөзіне құлақ түретін секілді. Бұл — Нұржан еді». Автордың оқиға

құрудағы шеберлігіне, ой жүйріктігіне тағы да таңданбасқа шараң жоқ. Әйтпесе екі ақсақтың ортасында Нұржан не істеп жүр? Бұл кездесу мақсатты түрде жоспарланбаса да жазушы шығарманың шешіміне жақындап, кейіпкерлердің жолын түйістіріп жатқандай.

«Мен көп жылдан бері демікке ауруына шалдығып, жапа шегіп жүрген едім. Сіз соны емдеудің әдісін тапты деп естіп, әдейі жолашушылап келемін. Ауруым күн сайын асқынып барады. Қабылдай аласыз ба? — Демікке ескі ауру. Бұл дерттің емін таппай әуреге түскен ғұламалар көп. Біз дала дәрігеріміз. Қолымызда қазіргі заманның аспаптары жоқ. Әйтеуір бірденің долбарлап жасаған боламыз. Сірә, менің жасаған емім сізге қонар ма екен?» Бұл аталған повестің культіне айналған диалог. Бұл сөз ізін жасыру мақсатында да, көркемдік тұрғысынан да сәтті қолданылған. Қоңырау шалынғанда ғана айтылатын диалог қайталанған сайын повестің кілті сияқты жаңа оқиғаға бастап тұрады. Тіпті бірнеше рет қайталануы да шығармаға ерекше бояу беріп, автордың өзіндік стилін айшықтай түседі.

Біз Самсонов деп таныған, бірақ шын мәнінде, Борис Майснер болып шыққан қылмыскердің өзегін өртеген өкінішінің өтеуі бар ма? Өз перзентінің бетіне қарай алмаған әке бір-ақ сәтте жаны жалаңаштанып, бейшара халге түседі. «Осы кезде таза, әдемі киінген Олег Майснер кірді. Ол қолы-басы дірлідеп, көзі жасурап, күзет астында отырған кісіге жирене көз қиығын тастады да: — Мен сізді тындап тұрмын, жолдас майор, — деді. Олег өзі тыжырылған адам әкесі екенін танымады». Өмірде түрлі қылмыс жасалуы мүмкін. Бірақ сол қылмыскердің ең ізгі арманы — сұмдық ісін жақындарына, бауыр еті баласына көрсетпеу. Адами инстинкт. Әйтпесе өз ісінің маманы, жұмысына адал, білімді азаматтың осындай қаскүнем адамның қанынан жаратуы мүмкін бе?

Иә, бәріне кінәлі соғыс. Талай жанның жастығын, бақытын, өмірін жалмады. Майснердің Самсонов болғанына да, азғын жолға түсіп, адам өлтіріп, алтын ұрлағанына да соғыс кінәлі. Тіпті бүгін баласының жүзіне қарай алмауына да соғыс кінәлі. Соғыстың сұрауы жоқ. Қан майданнан «Самсонов» сияқты қашып, бас сауғалап кеткендер де қаншама.

Сонымен...

Жазушы қай шығармасында да «Сарғабанда болған оқиға» сынды әділетті, ізгілікті үндейді. Адами құндылықтарды қилы оқиғалармен шендестіре, әр кейіпкердің характерлік болмысын жасай отырып, оқушының сана түкпіріне адалдықтың сәулесін шашады. Мәселен, повестегі полковник М.Дайыров, милиция бөлімінің бастығы майор Ә.Дидәбеков, капитан Т.Майлыбаев, басқа да құқық қорғаушы милиция басшыларының шындықты жақтауын, батылдығы мен тапқырлығын детальды оқиғалармен жан-жақты ашқан. Бір оқиғаның желісімен осыншалықты түрлі образ, түрлі тип, түрлі характер қалыптасқаны кезекті рет жазушының шеберлігін мойындағанды. Қаламгер өмірді терең білумен қатар шұрайлы сөз байлығын асқан талғамдылықпен қолданады. Шым-шытырық оқиғаларды шынайлықтан алыстатпай һәм шығарманың тынысын негізгі желісінен үзбей суреттеу де интеллектуалдық прозаның бір айшығы іспеттес.

Сарғабанның сазындағы кейіпкерлер бізге де бөтен емес. Рахым да, Сәндібала да, Цой да, Талғат та — бізбіз. Әрине, одан бері елу жыл уақыт өтсе де Цойлар әлі арамызда жүр. Өмірдің түрлі қиылысында небір қулық-сұмдығын асырып, қиянаттан қолы арылар емес. Талғаттар да әділетсіздікпен шама-шарқынша күресіп, өз шындығын жоғалтпай жүр. Сарғабанда болған оқиға — біз сүріп жатқан қоңыр тіршіліктің суренсіз бір шындығы. Ақиқатында, бұл — үлкен трагедия. Ең өкініштісі, бұл трагедия қазір де жалғасып жатыр. Бүгінгі «Әділетті Қазақстан» тұсында да қаншама жас жігіттер қандықол қарақшының қолынан қаза тапты. Ал жазықсыз істі болып, әділетсіз сотталып жатқан жастардың санын кім білсін. Сонымен, повестегі авторлық шешім қандай? Тірі жанды аямай алған алтын адамды асыл арманына жеткізе ме? Әлде түбінде бәрібір ақиқат жеңеді дей ме? Жалпы, шығармадағы мәңгілік қағида қайсы? Әділет пе? Әділетсіздік пе?

Айта кетейік, «Сарғабанда болған оқиға» повесі өмірде болған оқиғаның ізімен жазылған. Әр деталі шебер ойластырылған шымыр оқиғалар тізбегі жақсы бір фильмге сұранып-ақ тұр.

Архивті жаңартатын инновация

Бүгінгі таңда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауында атап көрсетілген тоғыз басым бағытты іске асыру барлық салада — экономика, көлік, өндіріс, білім беру, мәдениет және өзге де маңызды салаларды цифрлық жаңғырту жағынан дамыту көзделіп отырған жауапты кезеңде IT-технологияларды қолдану мүмкіндігінің жаңа көзжиектерін ашу міндеті де өткір сезілетінін байқау қиын емес. Қазақстан Президенті Архиві, Satbayev Universiti және Yandex Qazaqstan бастамасымен ұйымдастырылған «Archive Hack: Ақылды архив» алғашқы архивтік хақатоны ел Президенті атап өткен елеулі салаларды сандық технологиямен байланысты өркендету мұратына қолдау білдіре отырып, техникалық университет шаңырағында архив ісіндегі жаңа цифрлық шешімдерді болашақ жас мамандардың мүмкіндігімен бірлесе іздеуге шақырды.

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Еліміздің бес қаласындағы жетекші жоғары оқу орындарынан келген жүз алпыс бес қатысушының басын қосқан алғашқы хақатонның ашылуында Президент Архивінің директоры Әлия Мұстафина құттықтау лебізін білдіріп, архивтің басты мақсаты құжаттардың сақталуын және қолжетімділігін қамтамасыз ету болғандықтан, қазіргі таңдағы архив саласындағы заманауи IT шешімдер мен жаңа технологияларды енгізудің қажеттілігін атап өтті. «Елімізде алғаш рет өтіп отырған жаңа технологиялар жарысында жаңаша ойлау мен креативті пайымдауды менерген ізденіс жолындағы білімді жастар бір алаңда бас қосты. Өзісіне шығармашылық көзқараспен қарайтын, жаңа идеяларды жүзеге асыра алатын жастардың жобасына қолдау білдіргіміз келеді. Бүкіл өркеніетгі елдерде архив ісі ұлттық байлық, мәдени құндылық, стратегиялық-ақпараттық ресурс болып саналады. Ақпараттық технологиялар гасырында архив қызметін пайдаланудың мүмкіндігі шексіз. Біз өмір сүріп отырған қоғам «архив — маңызды қағаз құжаттарды сақтайтын орын» деген қалыптасқан дағдылы түсініктен арлып келеді. Бүгінгі хақатон сияқты инновациялық форматтар дәстүрлі архив үдерістерін жаңартуға көмектесетініне сенемін», деді Әлия Мұстафина салтанатты жиыңды сабақтаған сөзінде. Архив директоры хақатонның Президент Архивінің 30 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылып отырғанын да мәлім етті. Сондай-ақ Satbayev Universiti басшылығы мен Yandex Qazaqstan қолдауына алғыс білдірді. Университет ректоры Мейрам Бегентаев хақатон қатысушыларына сөгітілі тілеп, белсенді жастардың ізденіс жолындағы қадамы ерекше қуандыртынын жеткізді.


Алғаш рет архив ісі саласындағы инновациялық технологиялық шешімдерді әзірлеуді мақсат еткен «Archive Hack: Ақылды архив» хақатонында Алматы, Астана, Тараз, Талдықорған, Қарағанды қалаларының жоғары оқу орындарының студенттері мен Алматы қаласындағы мектептердің жоғары сынып оқушыларынан құрылған 43 команда және 20 және қатысушы бақ сынады. Ұйымдастырушылар қатысушыларға тарихи материалдарды және Қазақстанның мәдени мұрасының деректеріне қолжетімді және қызықты шешімдер әзірлеуді тапсырма етіп белгілеп берді. Жаңа технологиялар жарысында

ұсынылған жобалар Қазақстан архивтерінің цифрлық жаңғыруындағы маңызды кезең болатынын жас қатысушылар көптеріне алып, өз кезегінде архивтік деректерге қолжетімділікті жақсарту, оларды цифрландыру, қорғау және сақтау бағытында жобалар әзірлеудің үлгілерін ұсынды.

Ұйымдастырушылардың пікірінше, жастардың архив қызметіне қызығып, архивтерге келе бастағаны қуанарлық әрі құптарлық іс. Екі күн бойы форумға қатысушылар тәжірибелі сарапшылармен бірге өзекті мәселелерді белсенді түрде талқылап, дамудың үлгілерін көрсетіп, бағыт әрі нақты шешімдер ұсынды. Мәселен, келген командалар жинақтау үдерістерін цифрландыруға назар аударып, архив ақпаратын іздеу үдерістеріне жасанды интеллект енгізуді ұсынды. Архив ақпаратын сақтауды және есепке алуды автоматтандыру мәселелеріне де көңіл бөлді.

Хақатонға ҚБТУ-дан келіп қатысып жатқан 3-курс студенті Болат Ғазиз бұл іс-шараның өз қарымын танытуға берілген мүмкіндік алаңы екенін айтты. Оның айтуынша, архив ісін цифрландыру ғылымның жандануына жол ашды. Ал Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің 1-курс студенті Мәди Оразбаев және оның төрт серігінен тұратын команда жасанды интеллект пен OCR және машиналық оқытуды пайдалана отырып, қолжазбаларды тану жүйесі немесе бүлінген мәтіндерді сандық қалыпқа келтіру тапсырмасын орындауды бірден бастап кетті.

Сапасы жоқ, тасқа қашалған немесе сарғайған қағаздағы өше бастаған жазуды жасанды интеллект көмегімен компьютер түсініп оқытын жағдайға келтіру көзделген. Білім-білігіне сенген бес студент 8-10 сағат ішінде осы тапсырманы орындап шығуы керек, үлгеру үшін жан-жағына қарайлауға мұршасы болмай, қызу жұмысқа кіріскен. Ал Елубай Абай — мектеп оқушысы, №78 мамандандырылған лицейдің 11-сынып оқушысы өзі оқытын білім ордасынан жалғыз қатысып жатқандықтан, еш командаға



ілікпей, жеке-дара қатысқан. Егер Абай жаңа технологиялар бәсекесінде архив ісін жеңілдететін оң шешім, ұтымды нәтиже көрсете алса, Satbayev Universiti оқу грантын ұтып алуы әбден мүмкін. Өйткені архивші мамандар мен IT-бизнес өкілдерінен тұратын кәсіби қазылар алқасы мықты командалар мен жеке-кеген жеңімпаздар үшін арнайы жүлделер дайындаған.

Барлық қатысушы дипломдармен марапатталып, жеңген

КЕРЕК ДЕРЕК

«Gov.kz» мобильді қосымшасы мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қызметтерін жаңартты

Бекзат ҚҰЛШАР,
«Egemen Qazaqstan»

Бұрын сот шешімімен әрекетке қабілетсіз деп танылған өз сегіз жасан асқан азаматтардың қамқоршылары құжаттарды қағаз түрінде жинап, арнайы өтінімдерді рәсімдеу үшін кезекке тұратын еді. Жаңартылған қызмет қажетті құжаттарды онлайн тапсыруға мүмкіндік беріп, уақыт шығынын едәуір қысқартады.

Енді қамқоршылар бірінші топтағы жүріп-тұруы қиын мүгедектерге жеке көмекші қызметтерін пайдалану, оларды арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, есту қабілеті нашар мүгедектерге ымдәу тілі маманының қызметтерін пайдалану (жылына алпыс сағат), үй жағдайында арнайы әлеуметтік қызметтер алу, протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету,

медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнайы әлеуметтік қызметтер алу, мүмкіндігі шектеулі балаларды санаторлық-курорттық емдеумен қамтамасыз ету санды мемлекеттік қызмет түрлеріне онлайн өтінім бере алады.

Қызметті алу үшін пайдаланушыға eGov.kz порталында тіркеліп, «Әлеуметтік қамсыздандыру» бөліміне өту қажет. Одан кейін «Мүгедектерді қолдау» бөлімінде ұсынылған тізімнен қажетті қызметті таңдайды. Сосын ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы қол қою қажет. Қызмет нәтижесімен пайдаланушы жеке кабинетте («Қызметтер алу тарихы» бөлімінде) таныса алады.

Айта кетейік, бұл қызметті Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп әзірледі.

командалардың қатысушылары жоғары оқу орындарының білім сертификаттарын иеленді. Сондай-ақ



жүлдегерлер Yandex Qazaqstan ұсынған қаржылай сыйлықтардың иесі атанды, ал жалпы жүлде қоры 3 000 000 теңгені құрады.

Сонымен, қазылар алқасы үш негізгі секция бойынша екі күн қызу өткен жарыста ұсынылған үздік жобаларды анықтады: «Young Archivists Initiative» — Ең үздік мектеп жобасы: 1-орын Тараз қаласы №41 А.Пушкин атындағы мектеп оқушыларынан құралған «Time Keepers» командасы, 2-орын Алматы қаласы №113 мектеп гимназиясының оқушыларынан құралған «Stars» командасы, 3-орын Алматы қаласы Махатма Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейінен келген «Ганди» командасы.

«Designing Heritage» — Ең үздік брендбук дизайны: 1-орын Алматы қаласы №79 мектеп-гимназиясының «Eleven VG» командасы, 2-орын Алматы қаласы Махатма Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейінен келген «TRV designers» командасы, 3-орын Satbayev Universiti мен Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті «Triple-A» командасы. «Tech Solutions for Heritage»

— Ең үздік инновациялық шешім: 1-орын Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінен келген «Adarteam» командасы, 2-орын Қазақстан-Британ техникалық университетінің «KBUTU_hatchaton_enjoyers» командасы, 3-орын ХАТУ-дың «Spark Studio» командасы.

«Ең үздік мектеп жобасы» бойынша үздік теп танылған Тараз қаласынан келген А.Пушкин атындағы №41 мектеп оқушыларының «Time Keepers» командасы мүшелеріне Satbayev Universiti білім гранты берілді.

Білім сайысында қызықты ұсыныстардың көп болғанына қарамастан, хақатонға қатысқан болашақ жас мамандардың жобалары архив қызметін заманауи бағытта дамытуға дәл бүгін атсалысады дегенді білдірмек емес. Алдағы уақытта іс жүзінде қолдану үшін тәжірибелі мамандармен бірге жан-жақты пысықталып, жетілдіруді қажет ететін бұл жобалар қанатқақты болуымен маңызды. Іс-шараның тағы бір маңызды аспектісі, жас дарындардың бір-бірімен танысып, жанды пікірталас орбітіп, топпен жұмыс істеу барысында шығармашылық пен инновацияны ұштастыра алғаны. Хақатонға енген осы бизнес-жоспардың барлығы жаңа шешімдер мен идеяларды табуға және командалардың бірегей жобаларын жасауға ықпал етпек.

АЛМАТЫ

Ауқымды бастаманың игілігі

«Astana Hub» халықаралық технопарк елімізде жасанды интеллектіні (ЖИ) дамытатын «AI Movement» бастамасын іске қосты. Бұл жоба Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған тапсырманы аясында жүзеге асып отыр.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Ауқымды жоба таланттарды тарту, оқу және ресурстар секілді үш бағытты қамтиды. Бірінші бағыт аясында жасанды интеллект саласындағы біліміңізді тексеріп, бағалы сыйлықтар ұтып алуға мүмкіндік беретін «Astana Hub» мобильді қосымшасындағы «AI Quest» ойыны мен өңірлерде ЖИ технологиясын насихаттауды мақсат еткен «Roadshow» ұйымдастыратын ірі мультилокациялық хақатон — «Decentrathon 2.0.» жобаларын жүзеге асырады.

Екіншісі жасанды интеллект саласындағы мамандардың білім деңгейін көтеруге арналған. Бұған «AI People Bootcamp» (4 апталық онлайн интенсив) және «ЖИ негіздері: ChatGPT» онлайн курсы секілді оқу бағдарламалары кіреді.



Қалалық жасанды интеллект — Азамат ЕСЕНЖОЛ, «EQ»

отыр. Мұның бәрі — жасанды интеллект саласындағы жаңа буын мамандарын даярламақ.

Сонымен қатар «Astana Hub» ашық түрде ЖИ стартабы мен моделін меңгеруге арналған ашық дерек жинақтары жайында ақпарат ұсынады. ЖИ стартаптарының дамуына қаржылық қолдау көрсететін «AIpreneurs» атты акселератор жұмыс істейді.

Жобада қатысушылардың ынтасы мен оқуға қызығушылығын еселейтін ойындарды қолдануға ерекше ден қойылған. Бұл жасанды интеллектіні меңгеретін жаңа деңгейдегі мамандарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Қысқасы, «AI Movement» еліміздегі жасанды интеллектті дамыта отырып, келесі жылы ашылатын Ұлттық жасанды интеллект орталығын құруға негіз қаламақ.

Халіңді білетін жасанды интеллект

«ImmuniGuide» медициналық стартабы иммундық жүйенің жағдайын бағалауға арналған бірегей платформаны жүзеге асырды. Отандық ғалымдар әзірлеген осы инновациялық өнім онкологиялық клиникада сәтті іске қосылды.

Бекзат ҚҰЛШАР,
«Egemen Qazaqstan»

Инновациялық медицина ғылыми-клиникалық орталығы дәрігерлерінен құралған команданың айтуынша, жобаның негізгі мақсаты — халыққа тегін әрі қолжетімді скрининг ұсыну. Платформа жалпы қан талдауының нәтижелеріне негізделген иммунологиялық деректердің кең ауқымын талдайды, жасырын инфекцияларды анықтап, организмнің ауру-сырқауға, екіпте, физикалық жүктемелер мен стресс әсерін бақылауға көмектеседі. Сонымен қатар аталған қосымша иммунитетті қалыпта ұстап, нығайту үшін нақты ұсыныстар айтады. «ImmuniGuide» жобасының авторлары — Нұрлыбек Өдербәев пен Игорь Понамарев.

«Ойымызда жобаның алғашқы ұшқыны 2016 жылы пайда болды. Содан бері 8 жыл тынбай еңбектендік, іздендік, жемісін енді көріп жатырмыз. Осы уақыт ішінде 4 авторлық құқық алып, сауда маркасын тіркеп қана қоймай, платформаның құрылымын қайта қарап, оған жасанды интеллектті қостық. Биыл пілдеде өндіріске сәтті енгізіп,

белсенді қолданып жатқан клиникалар мен емханаларда жақсы көрсеткіштер байқап отырмыз. Платформаның нәтижелердің дәлдігі орташа есеппен 98,7%-ды құрайды. Мұның тәжірибе мен ғылыми тұрғыда дәлелі бар», деді «ImmuniGuide» негізін тең қалаушы, медицина ғылымдарының докторы, дәрігер-онколог Нұрлыбек Өдербәев.

Жобаның басты артықшылығы — медициналық деректерді жоғары жылдамдықпен, дәлдікпен өңдей алатын жасанды интеллект, бұл егжей-тегжей жекедендірілген есептерді кез келген тілде ұсынуға мүмкіндік береді.

Отандық өнім денсаулық сақтау саласын жақсартуға жоғары әлеует көрсетіп, халықаралық алаңға шығуға дайын екенін танытты. Ә дегеннен-ақ бұл жобаға шетелден қызығушылық танытқандар біршама. Атап айтқанда, қазір Малайзия тарапымен платформаны сол аймақта сынақтан өткізу бойынша келіссөз жүргізіліп жатыр. Жоба жетекшілерінің айтуынша, алдағы уақытта технология аясын кеңейтіп, Азия, Еуропа, АҚШ елдеріне енгізу жоспарланып отыр.

АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

Қайраткер әулетінің қасіреті

Алаш арысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік көпшілік кітапхананың тұңғыш директоры Ораз Жандосовтың туғанына 125 жыл толуына орай оның інісі Оразалы Жандосовтың туған қызы Раиса Оразалықызы Жандосовамен кездесу ұйымдастырған едік.

96 жастағы Раиса Оразалықызы Жандосовамен кездесу барысында, өңешімізге өксік тығылып, бойымызды өкініш сезімі биледі.

Апамыз әлі де тың, күні бүгінге дейін өзі жазып, оқи алады. Адам айтса нанғысыз, сол кездегі жазалау тәсілдері Жандосовтарды да шарпыған екен. Жандосовтар әулетінің әкесі – Қиқым ата. Шешесі – Дәрмен ана алты құрсақ көтерген. Ұлдары – Ораз, Оразтай, Оразалы, Мүсірәлі, екі қыз – Бану мен Меруана.

Раиса апамыздың айтуынша, әкесі Оразалы Жандосов 1904 жылы дүниеге келген. Шаруаға бейім, тиянақты болып өседі. Мәскеудегі геологиялық барлау институтына оқуға түсіп 1933 жылы жоғары деңгейде бітіріп шығады. Қаскелең тауынан, Бричмулла деген жер мен Текеліден қорғасын қорын табады.

1935 жылы Текеліден кен орны ашылғанда, Оразалы Жандосов директор болып тағайындалады. Ол Текеліде басшылық қызметте көп отырмайды, себебі ұлттық мүддені ойлаған азаматтар «халық жауы» ретінде сотталып, алдыңғылары ату жазасына кесіліп жатқан кез еді.

Раиса апай: «Әкем Оразалының ұстады Ораз көкемнің қасында көп жүргендігі, бірді-екілі жерде сөйлеген сөздерінен болар», деп терең күрсінді әңгіме арасында.

Расында Оразалының ұстады Ораз Жандосовтың түрмеге жабылуымен сәйкес келеді. Жандосов болғаны үшін Оразалы түрмеге жабылса, бауыры Оразтай Жандосовты жұмыстан шеттетіп, соғысқа алып кетеді. Ал Мүсірәлі Жандосов он жыл түрмеге қамалады.

Оразалының 1 шілде күні НКВД қызметкерлері әкеткен соң, оның жұбайы Фатима мен балаларына өмір сүру қиындайды. Кейіннен «халық жауының отбасы» деген айдар тағылып, қыспаққа алынады. Апамыздың айтуынша, Оразалы Жандосовтың 4 бөлмелі үлкен пәтерін отбасын қуып шығады. Фатима өзінің күш-жігерімен балаларын

асырап, бір бөлмелі пәтерді паналайды.

Әкелері түрмеге қамалғанда, Фатима екі қызы және бір ұлымен қоғамнан заңды түрде оқшауланып қалады. Үлкен қызы, яғни біз сұхбаттасып отырған Раиса апамыз 9 жаста, Мелсу 4 жаста, Ерлим атты кенже ұлы тіптен бір жасқа да толмаған. «Халық жауының балалары» деген айып тағылып, талай жерден шеттетуге көрдік. Мектепте оқығанымызда өзіміздің дос болып жүрген балалар түртпектеп, талай жаман айыптар тағылып, теріс айналып кетті. Кейін жоғары білім алуға зорға жеттік», деп Раиса апамыз зұлматты күндерді есіне алған еді.

Апамыздың айтуынша, қуғын көрген отбасы Жандосовтардың атылғаны туралы 1957 жылы «ақталды» деген хат келгенде ғана бір-ақ білген. Сол күнге дейін Жандосовтарды айдауда жүр деп айтқан екен. Бірақ отбасына берген анықтамада «жүрек талмасынан қайтыс болды» делінген. «1957 жылы әкеміз ақталып, көзіміз ашылды. Бізге қай жағынан болсын есік ашылып, мақсатымыз орындалды. Ағамыз Ораз бен әкеміз Оразалы 1938 жылы атылған екен. Оны біз 1957 жылға дейін білмеппіз. Сорлы анамыз үміттеніп «келеді» деп жүргенінде, әкеміздің ақталған қағазы жетіп, бәріміз бір жағы қуанып жатсақ, екінші жағынан құлағымызға суық хабар тиіп, сол кезде бәріміздің жылағанымыз әлі есімде. Ол ол ма, көп ұзамай анамыздан айырылып қалдық. 20 жыл көрген қорлығынан денсаулықтан айырылып, оған әкеміз бен Ораз ағаның атылды деген хабары қосылып, анамыздың түбіне жетті», дейді.

Енді тұтас отбасы көрген қиындық Раиса Оразалықызын да айналып өтпейді. Қайда барса да «халық жауының ұрпағы» деген мөр алдынан қолденең шыға береді. Басында дәрігер болғысы келген апамыз жоғарғы оқу орнына түсе алмай жүргенінде, жанашырларының кеңесімен жаңадан ашылған қыздар институтына емтихан тапсырып көреді. Кілең бестік алып, оқуға түскендердің тізіміне ілікпей қалады. Институт



Коллажды жасаған – Амангөлі ҚИЯС, «ЕО»

директоры «бұл институтқа «халық жауының» қызын оқуға алмаймын» деп ашығын айтады. Көңілі түскен Раиса апамыз туысы (ол кезде ҚазГу-де оқитын) Балғабек Қыдырбекұлына барып, шерін тарқатады. Бар қайғысын түсінген болашақ белгілі тұлға «Раиса, сен жылама, Орталық комитетке бар. Ол жерде жоғарғы оқу орындарының жетекшісі отырады. Соған жағдайыңды айтсаң түсінеді», деп жол көрсетеді. Онда қызметте орыс әйел екен. Ол да «халық жауының қыздарын қазір ала алмаймыз, бірақ болашақта алып қалармыз» деп шығарып салады. Ертеңіне институтқа барса, тізімге қаламмен жазып, қосып қойыпты.

Раиса институтты жоғары бағамен тәмамдады. Оқуды бітіргенде әлгі «айдары» алынбаған болатын. Курстарына жұмысқа орналасуға жолдама беріліп жатқан кезде, ол тағы да «сыбағадан» қағылады.

Ақыры мейірімді адамдардың ықпалымен мектепке алынып, мұғалімдік қызметте жүріп, өзінің білімділігі мен еңбекқорлығын дәлелдейді.

«Ораз аға жүрегі таза, жұртқа тек жақсылық тілеп, қолынан келгенін

аямайтын. Қандай қызметте жүргенін, қалай жұмыс істеп жүргенін ол кезде нақты түсінбейтінмін. Бірақ үй ішінде тек өз отбасына ғана емес, барлық туысқа, балаға қамқор болатын. Жолдастарының арасында да мінезі өте жұмсақ, жылы еді. Әкеміз Текеліге жұмысқа барғанда бізге баспана беретінін айтты. Оған дейін далада қалмасын деп, бізді (ол кезде інім әлі тұрмаған) Ораз аға мен Фатима жеңешеміз өз үйлеріне жатқызды» деп ағасы мен жеңгесінен көрген жан жылуын ерекше тебіреніспен еске алды.

Жұбайы Фатима түрмеге кездесуге келгенде, Оразалы оған ымдап түсіңдіріп, қалай жазалап жатқанын жеткізеді. Яғни тырнақтың астына ине жүгіртіп, орындыққа отырғызып, бір жылға жуық басынан су тамшылатып, азаптың небір түрін көрсеткен. Апамыздың естүінше, Дзержинский көшесіндегі НКВД ғимаратында атып, Жанаалықтағы бейіттен жер қазып, атылғандарды көме салған екен.

1957 жылы Жандосовтар ақталғаннан кейін «Мен Ораз Жандосовпын», «Оразалы Жандосовпын» деп келгендер көбейеді. Бірақ оларға бірнеше сұрақ

қойса, қашып кетеді екен. «Ораз аға мен Фатима жеңеміздің Едіге, Санжар, Анри атты ұлы болатын. Кенжесі Анриді біз Аник деп еркелететін едік. Ораз ағам өз қызы болмаған соң әкемінен мені сұрайтын. Әкем ағасының да сөзін қимай, мені де қимай жүргенінде, әлгі аты жаман зобалаң басталып, үлгері алмай қалды. Екеуі де ұсталып кетті», деп Раиса Оразалықызы өткен күндерді есіне алды.

Ораз Жандосовтың Едіге есімді ұлы тым ертерек дүниеден өтеді. Санжар Жандосов Раиса апамызбен өте жақсы байланыста болған екен. Санжардың Раиса апасына арнаған өлең жолдары құрметінің ерекше екенін көрсетеді.

Раиса апа Ораздың кенже ұлы Анримен дүниеден озғанша өте жақсы қарым-қатынаста болғандарын айтты. Ең соңғы кездескенінде Анри «Раиса, біз Могицаның соңғы тұяғымыз ғой, сондықтан бір-бірімізге жақын болып, ұзақ өмір сүруіміз керек» деп айтқан екен.

Қанат АЛТЫНБЕК,

Ұлттық кітапханасы ғылыми-әдістемелік қызметінің маманы

Башқұрт ардақтаған Сәрке батыр

Асылдарымызды ардақтап, барымызды бағалай алып жүрміз бе? Жайнаған аямаи қадр-қасиетке ғана емес, адамзаттық болмысқа қатер төндіріп отыр. Ұлттық құндылықтардан ажырап қалуымыз да мүмкін. Бұл ретте атадан балаға мирас болып, сан ғасырдан бері жалғасып келе жатқан батырлық дәстүрден айырылып қалу қаупі тіпті айрықша алаңдатады.

Біз Алпамыс пен Қобыланды, Ер Төстік пен Толағай, Ер Тарғын туралы эпикалық жырларды жарыса жырлап, таласа жатқа айтқан қазақ емес пе едік? Соларға ұқсап, кеңестік дәуірде қатарластарымыздан қалыспай, басқа одақтас республикалар өкілдерінің қай-қайсысынан да физикалық тұрғыдан шымыр да бойшаң, олардан әлдеқайда асқақ кейіпте болдық.

Таяуда туған жерге сапар барысында мына бір маңызды іс-шара ерекше есте қалды. Бұл – тек осы өңірде ғана емес, жалпы кең-байтақ Отанымызбен көршілес, бағзы заманнан бауырлас башқұрт еліне де аса сыйлы сардар Сәрке батыр атына көше беріп, соның ашылу салтанаты.

Сәрке батыр – халыққа кең танымал қолбасшы, қанды қырғын, аласапыран заманда, «ақтабан шұбырынды» кезінде қаптаған қалың жоңғарға қасқая қарсы тұрған нағыз батырдың бірі. Сәрке батыр 1690 жылы дүниеге келген, шын есімі – Меңдібек Шоңмұрынұлы.

Батырдың жастық шағы Өз Тәукенің заманынан басталып, Кіші жүз ханы Әбілқайырдың ел басқаруымен тығыз байланысты. 1716 жылғы Бөкенбай бастаған Кіші жүз сарбаздарының қалмақ пен казактарға қарсы соғыстарында Сәрке батыр ерлігімен көзге түскен. 1723 жылы басталған «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада» Тайлак батыр бастаған Жағалбайлы

сарбаздарымен киелі Ырғыз, Торғай өзендері арасында жоңғардың қалың қолын үш жыл бойы алға жылжытпай тоқтатып тастаған Алшынның 25 рулы елінен шыққан 25 батырдың бірі.

Сәрке батырдың үлкен ерлік көрсетіп, зор беделге ие болған шағының бірі – Бұланты-Билеуті, Аңырақай шайқастары екені атап көрсетілген. Бұл шайқастарда Кіші жүз жасағын есімі В.Бартольд, И.Кастанье, Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, М.Тынышбаев сынды көрнекті ғалымдардың еңбегінде кездесетін Тайлак батыр басқарған. Бұланты

бойындағы «Қара сиыр» деген жердегі шешуші ұрысқа Тайлак батыр қолының құрамындағы жағалбайлы руының сарбаздарын бастап сардар Сәрке де қатысқан. Жекпе-жекке қазақ жағынан Сәрке батыр шығып, жеңіске жетіп, әскердің рухын көтеріпті. Соғыс қазақ жеңісімен аяқталғаны белгілі. Жекпе-жек өткен төбе Сәркетөбе аталып кетсе, халық «Алтын сапты алмас қылышты Сәрке батыр» деп қошеметтеді.

Сәрке есімі құжаттарда 1755 жылғы башқұрт көтерілісіне байланысты да аталады. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбісейіт Мұхтар бұл жерінде: «Кіші жүз ханының ішкі-сыртқы саяси жағдайының бірқалыпты өрбуі барысында, оның болашақ көрші елдермен қарым-қатынасына түбегейлі өзгеріс әкелетін 1755 жылғы

башқұрт ұлт-азаттық көтерілісі басталды. Оларды әскери күшпен басу барысында түбі бір туысқан халық қазақ ауылдарына үдере көшті. Алғашқы башқұрттар легі жағалбайлы Сәрке батыр ауылына қабылданды» деп жазды.

Орыс ғалымы А.Чулошниковтің 1755 жылғы башқұрттар көтерілісінің тарихын зерттеген еңбегі 1940 жылы жарыққа шыққан екен, мұнда да Сәрке батырдың есімі аталып, оның Кіші жүздің абыройы да беделді тайпасы – жағалбайлы руының басшысы екені айтылады.

Елдегі Ақтөбе, Қостанай облыстары, Торғай төңірегі ғана емес, тіпті Ресейдің өткен заманда Қазақ елінің өз жері саналып келген Челябин, Түмен аймақтарында да зерттеу жұмыстарымен таныма – төл тарихымыз жанашыры, құрметті өлкетанушы Байғали Құлтаев атқарып жүрген қыруар

еңбекті атап айту парызымыз деп білемін.

Сәрке батыр тұрғысындағы сол атпал азаматтың мына бір пікірін келтірген жөн: «Патша билігі көтерілісті басқаннан кейін, көтерілісшілердің бір легі қазақ арасынан пана тапқан. Олардың сонынан қуып келген казактар мен Еділ қалмақтарын қазақ сарбаздары күтіп алып, тойтарыс берген. Ал кейін амнистия жариялануына байланысты башқұрттар өз жеріне аман-есен оралыпты. Башқұрт халқы қазақтың бұл жақсылығын бүгінге дейін ұмытпай келеді. Бұл сөзімізге Башқұртстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист Нияз Алсынбаевтың башқұрт-қазақ қағынастары туралы еңбегінде айтылған: «Сәрке батыр... башқұрт көтерілісшілеріне олардың патша билігіне қарсылықтары кезінде

белсенді түрде көмек көрсетті. Екі халықтың арасындағы достықты нығайтуға зор үлес қосқан бұл жазап тұлға, есімі мәңгі сақталуы үшін Башқұртстан мен Қазақстан қалаларында ескерткіш қоюға әбден лайық» деген пікірі дәлел. Осылайша, Сәрке батыр – бауырлас екі халық арасындағы бауырмалдыққа, достыққа дәнекер болған, ұмытылмас жана-шырлықтың жарқын үлгісіне айналған тұлға.

Көрші мемлекетте Сәрке батырдың ерлігі мен елдістіру еңбегі лайықты бағасын алғанда, туған топырағы мен облыс орталығында көше атауын иеленуі – құба-құп шара. Өз кезегінде, ақтөбеліктер асыл баба аруағын асқақтатып, батырына осындай құрмет көрсетіп жатқанда, енді оны еліміздің басты қаласы – Астана қолдап, нақ солардай ишара білдірсе деген де ұсыныс бар. Бұл туралы Ақтөбе облыстық мәслихатының төрағасы Г.Сүйентаева атынан Астана қалалық мәслихаты төрағасы Е.Қаналимовке арнайы қатынас хат та жолданған екен.

Елдегі саяси өмірде орын алып жатқан оңды өзгерістер – өз тарапынан халықтың осындай игі іс-шараларға атқарушы билікке иек артып – азаматтық қоғам қатынастарын нығайта түсуге ұмтылысымен айшықталғанына қуануымыз керек. Сонда ғана әлемді жайлаған экономикалық, саяси және мәдени бірігу, біріздену үдерісін қарсы тұра алып, ұлттық құндылығымызды қадірлеп, ғасырлар тереңінен таза сақталып келе жатқан шынайы болмысымызды бекемдей аламыз.

Исатай ҚАМБАРОВ,
саясаттанушы, Ақпарат саласының үздігі



Коллажды жасаған – Амангөлі ҚИЯС, «ЕО»

Кеңшілік ТИЫШХАНҰЛЫ: Сенім сетінемеу керек

Қазір Абай мен Шәкәрімнің діни көзқарасы хақында сауал аз емес. Осы орайда белгілі дінтанушы, философия ғылымдарының кандидаты Кеңшілік Тышханұлымен бабаларымыздың діни кейбір доктриналарына көзқарасы, дінаралық диалог, оның біріктірушілік қасиеті және дербес тұғаның діни құндылықтарды қабылдау кезіндегі ұстанымы тақырыбында әңгіме өрбіттік.

– Діни мәтіндердің танымдық тамырына үңілу үшін арнаулы герменевтикалық талдаудың жасалатыны белгілі. Осы зерттеудің әдіс-тәсілі мен маңыздылығын атап көрсетіңізші.

– Құранның ішінде үкім негізіндегі және ақыл-оймен сараптап танылатын метафоралық аяттар бар. Олар әр кезеңде әртүрлі түсіндіріледі, дәуір диалогына сай жаңа мазмұнға ие болады. Діннің негізгі мақсаты да – ой жүгірту арқылы адамды құдайға жақындату. «Адастай тұра іздеген хакімдер болмағанда дүние ойран болар еді», дейді Абай. Ал, хакім деген кім? Ол – әр нәрсенің астарын, яғни хикметін іздеуші. Мәселен, айтылған сөздің хикметі не? Жаратылған әлемнің хикметі не? Қылып жатқан қызметтің хикметі не? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін «тәпсір» мен «тәуил» әдістері пайдаланылады.

Аталып отырған екі ұғым герменевтиканың, яғни түсіну теориясының екі жолы. Бірақ екеуі де «түсіндіру, тарқату» мағынасын үстегенімен, «тәуил» мәтіннен метафоралық мәнді іздеуге тырысады. Құранның ішкі сырына үңілуге шақырады. Бұған адам жүрек көзі ашылған соң, Абай айтатын «нұры ақыламен» қол жеткізеді. Ондай жанның аузы дуалы, сөзі уәлі болады. Сәйкесінше қоғам да илаһи ілім иесіне иланып, жолына түседі. Абайдың: «Құран рас, Алланың сөзін дүр ол, тәуилін білерлік ғылымшақ» деген сөзінен оның тәпсірден гөрі тәуил әдісін көбірек құптағанын байқай аламыз. Себебі оның астарында хикметке үңілу жатыр, ол сезімге сүйенеді. Ал тәпсір рационалды ойлау жүйесіне иек артады. Айталық Құранның бір аятын тәпсірлейтін жүзден астам кітап болуы мүмкін. Бұл нәрсе ақиқатқа жетем деген адамдар үшін – ұзақ жол. Солардың барлығын оқу кезінде адам негізгі бағытынан жаңылып қалуы ықтимал. Артынша осы ізденісі оны адасушылыққа апарып, артынан күпірлікке әкеліп соғады. Абайдың айтатын «мұтақалламин, мантіқин бекер босқа езе-дүр» деген сөзі жоғарыдағы ойымызға сәулелі түсіреді.

– Буквализм бүлігі осыдан келіп шығады ғой?

– Мынаны ескеру керек, тәпсір әдісін мүлде теріске шығаруға болмайды. Оның да қажетті тұстары бар. Мәселен тәпсірдің қандай болуында. Шәкәрім қажы: «Жаман тәпсір жайылып жер жүзіне, дін десе тұра қашты есті азамат» дейді. Жалпы жеке тұлғаның діни фанатизмге түсіп қалуы эмоционалды әсерге көбірек бой алдыруынан болады. Ондай кезде адам «таза ақылға» жүгінуі керек. Хакімдердің ізімен әр нәрсенің түпкі мәнін білуге ұмтылғанда біржақты пікірге ұрынбайды. Жастар ол деңгейге қалай жетеміз деп сұраса, ілгерідегі ізгілердің яғни, қазақ даласында өткен әулиелер мен ахуншандардың, ағартушылар мен ойшылдардың өміріне үңілу керек деп кеңес беремін.

– Мұсылман қауымына «айып» ретінде тағылатын тағдыршылық түсінігі мен ерік-бостандық ұғымдарының діни этикадағы көрінісі қандай?

– Адам баласы тағдырдан шыға алмайды. Бірақ жауапкершіліктен де ешқашан құтыла алмайды.

Ойтпегенде құдайдың бұйрығы о дүние, сый, жаза сияқты ұғымдардың ешқандай мәні болмасы хақ. Бұл түсінік исламда «фаталистік» көзқарастың жоқ екендігін дәлелдеуге жеткілікті тәрізді. Адам баласы әрқашан да жасалған жаман әрекеттерді өзінің мойнына алудан қашқақтайды. Бұл оның болмысында бар нәрсе.

– Мысал келтіріңізші?

– Айталық, оқушы мұғалімнен жақсы баға алса оны өзінің күшімен алғандығын, ал жаман баға алып қалса, оны мұғалім қойғандығын айтады. Адам баласы да құдай алдында осы мұғалім мен оқушы бала тәрізді. Алайда жаман бағаны берген мұғалім емес, алған оқушының өзі ғой. Тағдыр алдын-ала жазылды. Алайда оның жазылуы діни наным бойынша, құдайдың ілімінің абсолютті болуынан, яғни құдай ол адам баласының не істейтіндігін алдын-ала білетіндіктен жазып қояды. Ойтпесе адам сол жазылған үкіммен жүреді деген сөз емес. Олай болса әрбір адам құдай алдындағы жауапкершіліктен құтыла алмайды.

– Мәдениеттер арасындағы діни біріктірушілік құндылығына тоқталсаңыз?

– Иә, діни ішінде бөлінушілікке себеп болатын бірнеше концептуалды тезис бар. Иудейлер өзін құдайдың сүйіктілері санайды, мұсылмандар өзін тура жолдамыз дейді, христиандар құтқарылушылармыз деп есептейді. Бірақ:

«Жардың шашы сансыз көп,
Ол санауға келмей тұр.
Аның нұры осы деп,
Әркім бір тал ұстап жүр»,
деп Шәкәрім айтқандайын бәрі құдайды іздеп жүр. Бірақ барлығының негізгі мақсаты – болмыс біраігіне ұмтылу. Тағы да Шәкәрімге жүгінеміз. Ол айтады:

«Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,
Оны бөліп, дұшпандық қару жасар.
Інжіл, Құран –

бәрі айтып тұрса-дағы,
Мағынасынан адасып қара басар».

Менің тұжырымдауымша, адам санасы кемелденген кезде, ол «мен», «сен» деген емес, «біз» деген концепцияға жұмыс жасайды. Ондай жағдайда «жер шары – біздікі», «бұл әлем – бізге аманат» деген түсінік қалыптасады. Сол кезде баяғы жікшілдіктің құр эмоция екендігі түсінікті болады. Қазір дінаралық диалог жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда бұл келісімдердің адамзаттың рухани өміріне оң әсерін тигізіп жатқанын тәжірибе көрсетіп жатыр.

Кейде ойлаймын, қанша жылдан бері үзілмей келе жатқан қантөгіс пен материалдық игілікке таласудан да адамзат шаршайтын күн келеді деп. Сол кезде «Өлетұғын тай үшін, көпештұғын сай үшін желке теріміз құрысқан» (Асан қайғы) бөлінушілік пен қырғи қабақтығымыз кәмпітке таласқан баланың әрекетіндегі нәрсе ғана екенін түсінетін боламыз, бәлкім. Бастысы сенім сетінемеу керек. Ойткені ақыл-ой арналарының барлығы татулыққа апарарды. Ал бұл – абсолютті шындық.

– Айтқаныңыз келсін!

Әңгімелескен –
Абзал МАҚАШ,
«Egemen Qazaqstan»



Кітап оқуға үндейтін жоба

Қоғамда кітап оқуды насихаттау, оқырман жаспар қатарын көбейту мақсатында «Аманат» партиясы мен Қазақстан баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар қауымдастығы бірлесіп, республика көлемінде «Кітап-Аманат» кітап сауда желісін дамытып жатыр. Еліміздің бірқатар облысы мен ірі қаласында «Аманат» партиясының кеңселік ғимараттары жанынан ашылған «Кітап-Аманат» дүкендеріндегі әртүрлі мазмұндағы әдебиеттер, ғылыми-танымдық басылымдар кітапсүйер қауым үшін қолжетімді.

Эльвира СЕРІКҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Жақында халықаралық ынтымақтастық пен рухани мәдениетті дамытуға бағытталған Еуразиялық кітап дүкендер желісі арасында өткізіліп тұратын дәстүрлі байқауда «Кітап-Аманат» жобасы жеңімпаз атанып, ТМД елдері атқару комитетінің күрмет грамотасына ие болды. Ұйымдастырушылар бұл жобаның нағандық іс-шара емес, руханиятқа, әдебиетке, ұлттық идеологияға тікелей қызмет ететін және қазақ тіліндегі контент аясын кеңейтуге бағытталған ақымды жоба екенін айтады.

«Халқымыздың әдеби мұрасын кеңінен насихаттап, жастардың білімге, кітапқа деген қызығушылығын арттыру, ұлттық руханиятты жаңғырту мақсатында қолға алынған «Кітап-Аманат» жобасы кітап сататын орындар санын арттыруға ғана емес, мәдениет пен білімнің

ошағы, интеллектуалдық орталықтардың көбеюіне ықпал етері сөзсіз. Қоғам дамыған сайын, жаңа технологиялар мен электронды ресурстар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Осы орайда кітап дүкендерін насихаттауда, дамытуда жаңа заман технологияларын да тиімді пайдалана отырып, «Кітап-Аманат» жобасы арқылы кітап тарату желісін дамытпақшымыз» дейді Қазақстан баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар ассоциациясының президенті Әділ Қойтанов.

Кітап оқу танымы, ізденіске деген құлшынысты оятуымен ерекшеленеді керек-ті. Ұйымдастырушылар «Кітап-Аманат» сауда нүктесі ғана емес, кітапсүйерлер клубына айналдыруды көздейді. Жоба аясында ұлттық хәм әлемдік әдебиетке деген қызығушылықты арттырып, қоғамды кітап оқуға ынталандыру, отандық авторларды

қолдай отырып, аймақтағы ақын-жазушылармен түрлі форматтағы кездесулер, жаңа кітаптардың тұсаукесерін өткізу қолға алынған.

Соңғы жылдары елімізде газет-журнал, кітап сататын дүңгіршектердің тұрақты жұмыс істемеуі, тіпті жабылып қалуы да оқырмандарды алаңдатады. Осыған орай қазақ тіліндегі газет-журналдарды да осы дүкендер желісі арқылы сатылымға шығару көзделіп отыр.

Бүгінде «Кітап-Аманат» кітап дүкендері әлеуметтік желіде де кеңінен насихатталып жатыр. Арнайы сайты, Instagram және Facebook платформаларында парақшасы бар. Оқырмандар осы платформалар арқылы келіп түскен жаңа кітаптар, әртүрлі байқаулар, жеңілдіктер, кездесулер мен конференциялар, тағы да басқа іс-шаралар туралы хабарлар болып отырады.

АЛМАТЫ

Ағайынды Гриммдер қазақтан ертегі «ұрлаған» ба?

Сонау 1968 жылы Нью-Йоркта «Stories of Steppes», яғни, «Дала ертегілері» атты кітап америкалық жазушы, зерттеуші ғалым Мэри Лоу Масейдің авторлығымен басылып шықты. Аталған кітапқа қазақтың 19 ертегісі еніп, Америка жұртшылығына кеңінен тараған.

Дүйсенәлі ӘЛІМАҚЫН,
«Egemen Qazaqstan»



Әжелеріміз немерелеріне жалықпай айтатын «Жалғыз көзді дәуден» бастап, «Бота туралы ертегі», «Бір қалыңдыққа үш күйеу», «Салақбай мен түлкі», «Сықырлы бақ», «Алдар көсе мен бай», «Отыншының қызы», «Ақылды ұры», «Ер Қосай батыр», «Ақымақ қасқыр» сияқты қазақ ертегілері ағылшын тіліне сапалы аударылып, Батыс жұртының руханиятына да өз үлесін қосқанын аңғардық. Бізді қызықтырғаны Мэри Лоу Масей аталған еңбегінде Батыс оқырманына өзі жинап-теріп, аударған қазақ ертегілері түсінікті болу үшін әрқайсысына өз мазмұнына сай қыстырма суреттер беріп, кітаптың мазмұнын байыта түсітті.

Аудармашы ретінде Мэридің әр ісіне ұқыптылығы сонша, кей қазақша атауларды түпнұсқада беруге құлшынған. Мысалы, «Ақылды ұры» атты ертегіде «өмір-зая» атты жұлдыз атын қазақша

үлгіде «Omīr-Zaya» деген атаумен алған. Осы сәтте Мэри Лоу Масей кім болды екен деген заңды сұрақ туады. Ол – америкалық жазушы, зерттеуші. Жүйке ауруы себебінен Филадельфия штатындағы қонақүйдің терезесінен секіріп, жан тапсырған. Бәрін білетін интернет бізге ол хақында осындай ғана шағын ақпарат береді. Бір анығы, ол біз сөз етіп отырған кітапты жазуға өткен ғасырдың алпысыншы жылдары бұрынғы кеңес одағына қарасты елдерге арнайы сапармен келгендігі. Сол сапарының нәтижесінде ол қазақ мәдениеті мен әдебиетін Батыс әлеміне насихаттайтын «Дала ертегілері» атты кітабын рухани мұра ретінде қалдырды.

Бір қызығы, автор осы кітабының алғашқы сөзінде: «Бұл кітапқа енген ертегілердің кейбірі Еуропада ғасырлар бойы танымал болған халықтық ертегілердің нұсқалары дегім келеді, мүмкін, олардың шығу тегі Шығыс елдері шығар. Мысалы, «Қаңбақ шал» ертегісі ағайынды Гриммдердің «Кішкентай өжет тіпінші» атты ертегісінің



бір нұсқасы деуге болады. Тіпті бұл ертегінің жүздеген түрі бар, бізге Азиядан келген болуы да ықтимал. Ал «Салақбай мен түлкі» ертегісінің көне нұсқасы бар әрі ол ел арасында кең таралған. Еуропада, Сібір халықтарында, Үндістанда одан ары Шығыста осы сырыңдас ертегі нұсқасы көп кездеседі. Бұл ертегі Батысқа «Етік киген мысық» деген атпен белгілі. Сонымен бірге, «Сезізбай мен кішкентай қыз» және «Сықыршы өйел» ертегілері Үндістанда жазбаша түрде өте ерте кезден бері сақталған ертегілердің нұсқалары дегім келеді. Қазақтың жануарлар туралы мыңтауытында, орыстың ықпалын көрсетеді, ертегілердің желісі орыстың жануарлар ертегілеріне ұқсас. Ізгілік пен юморды ұштастырған бұл ертегілер далалық көшпелілердің өмірі, олардың өздеріне тәуелді жануарларға деген шексіз сүйіспеншілігін бейнелейді», деп жазыпты.

«Баяғыда бір бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты» деп басталатын қазақ ертегілері қазақпен бірге туып, далалық мәдениет ретінде қалыптасқанын бүкіл әлем біледі. Ал қазақтың 19 ертегісін ағылшын тіліне аударып, кітап ретінде жариялаған автордың кей ертегімізге жоғарыдағыдай түсінікпен қарауында бір себеп бар ма, кім білсін! Дегенмен оның бай мәдениетімізді аз да болса, өзге жұртқа таныстырғанына көңіл қуанады.



ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – 125

Қанаған туған ауылда

1959 жылы Қаныш Сәтбаев Баянауылдағы туған ауылына келіп, анасының рухына тағзым етіп, ас береді. Бұл ғұламаның туған еліне деген сағынышын басқан соңғы сапары екен. Сол сапарында кіндік қаны тамған Айрықпен қимай қостасқан Қанаған Жапақ ақынның «Баянтау» дастанын кең даланы жаңғыртыра жатқа айтып, көзі шарасына толып, қатты толқыты.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»



Ащысу өзенінің жағасында, Имантай Сәтбайұлының отбасында маңдайы жарқырап дүниеге келген асыл перзенттің әлемге әйгілі ғұламаға айналғаны сол заманның ақылмандары бозбала шағынан-ақ болжап білгендей. Сөзімізге дәлел болсын, 1989 жылы жарық көрген «Қаныш аға» кітабында академик Әлкей Марғұлан жазған мынадай оқиға бар: «1925 жылы жаз күні Мұхтармен (Әуезов) бірге Абай ауылында болғанда, уақытымыз сол жердегі шешен қариялардың сөзін тыңдаумен өтті... Мұхтар да қойдан қоныр, кішіпейіл кісінің бірі еді, өзінің асқарлы талантын, білгіш-жүйріктігін жұртқа көрсеткісі келмейтін. Ойға батқан тұңғық қара көзін қасында отырған Тұрашқа (Тұрағұл Абайұлы) тастап:

– Сіз қырдағы жаңа дәуірлеп келе жатқан жастар арасында кімді озық талант деп түсінесіз? – деді.

Тұраш қасқая қарап:
– Бұл қырайыңда озық талант Имантайдың екі баласы. Бүгінде олардан озық жас бар деп өзін түсінбеймін. Ол екеуінің қабілеті бүгіндей басқа. Жаратылыс білімді де, ақыл мен ойды да оларға ерекше берген. Олардай саядақ кісі бүгінгі жастар арасында өте сирек кездеседі, – деді».

Бұл дерек Абай ауылында Имантайдың қос ұлы – Фазиз бен Қаныштың аттары танымал, қадірменді болғанын аңғартады.

Жуықта Қаныш аға туған Мұса Шорман ауылына арнайы барып, академиктің туған елімен байланысты біраз жайттарына қанық болдық. Мұса Шорман ауылында алдымыздан шығып қарсы алған Қайриден Мұзафаров әңгімеші, ескіден қалған есті сөздер көкірегіңде сайрап жатқан ақсақал екен.

– Қанағанның есімін туған елі айрықша құрметтейді. Оның рухы әлі күнге туған өлкесін жебеп тұрғандай. Мұса Шорман ауылы кеңес өкіметі тұсында Теңдік аталған. Осы Теңдіктен әрі жеті-сегіз шақырым жерде «Айрық» деп аталатын мекен бар. Ескі Айрық – ежелден Сәтбаевтар әулетінің қонысы болған. Имантай шаңырақ көтергенде Сәтбай атамиз Айрықтан әрірек үш-төрт шақырым жерден жеке отау тігіп береді. Ол жер әлі күнге «Имантай мекені» аталады. Сол аумақта Қаныштың кіндігі кесілген. Кейін академик Алтынбек Нұхұлы бастап, әлгі жерге белгітас қойылды. Жарықтық Сәтбаев әулеті заманынан озып туған асыл ерлер еді. Сәтбайдан төрт ұл: Имантай, Әмін, Жәмін, Зейін туады. Олардан тараған ұрпақтардың қай-қайсысы болсын елдің беткеуестері, сөз айта білетін, халықты қарата білетін азаматтар болғанын көнекез қариялар айтып отыратын. Қаныштың әкесі Имантай Ақкелін болысында халық судьясы болса, Әбікей Зейінұлы Алаш ісіне араласқан ел қайраткері, талай ұлылардың ұстазы атанды. Ал ел Бөкеш атап кеткен Қаныштың ағасы Ғабдулазиз өте білімді адам болған. Омбыда жұмыс істеп жүргенде 1937 жылы қасында Сәтбаевтардың жылқысы баққан Зайыр деген адам Омбыда төніп келген ажалдан аман құтылыпты. Әлгі Зайырдың ұрпақтары бүгінде Айрықта түгін түгетіп, шаруашылық ұстап отыр. Асыл сынығының

тағы бірі – Жәмінұлы Әбдікәрім. Ол жаны музыканы сүйген өнерлі, білімді адам болған. Сәкен Сейфуллин онымен Баянауылда қалай кездескені туралы «Тар жол, тайғақ кешу» романында баяндайды. Ол да 1937 жылы қызылдардың қолынан қаза тапты. Жалпы, Сәтбаев ауылының жастары орысша оқуға өзге қазақ жастарынан ерте бет бұрғаны байқалады, – деп бастады әңгімесін Қайриден ақсақал.

Қаныш аға 1932 жылы халық аштықтан қынадай қырылып жатқанда елге түнделіп келіп, өзімен бірге жиендері Кемел мен Ришатты ала кетіп, құтқарғаны туралы көп жерде жазылып та, айтылып та жүр. Сол сапардан соң ғұлама елге екі рет келіп кеткен. 1959 жылғы соңғы сапарында әкесі Имантай мен анасы Әлиманның (Әлима Қаныштың 5 жасында дүниеден өткен, Имантайдың екінші әйелі) басын көтеріп, тас қояды. Сол кезде жанында елге белгілі біраз тұлғалар, суретші Әбілхан Қастеев, ақын Қайнекей Жармағанбетов, тағы басқа да азаматтар болған. Соңынан Ақкелін жұртына ас береді. Сол сапарында Қанағанның шарапатымен Теңдікте астық қабылдау қоймасы салына бастапты. Ел үлкендері Қанағанның киіз үйі ішінде әңгімелесіп отырып: «Мынау зәңгілерімізді бізге де әсер етіп, бәріміз көз жасымызға ерік бердік. Сол уақытта Қаныш Имантайұлының әлемге белгілі ғалым болғанын түсінген едік. Ал 1989 жылы ауылда Қаныш ағаның мұражайын ұйымдастыруға ғалымнан қалған мұраларды жинап жүріп, әлгі ақ жейдеден қалған жұрнақты көріп, тағы бір толқығаным бар. Қазіргі Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданында тұрған марқұм Жұмаш Шәдетовтің (Қаныш ағаның туысы) үйіне ауыл азаматы Асан Тиесов екеуіміз барғанбыз. Марқұмның зайыбы Капса апа академиктің пальтосы мен костюмын, көйлек, галстугін алып шықты. «Мынау Қанағандан қалған жейдеден немере мұрадап тігілген би көйлегі еді», деп әлдебір ақ көйлекті көрсете бергенде, көз алдыма осыдан 30 жыл бұрын үстіне ақ жейде киген абзал жанның бейнесі оралып, қатты толқымды. Әлгі көйлекті аттай қалап сұрап алдық. Жәдігер өзге де бұйымдармен бірге бүгінде ауылдағы академиктің мұражайында сақтаулы тұр» дейді Нескен апа.

1989 жылы ғұламаның туғанына 90 жыл толғанда ҚазКСР Министрлер кеңесі Ғылым академиясы негізінде Қ.Сәтбаевтың мемориалдық музейін ашу туралы шешім қабылдады. Соған әкесі туған жерінде де мұражай ашу ұйғарылған еді. Туған өлкесінен жәдігерлерді жинау үшін арнайы алқа құрылып, оның құрамына орта мектеп директоры Бегендік Әліпбаев, оқу ісінің меңгерушісі Нескен Мәлікова, кәсіподақ ұйымының басшысы Қайриден Мұзафаров, фотограф Асан

Тиесов, сол кездегі кеңшар директоры Сайлау Байділдин енеді. Кейін бұл топқа өзге де белсенді азаматтар қосылып, аз уақыт ішінде мектепте Қанағанның мұражайы пайда болған. Ал 1993 жылы жаңа мектеп пайдалануға берілгенде, ол сонда көшірілді. Мұражайда кезінде ғалым өз қолымен ұстаған бұйымдар мен жәдігерлер, туған жерінде түскен фотосуреттер баршылық. Академиктің жерлері олардың әрқайсысын кие тұтып, қастерлейтіні байқалады.

Қанышты бала кезінде Имантайдың қалауымен Жұмаш молда оқытқан екен. Одан соң Ақкелін болысында Сәдуақас Шорманов ашқан орыс-қазақ мектебінде білім алған. Ақкелін болысының орталығы – қазіргі Мұса Шорманов ауылының төңірегі. Мектептің орны әлі күнге бар. Кезінде Сәдуақас Мұсаұлы тұрған үйінің бірін мектеп үшін босатып берген. Алайда көмеспек кезінде ол бұзылып қалады.

«Бала Қаныш осы мектепке тайымен келіп оқып жүрген. Ал әлгі Жұмаш молданы Қанаған ерекше құрметтегені сондай, екі мәрте түрмеге қамалған жерінен кісі салып босаттырып алған. Тіпті 1941 жылы Алматыдан үй дайындап, ұстазын шақырған деген әңгіме бар. Тағы бір маңызды дерек, анасы Әлима Исақызы ең әуелі Шорман әулетінің Қанағия деген азаматына тұрмысқа шыққан. Қанағия жастай қайтыс болған соң, Имантай алған. Кейін Сәтбай әулеті Әлимадан туған тұңғышы – Ғазизаны Шорман әулетінің ұрпағы Ақышқа ұзатады. Ал Ақыштан Кемел Ақышев туады. Өкінішке қарай, Ғазиза 32-нің аштығында өліп кеткен. Кемелдің тегі орта мектепті бітіргенше Сәтбаев болғаны мәлім, кейін Қанағанның аққылымен өз тегіне қайта өткен», деп әңгімесін жалғастырды Қайриден ақсақал.

Айрықтағы Сәтбай әулетінің үлкен зиратында Сәтбайдың бәйбішесі Күнсел, баласы Имантай, Нұрым бәйбішесі мен Қаныштың анасы Әлима Исақызы,

немересі Өзтайыр Зейінұлы мен шөбересі Ғазали Мағазұлы жатқаны туралы ескерткіш таста қорсетілген. Өкінішке қарай, Әлима Исақызының басында тұрған жеке ескерткіш таста «Салима Сәтбай келіні. 1906 жыл» деп, есімі мен қайтыс болған жылы қате жазылыпты. Негізі анасының дүниеден өткен уақыты – 1904 жыл («Сәулелі әулет» кітабына сүйенсек, Әлима Исақызы 1860–1904 жылдар аралығында өмір сүрген). Бұған қоса үлкен таста Әлима Исақызының туған жылы (1882 жыл деп тұр), Имантай Сәтбайұлының өмірден өткен жылы (1926 жыл деп көрсетілген) қате көрсетілген. Ғазиза Имантайқызы 1892 жылы дүниеге келгенін ескерсек, анасының туған жылы қате екенін түсінуге болады. Аталған кемшілікті тарихшылар анықтап, жөнге келтіреді деген сенімдемеміз.

Әңгіме барысында Қайриден ақсақалдан мынадай бір қызық дерек естідім:

Академик Қаныш Сәтбаев қазақ даласының жер астында шөгіп жатқан кенін барлап жүргенде үнемі аңшылардың көмегіне жүгініпті. Су айдындарының маңайынан құс қағып жүргендерден үйректің бөтесін жинап беруді сұрайды екен. Сөйтсе, үйрек көл маңайындағы ұсақ тастарды қылғытып жұтып қоятын көрінеді. Саятшылар бөтеселерді тізіп, қайсының қай қолден алынғанын белгілеп отырған. Сөйтіп, ғалымна желонделі екен. Ғұлама өз серіктерімен осы тастардың құрамын зерттеп, қаншама кен орныларын Қазақстанның металлогениялық картасына түсірген. Қарапайым ғана әдіс зерттеушілер мен кен барлаушылардың жұмысын әжептәуір жеңілдеткенге ұқсайды.

Дала сырғын жастайынан танып-білген академиктің ғылымда пайдаланған, бірақ кейінгіге белгісіз болып қалған мұндай құпиялары әлі де таныла беретіні анық.

Атап өтерлігі, жуықта Қаныш туған ауылда «Баянауыл біртуарлары» деп аталатын заманауи лайтбоксар ашылды. Онда Баянауыл жерінде дүниеге келіп, есімі елге танылған перзенттер бейнеленген. Ел үлкендерінің сөзінше, бұл – ауылды тарихи тұрғыдан дамыту мақсатында жасалған алғышарттардың бірі. Келешекте елді мекенде Қаныш Имантайұлына арналған мемориалдық кешен тұрғызылады деген жоспар бар. Бұған қоса Сенат депутаты, «Қ.И.Сәтбаев халықаралық қоры» ҚҚ қамқоршылық кеңесінің төрағасы Алтынбек Нұхұлының бастамасымен Мұса Шорман – Имантай қыстауы – Айрық – Өуғанның керектесуі (Кемел Ақышев туған жер) – Бұқар жырау кесенесі бағытында асфальт жол салынады. Жалпы ұзындығы 30 шақырымды құрайтын жаңа туристік бағыт Баянауылдың туристік әлеуетін арттыра түсетін мүмкіндіктің бірі болмақ.

Павлодар облысы,
Баянауыл ауданы,
Мұса Шорман ауылы

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ – 800

Сырдағы сапар

Жошы ұлысының мерейтойына орай ұйымдастырылған «Талас – Ұлытау – Сарайшық» республикалық тарихи-этнографиялық экспедициясы Сыр еліне жетті. Облыс аумағына енген сәттен-ақ ортағасырлық Сығанақ қаласымен, сол кейін облыстық тарихи-өлкетану музейінде өңір тарихымен танысқан қонақтар Э.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханадағы кездесуде жергілікті тарихшылармен пікір алмасып, ой бөлісті.

Мұрат ЖЕТПІСБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Қарағанды облысының әкімдігі, сол өңірдегі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, тарихи-өлкетану музейі ұйымдастырған экспедиция мақсаты Алтын Орданың тарихи, мәдени мұрасын насихаттау, сол заманнан қалған ескерткіштерді дәріптеп, жас ұрпақты рухани және материалдық мәдениетке баулу, ел музейлері арасында мәдени байланыстар орнату болып отыр. Осыдан да оның құрамына ғалымдар мен журналистер, Ұлттық музей мамандары, Жамбыл, Атырау, Қарағанды облыстарынан тарихи-өлкетану

музейлерінің қызметкерлері, өлкетанушылар мен сол заман бейнесін қағазға түсіретін суретшілер де енгізілген.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев ел тарихының тым тереңде жатқанын әйгілейтін іс-шара аясында жолға шыққан әріптестеріне сәттілік тілеп, экспедиция маршрутымен таныстырып өтті. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің басшысы Ержан Нұрмағамбетов Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған жұмыстар шеңберінде Жошы ұлысының тарихымен байланысты археологиялық, архитектуралық, мемориалдық нысандардың қазіргі жай-күйіне мониторинг



жүргізіп, туристік бағытты арттыру бойынша ұсыныстар әзірленетінін атап өтті. Танымдық-ақпараттық дүниеде дайындалумен қатар, алда халықаралық экспедиция ұйымдастыру да жоспарда бар.

Экспедиция құрамындағы ғалымдардың бірі, археолог Сырым Есен Жошы ұлысында қала мен дала байланысының күшейгенін айтады. Осының нәтижесінде Ұлы дала төсінде жүздеген керуен қол тартты. Шығыс пен Батысты экономикалық тұрғыда байланыстырған талай-талай шаһарлар мен мазарлар қалды. Оның бәрі бүгінге сол кезеңнен сыр шертегін ескерткіш ретінде жетіп отыр.

«Тілін» тапсаң, бұл ескерткіштер сол замандағы қоғамдық-саяси оқиғалар, қоршаған орта туралы қиспсыз дерек береді. Біздің мақсат та осы. Мұраларды насихаттау, туристік нысанға айналдыру жағына басам беруіміз керек. Бұл бағытта біраз жұмыс атқарылды. Алда осы облыс аумағындағы Сығанақ пен Қышқаланы өткен тарихты танығысы келген жұрт баратын орына айналдырса деген тілек бар. Бұл тарапта тарихшылардан бөлек жергілікті білік өкілдерінің де мәселеге сергек қарап, салғырттық танытпағаны керек», дейді ғалым.

Кездесуде тарих ғылымдарының докторы, белгілі археолог Мадияр Елеуов

тарихтағы орны мен маңызы ғылыми түрде дәлелденген орындарды Қытай музейіне айналдыру турасында пікір айтты. Экспедиция өз жұмысы нәтижесінде көне қалалар орнына археологиялық қазба жүргізу турасында ұсыныс берсе деген ойын жеткізді.

Кездесуден кейін экспедиция облыстағы тарихи-мәдени мұралар тізіміне енген ортағасырлық сәулет өнерінің жарқын үлгісі Қышқала шаһарында болды. XIII-XV ғасырлар аралығында өмір сүрген қала орнына 2018 жылы тарих ғылымдарының докторы Мадияр Елеуовтің жетекшілігімен археологиялық зерттеу жүргізілген. Қызылорда өңіріндегі сапарын Қорқыт ата кешенінде түйіндеген топ Ақтөбе қаласына аттанып кетті.

Алда «Талас – Ұлытау – Сарайшық» республикалық тарихи-этнографиялық экспедициясы нәтижесінде ақпараттық фотоальбом дайындап, деректі фильм түсіру, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау облыстарында тақырыптық көрмелер ұйымдастыру, Астана қаласында дөңгелек үстел откізу жоспарланып отыр.

ҚЫЗЫЛОРДА

ҰМЫТПАҢДАР МЕНІ!

Аңыз актердің соңғы жұмбағы

Талғат есімді талантты кино көзінен құйрықты жұлдыздай жарқ етіп ағып түскенінен бері де бірнеше онжылдық тарих қойнауына сүңгітті. Бірақ санада қалған сол бір жарқын бейне архивтегі кино қоржынын қазбалаған сайын үнемі алдымыздан шыға берді. Әсіресе ол сомдаған «XX ғасырдың қарақшылары» экшн-фильміндегі Салех ролі ел есінде ерекше жатталып, оның есімін кино тарихында тасқа басты. Бүгінде кеңес кинематографтарынан аңыз актер атын тым-тым жәй ұшыратсақ, ол да талантты тұлғаның дария дарынының арқасы болса керек.

Назерке ЖҰМАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Келте қиылған таспа-ғұмыр

Актер Талғат Нығматулиннің кино кеңістігінде есімі қалай тез танылып, кесек келбеті экран арқылы әдегеннен ел есінде қалай жылдам жатталса, оның бұл даңқ шыңынан жеткенге дейінгі жолы да дәл сондай жарқын, оңай һәм сәулелі болды деп айта алмас едік. Ал оның пешенесіне бұйырып, уақыт-ағзам алақанында жазылған тағдыр-талайы тіпті қамшының сабындай-ақ екен. Небәрі 35 жыл ғұмыр кешіп, талайды талантымен тәтті еткен таспа-ғұмырдың кенеттен қиылғанына да 40 жылға жуықтапты. Талант Талғаттың аңызға бергісіз ғұмыры бейне бір соңында із қалдырып ағатын жұлдыздай жарқын әрі сұлу болса, ал өлімінің сыры әлі күнге дейін жұмбақ... Біреулер нашарлықтың құрбаны болды десе, енді бірі олар өзін-өзі қинағанды жақсы көретін, сондықтан да азапты өліміді өзіне тілеп алды деген болжам айтады. Келесі актердің өліміне әдебір мемлекеттік саяси топ мүдделі болды деген нұсқа ұсынады. Әлбетте мұның бәрі тек болжам ғана. Ресми мәліметтерге сүйенсек, Талғат Нығматулиннің өліміне тікелей себепкер болған сектанттық ұйым болғандығы, оның басында Бішкектің тумасы Абай Бөрібаев пен Мырза Қымбатбаев деген рухани топ жетекшілері тұрғандығы расталды. Бірақ олардың не себепті актерді аяусыз өлтіргені анықталмады. Өкініштісі сол, бұл жұмбақтың жауабын жылдар да шеше алмай келеді...

Тауқыметті тағдыр

Болашақ актер 1949 жылы 5 наурызда дүниеге келген. Ең көп тараған нұсқа бойынша Талғат Нығматулин Қырғыз КСР-нің Ош облысы, Қызыл-Қия қаласында дүниеге келген деген дерек жиі айтылады. Бірақ оның Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында туғаны туралы ақпарат та бар. Оны актер көзі тірісінде берген сұхбаттарында растап, Ташкентте дүниеге келгені, кейін Нығматулиндер отбасы Талғат бір жасқа толғанда Қызыл-Қияға көшіп келгендігін айтқан екен.

Шахтер мен мектеп директорының отбасында өмірге келген бала Талғаттың басына тағдыр түрлі сынақты үйіп-төгіп берді. Екі жасқа толар-толмас шағында асқар тауы құлап, әкесінен айырылды. Жастайынан жетімдіктің кермек дәмін татқан балдырған еңбекке де ерте араласты. Қант зауыты мен аяқ киім

цехында жұмыс істеді. Мектеп директоры қызметіндегі анасы да балаларының жоқшылықта өмір сүрмеуі үшін барын салды. Бірақ қанша тырысқанымен нашар тұрмыс оңалмады. Жастай жесір қалған келіншекке үш бірдей жеткіншекті жеткізу қиынға соққандықтан, етегін жасқа толтырған ол амалсыздан Талғатты балалар үйіне өткізуге мәжбүр болады. Бұл жақтағы өмір де балдырған үшін бал болмады. Түрлі кемсіту мен мазақтан көз ашпаған бала Талғат тіптен бұйығы тартып, түйық, ұялшақ болып кетті. Себебі кішкентай күнінен рахит болып ауырған сәбидің денсаулығындағы кінәрат оның адами сезіміне де сызат түсірмей қоймады. Әсіресе пионер лагеріндегі бір қыздың оның аяғының қысық екенін бетіне басып, өзімен билеуден бас тартқанын көргенде қатты қорланады. Сыртқа шығып, ешкімге көрсетпей көз жасына ерік берген болашақ актер, іле бойын тез жиналаады да, енді ешқашан жыламауға, дәл осы сәттен бастап өз-өзімен жұмыс істеуге, жүйелі түрде спортпен айналысуға серт береді. Би мен жеңіл атлетикаға жазылып, каратэмен де тыңғылықты айналыса бастайды. Орыс тілін жетік меңгерудің де болашағына маңыздылығын ерте түсініп, орыс классикасын жата-жаста-на оқып, Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романының қос томдығын қолымен екі қайтара дәптерге көшіріп шығады. «Өмірде жетістікке жетуге ешқандай да ғажапты күтудің қажеті жоқ, тек еңбек пен темірдей тәртіп қана керек. Егер осыны күніне 100 мәрте қайталаса бұл өмірде мүмкін емес нәрсе жоқ» деп актердің өзі үнемі айтатындай, оның қай іске де жантөнімен беріле кірісетіндігінің нәтижесінде Талғат Нығматулин өзінің келте ғұмырында талай жетістікке жетті. Көптеген актер тіпті армандамайтын рөлдерде ойнап, өнер әлемінде өзінің есімін өлместей етіп жазып кетті.

Арман қанатында

Арман дегеннен туады, әу баста актер емес, кинорежиссер болуды қалаған Талғат мектеп бітірген соң Мәскеудегі Бүкілресейлік мемлекеттік кинематография институтына (ВГИК) тапсырады. Алайда алғашқы талпыныс сәтсіз болып, оқуға қабылданбай қалады. Алып қаладан кеткісі келмеген өнерлі жас көп ойлабастан бұл жақтан құжатын қайтып алып, цирк және эстрада өнері мектебіне түседі. Цирк мектебінде оқи жүріп күрестен тыңғылықты айналысып, каратэні

де қалдырмайды. Өзі үнемі айтатындай, тыңғылықты айналысқан еңбегі еш кетпей күрестен бірталай жетістікке жеткен Талғат каратэден де «қара белбеу» иегері атанады. Мұндағылар спорттың үздігі атанбақ тұрмақ, оның кезінде аяғы қысық болып, көп қағажу көргендігін, сонымен қатар орыс тілін мүлдем білмегендігін естіп таң қалады. Себебі Мәскеуге келгенде Талғаттың тілі көркем, денесі шымыр, шыныққан нағыз сымбатты жігіт болатын. Осылайша, әдегеннен көрген жанды көркем тамсантқан өнерлі жас арманына адал болып, бір жылдан кейін кинематография институтына қайта оқуға тапсырып, 1968 жылы актерлік бөлімінің студенті атанады. Жас актер жұмыспен қатар барлық жаңа және қызықты дағдыларды бойына сіңірді. Ол кітапты құмарта оқыды, өлең мен проза жазды. Жарыстарда Өзбекстан чемпионы атағын жеңіп алып, КСРО чемпионатында алтыншы орынды иеленді. Сонымен қатар Бүкілресейлік кинематография институтында оқып жүріп ол Николай Еременко, Вадим Спиридонов, Наталья Орынбасарова, Наталья Бондарчук сынды болашақ өнер жұлдыздарымен танысып, бір аудиторияда білімін шыңдады. Соның ішінде, әсіресе Николай Еременкомен таныстығы оның алдағы жұлдызды жолына үлкен ықпал етті. Ардада 10 жыл өткенде Николай досы оны «XX ғасырдың қарақшылары» фильміне шақырады.

Кеңестік Брюс Ли

Режиссер Борис Дуровтың 1979 жылы түсірілген «XX ғасырдың қарақшылары» экшн-фильмі арқылы Талғат Нығматулин шын мәнінде көрерменнің шексіз сүйіспеншілігіне бөленді. Қарақшы Салехтің шебер сомдалғаны соншалық, күні бүгінге дейін аталған фильмді ауызға алсақ, ең әуелі ойға Талғат Нығматулин тудырған бейне оралады. Ол бұл шытырман оқиғалы фильмде қарақшы рөлін каскадерлік оқымай-ақ меңгергенін көрсетті. Иә, Талғат Нығматулиннің нағыз танымалдылығы артқан кезі «XX ғасырдың қарақшылары» фильмінің кейін басталды. Бет-әлпеті азиялық типке жататын актерге тіпті Кеңестік Брюс Ли деген лақап ат та берілген болатын.

Жалпы, Талғат Нығматулиннің кинодағы жолы, яғни оның актер ретіндегі дебюті 1967 жылы түсірілген «Комиссар туралы баллада» фильмінен басталады. «Мосфильм» жас актердің дарынын байқап, оған ақ гвардия офицерінің рөлін ұсынды. Бір қызығы, өмірдегі болмысы мен мұраты есте бұл бейнемен қабыспайтын актер жауыз адам бейнесін кемеліне келтіре кейіптегені соншалық, осы фильмнен кейін оған үнемі жағымсыз кейіпкер бейнесі берілетін болады. Бұл туралы белгілі кеңестік режиссер Әлішер Хамдамов: «Оның бірінші сомдаған ролі зәрі әзіл секілді болды. Талғаттың қара былғары қолғап киген жас жауыз бейнесінің сәтті шыққаны сонша, кейін оған кілең жексұрын рөлдер



Коллажды жасаған — Қомыбай ШЕЖІМБІЙ, «EQ»

берілді. Ал ол өмір бойы басқа нәрсені армандады... — деп жазды. Ал актердің ішінде қандай арман кеткені, әрине, тек оның өзіне ғана аян...

Мәскеудегі оқуын бітіргеннен кейін Нығматулин өзінің туған жері Ташкентке көшіп келіп, 1971 жылы «Өзбекфильм» киностудиясына жұмысқа орналасады. Киностудияда оның қатысуымен бірнеше фильм түсірілді. Атап айтсақ, олардың қатарында 1972 жылы түсірілген «Жетінші оқ», 1973 жылғы «Кездесу мен қоштасу», 1976 жылы таспаланған «Сияуыш туралы аңыз» этникалық ертегісі, тағы да басқа туындылар бар. Сонымен қатар актер өзінің саналы ғұмырында жазушылық жұмысқа да белсене араласып, 1978 жылы білімін жетілдірді. Ол сценаристер мен кинорежиссерлердің жоғары курстарына қатысып, білікті маман атанды. Ал 1981 жылы Нығматулин өзінің «Жаңғырық» аталатын алғашқы қысқаметрлі фильмін түсірді.

Соңғы жұмбақ

Осынша өнерді бір басына жиюп, қай салада да жемісті нәтиже көрсете білген актердің өмірінің кенеттен қиылуы отбасы мен кино саласындағы әріптестері үшін ғана емес, барша көрермен үшін де төбеден жай түскендей сұмдық жаңалық болды. Талантты актерін жоқтап жылаған жұрттың қарасында шек болмады. Ал әртістің трагедиялық өлімін ауызға алудың өзі өзекке өкініш ұялатады.

Сол күнгі жұмбақ жағдайдың жай-жапсарына бойлауға талпынғанда, қасіретті қазаның артында тұрған қос есімді атайды. Олар — Абай Бөрібаев пен Мырза Қымбатбаев. Бұл кісілер туралы ақпарат көздерінде мынадай мәлімет беріледі: «70-жылдардың

соңында Бішкектің тумасы Абай Бөрібаев ерекше қасиетке ие Мырза Қымбатбаевты жолықтырады. Бөрібаев ықпалды номенклатуралық отбасынан шыққан, комсомолдық желі бойынша мансабын жасаған адам. Бірақ кейіннен Шығыс философиясына әуестеніп, адамның, оның ішінде мүмкіндігі ерекше адамдарды зерттейтін өз ғылыми зерттеу институтын (ФЗИ) құруды ойлады. Ал Мырза ауруды емдеп, болашақты болжай алатындай қабілетке ие еді. Абай Мырзамен танысқан соң іздеген адамы осы екенін бірден түсінді. Абай мен Мырзаның біраз адалаға сапары кезінде олардың айналасына оқырмандар қауымы жиналды. Брежнев дәуірінің соңында КСРО-да әртүрлі йоганың экзотикалық Шығыс ілімдері танымалдылыққа ие болды. Ерекше қабілетке ие қарт кісілер туралы әңгіме желдей тарайды. Жазушылар, суретшілер, актерлер, театр режиссерлері, университет оқытушылары — Абай мен Мырзаның алғашқы ізбасарлары болды. Кейінірек бұл қатарға Нығматулин де қосылды».

Бала күнінен тағдырдың түрлі тауқыметін бастан кешкен жаны нәзік актердің санасында қалған сол бір сызат кейін ол есейген шақта да маза бермейді. Үнемі өзін іздеп, жан қалауын рухани әлемнен табуға талпынған Талғат сектанттардың шырмауына оңай түседі. «Ұстаздарының» айтқанын екі етпеген актер соңғы кездесуінде олар бұйырған жауыздыққа бара алмайтынын айтып, тапсырмадан үзілді-кесілді бас тартпады әрі бұл ұйыммен түбегейлі ат құйрығын үзгісі келетінін де жеткізген екен-мыс. Мұны көтере алмаған қандықол қарақшылар болашағынан зор үміт күттіретін талантты әртісті аямайды. Талғат

Нығматулин 1985 жылдың 11 ақпанында Вильнюсте ауыр соққының салдарынан қайтыс болды. Тергеушілер жасаған ресми ақпаратқа сүйенсек, актер секта басшысы Абай Бөрібаевтың бұйырығымен айтқанына көнбегені үшін өлтірілген. Алдымен сектанттар Вильнюске жергілікті ізбасарлармен өзара мәселені шешуге жиналған. Абайдың әрекеттеріне көңілі толмағандар жаңа қауымдастықты құруды ойлаған. Бұл әрекет «ұстаздары» тарапынан әлбетте кешірілмеді. Жаза арқадағандардың қатарында Талғат Нығматулин де бар.

Тергеушілер актерді өлтірген қандықол қарақшыларды ізін суытпай ұстаған. Оның ішінде Абай мен Мырзадан бөлек, бір сектада болған көшбасшылар болған. Олар Нығматулинді өлтіргендерін жоққа шығарған жоқ. Бірақ әлі күнге дейін нақты не үшін өлтіргені, сол түні не болғаны ашымаған жұмбақ күйінде қалды. Небәрі 35 жасында бақилық болған актердің соңында үш перзенті қалды. Өкініштісі сол, 119 жерден жарақат алған актерді тіпті жұбайы белгілі актриса Венера Нығматулина да танымай қалған екен. Оның айтуынша, сүйіктісін көріп, есін жоғалтқан актриса үшін бұл қаралы күн — мәңгілік жадынан өшпейтін түнек пен трагедия. Актердің мүрдесі Ташкенттегі «Чилонзор Ота» зиратына жерленген.

Өмірден үнемі өзін іздеумен өткен талантты әртістің ақиқатқа жету жолындағы осы бір адасуы оның барлық ғұмырына соңғы үкім болғандай. Ал қараңғы түнге сіңіп жоқ болған ол құпия әлі күнге дейін жарыққа шықпады. Әйтпесе қаратқан қара белбеу иегерінің еш қарсылықсыз өзін өлімге жығып бергені шынымен де үлкен жұмбақ емес пе?..

ЖӘДІГЕР

Қабанбайдағы музей-үй

Қабанбай ауылының тұрғыны Бақыт Ақмолда көне заттарды ауласындағы қос бөлмелі қоңыр үйдің ішінде сөрелеп, жинастырып, музей етіп қойғанына таңғалдық. Екі иығына екі жігіт мінгендей өзі де Қабанбай батырдың кескін-келбетінен айнымайды екен.

Мерей ҚАЙНАРУЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Танысып, жөн сұрасқан соң күректей алақанымен жол нұсқай жүріп, жәдігерлер жиналған үйдің есігін ашты. Қос бөлмесі толған зат. Көбісі кешегі кеңес өкіметі тұсындағы тұрмыстық дүниелер. Майлы бодумен жазылған азды-көпті картиналар да бар екен. Соған қарағанда,

өзі де өнерден құралақан еместей көрінді.

— Зейнеткерлікке дейін қорықшылық қызметте болдым. Табиғатты қорғадым. Ол кезде маңайда аң-құс көп еді. Сөйтіп жүріп, көне жәдігерлерді де жинастырдым. Ермегім десе де болады. Кей-кейде сурет те салатынмын, — дейді Бақыт Жұмашұлы сөрелерде қаз-қатар тізілген заттарды таныстыра жүріп.

Не жоқ дейсіз бұл жерде? Қырқыншы жылғы таразы, XVIII ғасырдағы арбаның ағаш дөңгелегі, шок үтік, ток үтіктің түр-түрі, керосин шам секілді дүниелерді осы музей-үйден табасыз. Иә, музей-үй десе де болғандай. Мұндағы кейбір дүние үлкен музейлерде жоқ. Бүгінгі заманның баласы патефонды білер ме еді? Кілтті бір қарыс құлып, 1953 жылы жасалған ағаш орындқ секілді жәдігерлер де жетерлік.

Сөрелерді көзбен шала жүріп, осылардың ішіндегі ең құндысы қайсысы десең, жеке-дара тұрған жеті шауғімді көрсетті. Бес литрлік бұл шауғімді бір ешкі, бір



қарын май беріп сатып алыпты. Түп жағында Туладан шыққаны белгіленіпті. Зерттегендей болып, жәдігерлер туралы әртүрлі ақпарат көздеріне зер салсақ,

1930 жылдары жасалған сирек кездесетін шауғім екен.

Тізе берсек, жәдігер көп. Тіпті тұрып жатқан үйі толы көне зат. Көбін сұрағандарға бере де салған



екен. Міне, Қабанбайда көпшілік біле бермейтін осындай музей-үй бар.

Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы

27 ҚЫРКҮЙЕК – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТУРИЗМ КҮНІ

Серпінді саланың өрісі

Ел азаматтары отандық демалыс орындарында саяхаттауды жиілеті бастаған. Мұны ресми деректер де растайды. Қазір еліміздегі туризмнің ахуалы қандай? Бұл саланың біз күткендей дәрежеге жетуіне қандай факторлар кедергі болып отыр? Мәселенің мән-жайы Дүниежүзілік туризм күні қарсаңында «Қазақстандағы тұрақты туризм» тақырыбында Fishbowl-пікірталас алаңында талқыланды.



Суреттерді түсірген – Еран ОМАР, «EQ»

Бақытбек ҚАДЫР,
«Egemen Qazaqstan»

Fishbowl-пікірталасқа Астана қаласы мәслихатының депутаты, туристік саласының сарапшылары, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен қоғам қайраткерлері қатарынан 60-қа жуық адам қатысты.

Алқалы басқосу Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауындағы негізгі басымдықтарды ескере отырып, туризм саласын тұрақты дамыту мәселелеріне арналды. «Атамекен» ҰКП қолдауымен, Еуразиялық туризм қауымдастығы, Астана қалалық туризмді дамыту орталығы бірлесіп ұйымдастырған іс-шарада отандық туристік инфрақұрылымдарды жақсарту, инвестиция тарту жайы кеңінен сөз болды.

Президент іс басқармасы Президент орталығының директоры Бақытжан Темірболат құттықтау сөзінде туризм әлемдік экономиканың серпінді дамып келе жатқан салаларының бірі екенін, оның өсу қарқыны басқа салалардан екі есе жылдам екенін мәлім етті.

«Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында еліміздің туристік әлеуетін дамытудың стратегиялық маңызын айтты. Өсіресе туризмді дамыту қоршаған ортаны қорғаумен, мәдени мұрамызды сақтаумен қатар жүруі керектігін ескертті. Қазір туризм саласына құйылған инвестиция жылғы жүйелі салыстырғанда екі есе артып, 390 миллиард теңгеден асты. Туризм және спорт министрлігі арқылы жалпы құны шамамен 400 млрд теңгеге 61 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылып жатыр», деді Б.Темірболат.

«Ішкі туризмді ілгерілетуде осы бағыттағы мақсатты, жүйелі жұмыстарды, бекітілген бағдарламаларды уақытылы орындау керек, басымдықты еліміздің болашағы – жастар мен балалар саяхатына беру керек», дейді Президент орталығында өткен пікірталасқа қатысқан мамандардың дені. Олардың айтуынша, елдегі туризмді ілгерілетіпес бұрын шетелден, басқа өңірлерден келген қонақтар жиі баратын орындардың қызмет көрсету сапасын дамыту, көрікті жерлердегі құнды жәдігердің бүлінбеуін қатаң бақылауда ұстау қажет.

Еуразиялық туризм қауымдастығының президенті Рысты Қарабаева Дүниежүзілік туристік ұйымының, Дүниежүзілік саяхат және туризм жөніндегі кеңестің, Euromonitor International, басқа да ірі халықаралық ұйымдардың зерттеулеріне негізделген біраз жайларға тоқтады. Өсіресе, балалар саяхаты жөнінде жан-жақты әңгімеледі.

«Биыл Астанаға әртүрлі өңірден мыңнан астам бала келді. Олар қаладағы музейлерді, қызықты жерлерді аралады. Бала жастайынан өз елінің жақсы тұсын көріп өссе, ол оны мақтан тұтады. Сондықтан елде балалардың саяхаттауына жеңілдіктер жасалуы, қарастырылуы керек», деді Р.Қарабаева.

«Атамекен» ҰКП Туризм индустриясы комитетінің басшысы Юлия Якуповааның айтуынша, еліміздің бірегей табиғи аумақтары мен туристерді тартатын мәдени-тарихи орындарына ерекше күтім қажет.

«Тұрақты туризм – экономикалық өсуді, қоршаған ортаны қорғауды мен әлеуметтік-мәдени байланыстарды нығайтуды үйлестіруге мүмкіндік беретін стратегиялық даму жолы. Тұрақты туризм қағидаттарын енгізу әлемдік

саяхаттаушыларды тартуға, инвесторлардың назарын аударуға серпін беретіні сөзсіз», деді Ю.Якупова.

Ашық пікірталас алаңында отандық туризм саласындағы өзекті мәселелердің бірі – цифрлы технологияларды тиімді пайдалана отырып, саяхаттаушыларға қолайлы жағдай жасауға бағытталған ұсыныстар айтылды. Астана қалалық туризмді дамыту орталығының басшысы Әйгерім Есеналиева халықаралық туризмді дамытуға, оның ұлттық экономиканы өркендетуге, халықтың көп бөлігін жұмыспен қамтуға қосқан үлесі, сондай-ақ отандық туризмге инвестициялар тарту құралдары туралы мәселе көтерді.

Ә.Есеналиеваның айтуынша, «eQonaq» жүйесіне қыркүйек айында Астанаға 12 400-ге жуық шетелдік турист келген. Олардың жатын орынға, көлікке, тамақтануға, ойын-сауыққа жұмсалған жалпы шығыны 15,5 млн АҚШ долларын немесе 7,5 млрд теңгені құраған. Алыс шетелден келген туристердің орташа шығыны 1 500 доллардың шамасында. Шетелдік туристер санының көбеюіне ықпал еткен негізгі факторлар – Дүниежүзілік көшпелілер ойынының өтуі мен танымал әнші Димаш Құдайбергелінің концерттері. Осы екі шараны қызықтап келушілер ел экономикасына қосымша 625 мың доллар қосқан. Елорданың танымал туристік нысандарына 7-13 қыркүйек аралығында келушілер саны артқан. Ұлттық музей 14 мыңнан астам адамды қабылдап, «Астана-Бәйтерек» монументіне 15 мыңға жуық турист, ал «Нұр-Әлем» павильонына 10 мыңға жуық адам келген.

Ұлттық статистика бюросының дерегіне сәйкес, елімізге келетін шетелдік туристердің географиясы жыл сайын кеңейіп келеді. Мысалы, жақын

көршілерден бөлек, елімізге мұхиттың арғы бетіндегі мемлекеттерден де саяхатшылар келе бастаған. Шекаралас Ресей мен Қытайды айтпағанда, Үндістан (53 695 адам), Түркия (30 312), АҚШ (19 597) елдері үздік бестіктің қатарына кірген.

«Елімізге Үндістан, Түркия, АҚШ сияқты алпауыт елдерден келетін туристер санының артуы еліміздің әлемдік туристік картада жыл өткен сайын тартымды бағытқа айналып келе жатқанын көрсетеді. Біз туристік инфрақұрылымды дамытуды, әлемнің түкпір-түкпірінен келген саяхатшыларға қолайлы жағдай жасау шараларын жалғастырамыз», дейді Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Нұрғас Кәріпбаев.

«Бүгінгі кездесу елдегі тұрақты туризмді дамытудың келешегін талқылауға арналған бірегей алаңға айналып отыр. Ол еліміздің туристік саласын жетілдіруге бағытталған Президенттің басқармасымен БҰҰ жанындағы Дүниежүзілік туристік ұйым (UNWTO) арасындағы Ұнтымақтастық туралы меморандумға қол қою аясында ерекше өзектілікке ие болды», дейді ұйымдастырушылар.

Жиын барысында сарапшылардың дені жолдарды жөндеп, инфрақұрылымды дамытпа болсақ, елімізге келетін туристердің саны еселеніп артатынын алға тартты. Тарихи орындарымызды, тұрса табиғатымызды танытып, дұрыс насихаттай білсек, табысы мол саладан біздің де үлес алатынымыздан үміт мол екенін жарыса айтты.

Әрине, бұған дейінгі қыруар қаржы жұмсалған мемлекеттік жобалардың жемісі деп толық айтуға келмес, дегенмен, салада баяу болса да даму байқалады. Бұған елімізде өтіп жатқан әртүрлі іскерлік, мәдени, спорттық жиындардың өсері мол. Алайда тозған жолдар мен кейбір қолайсыздықтар саяхаттаушыларға еліміздің көрікті жерлерін көруге деген құлшынысына кедергі болып отырған жоқ. Мысалы, әлемде инфрақұрылымдық дамуы, жалпы өркениеті бізден едәуір төмен елдерде туризмнің ерекше дамығанын байқаймыз. Алысқа бармай-ақ, бір Моңғолияны алып қараныз. Қай мезгілде бара қалсаңыз да турист арылмайды. Ондағы жолдың жағдайы, тағы басқасын біздегі жағдаймен салыстыруға да келмейді. Сонда ол елге туристерді магнитте тартып тұрған не? Біздіңше, осы тұрғыда мамандардың мәселені басқа жақтан да қарап көргені дұрыс шығар.

Қазір әлемде кірісінің 90 пайыздан көбін осы саладан түскен қаражат қалыптастыратын елдер жетерлік. Ондай қосымша кіріс көзі боларлық әлеует бізде де мол, тек соны тиімді пайдаланып, дұрыс жолға қоя білесек ігі.

Әулиелі жер туриске де тартымды

Қайбір жылдары рухани сапармен Түркістан облысында болдық. Сапар басы Отырар ауданындағы Арыстан бабтан басталған еді. Облыс орталығынан 50 шақырымнан әрі жатқан Шәуілдірдегі киелі орынға қою қараңғыда жеттік.

Киелі кесенеге зиярат етушілер көп

Көпшілік білер деген оймен Арыстан баб туралы аңызға тоқтамаймыз. Өрі ел арасында тараған әпсана да көп. Бізге қызығы, оның жеті жайы (мәңгілік мекені немесе кесенесі) туралы айтылатын әңгіме. Аңызға сенсек, Арыстан баб өмірден өткенде оның мәйітін жер-жерден жиналғандар өз еліне алып кетпекке талас жүреді. Ақыры бір мәміле болмаған сыңайлы. Құдайдың күдіретімен мәйіт жеті бірдей мұрадеге айналыпты. Жеті мүрдені жеті түйеге артып қоя берген. Міне, сол жеті мүрденің екеуі қазақ жерінде екен.

«Аңызда әулиенің жер жүзінде жеті жайы болса, соның екеуі – осы Қазақстанда. Аралдың Ақирегінде жатқан әулиенің орын да жергілікті жұрт қатты әспеттейді. Біреуі – Қырғызстанның Жалалабад қаласында, Иранда екі жайы бар. Мекке-Мәдинада бір мазары болса, сосын Израильдің Тель-Авив қаласынан 50 шақырым жерде бабаның осындай қасиетті орны кездеседі», деген еді жолсапарға бірге шыққан белгілі ғалым, әдебиеттанушы Серікбай Қосанов.

Таңғаларлығы, Түркістандағы Арыстан баб кесенесінде келушілерге барлығы ұйымдастырылған. Өрі мұнда туристер легі толассыз екені көзге көрініп-ақ тұр. Зәулім мешіт пен түрлі қонақжай, сырттан келгендерге дайын асхана, мұның барлығы жол бойын тізбектей орналасқан. Әрине, барлығы тегін емес. Мұнда еміне шипа іздеген де, өзіне нұрлы жол тілеген де, сәби үніне зар болғандар да, тіпті, күнінен қорғар телпегі мен жылтырақ көзілдірігін таққан ұлты бөлек, өзге діндегі шетелдіктер де қаптап жүр. Мұның бәрі сол жол бойында, жоғарыда айтқан қонақүй мен дәмханалардың саудасын әбден қыздырып тұр.

Өз басым осы оңтүстік өңірдегі киелі бабалар басына келушілердің неге басым екеніне жауап та іздедім. Ең бастысы, мұндағы әр тарихи орынға инфрақұрылым жағынан көп жағдай жасалған. Суда, газда, жол да жетіп тұр. Жарық көзі барлық жерге тартылыпты. Самсаған кәсіпкер сізге қажеттінің бәрін осында орналастырыпты. Тіпті, құрбандыққа шалар малды да осы жақтан табаңыз. Айттып отырғанымдай, көп дүкен мен дәмхана сізді осылай қарсы алады. Өз елімізден де, сырт мемлекеттен де келетін туристердің осы аймаққа жиі соғатыны да – осы.

Ақиректегі Арыстан бабтың жайы қалай?

Қош, біз ендігі сөзді Қызылорда облысы Арал ауданындағы Ақбай ауылына жақын орналасқан Арыстан бабтың тағы бір жайына бұрсaq. Онда барсаңыз, сізге ең алдымен Ақбай ауылының дәл іргесінен көлденеу Ақирек тауы көрінер еді. Ақирек десе дегендей-ақ, ауыл сыртын иректеле орныққан. Осы тауда Арыстан бабтың бір жайы бар дегенімізге көп адам анық сенсе бермейді. Себебі насихатталуы тең аз. Көнекөздер бұл төңірек бұрын тұнғандық орны дейді. Халық білетін аңызда айтылғандай, жеті мүрденің бірін артқан түліенің шөкден тұсына

біз де бардық. Арыстан бабтың мәңгілік мекені бір кездері теңіз толқыны ұрған Ақиректің бір төбесіне салыныпты.

Мұндағы әулиенің басы қарапайым ақ таспен қоршалыпты. Қорым басында бабаның төрт құлақ тамынан бөлек, Бала әулие, Қыз әулие сынды киелі орындар, жергілікті, тіпті қарақалпақтың Қият руының құлпытастары да кездеседі. Бейітті жағалай жүрсеніз, түрлі аң-құспен қолданған бұйымдардың тастағы бейнесі көзге көп түседі.

Естүімзіше, Отырарда көрген баба кесенесі басындағыдай мұнда келушілер жетерлік. Қыс айларында сирейтіні болмаса, жаны қысылғанда әулиенің медет сұрап келетін пенделерден бөлек, ислам дініне мойынсынған мұсылман атаулының қарасы мұнда да мол. Көзбен көрген тағы бір нәрсе, «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» жолына 10 шақырым ғана қашықтықта жатқан қасиетті жерге барар жолға көңіл шіркіннің көншімегені рас. Адам түгілі, көліктің жоғары қарай өрлеуі қиын. Бұл – бір. Екіншіден, Ақбай ауылына жақын орналасқан баба қорымының басына бүгінге дейін электр жарығы тартылмапты. Тек күн батерейлары бар. Айтпақшы, баба басындағы түнеуханаларды көбіне жергілікті халық асарлатып немесе жеке адамның қолдауымен тұрғызған. Осындағы жұрт бабаның мейір-шапағаты тисін деген себеппен киізін басып, төріне іліп, көрпе-төсегін қалыңдау етіп төсеіп, келушілер пайдаланатын ыдыс-аяғына дейін молынан қойыпты. Мұндағы қиындық – ауызсудың тапшылығы. Демеушілер мен қайырымды жандардың қолғабысымен қолдан құйылған тасқұдыққа жақын ауылдан су тасы-малданады.

Осындай жетіспеушілік болғанымен, қасиетті жерге барар адам қарасы көп. Әдетте, зиярат етуге ниет еткен азаматтар рухани астанамыз Түркістанға жақын орналасқан Отырар төріндегі Арыстан баб кесенесіне арнайы ат басын тіреуге тырысады. Оған бұл маңда арасы жақын киелі орындардың көптігі де себеп шығар. Бірақ Сыр бойындағы жұрт Аралдағы Арыстан баб туралы аңыздың түпкі негізіне сеніп келеді. Көргеніміз бен түйгенімізді саралай келе, баба жатыр деген сенімдегі қос мекеннің ахуалын қаз-қалпында беруге тырыстық. Енді осынау киелі мекенді гүлдендіріп, туризмнің дамуына дем беруге болмас па?

Біз бұған дейін атқарылған жұмысты да жоққа шығармаймыз. Ежелгі кесенелер мен көне қалалар орны өзгерлеп тамсанатын Рим, Мысыр, Қытай өркениеттерімен иық тіресіп, шежірелі тарихтан сыр шерте алатыны анық. Бір жақсысы, барлық құнды жәдігер мемлекет бақылауына өтіп, қамқорлыққа алынды. Бұл да болса ұлт мұрасына адалдық танытып, көне тарихымызды жаңғыртуда атқарылған көптеген игі істің нәтижесі. Ал Арал топырағына табынаң тие бере дәл алдыңнан көрінер Арыстан баб әулиенің кесенесі мен жан-жағын көркейтуді тиісті орындар назарға алса, мұнда ат басын тірейтін ағайынның қарасы тіпті көбейеді деген сенім зор.

Ержан ҚОЖАС,
журналист

Баршаны баураған Бурабай

Биыл жазда еліміздің солтүстігіндегі өлкелер жауын-шашынды болғанына қарамастан, туристік маусымда «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне жарты миллионға жуық қонақ барған.

Сәндібек АСАНӨЛІ,
«Egemen Qazaqstan»

Ресми деректерге сүйенсек, маусым-тамыз аралығында Бурабайға 450 мыңнан астам қонақ сапарлаған. Бұл статистиканы бытырмен салыстырсақ, 20 мыңға артық. «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің дирекциясы хабарлағандай, жыл басынан бері ұлттық парк 650 мыңнан астам қонақ қабылдаған. Ал бытырғы осы мезгілдегі көрсеткіш – 550,7 мың адам. Бұл Ұлттық паркке туристерді тарту бағытында іске асып жатқан жұмыстың жемісі. Өйткені Бурабай бүгінде елшілік қана емес, халықаралық

денгейдегі спорттық іс-шаралар өтетін орынға айналып келеді. Ол Бурабайды танытып, туристерді тартуға ықпал етеді. Мысалы, биыл «X-Waters Kazakhstan 2024», «Aqbara Bay trail 2024» сынды спорттық іс-шараларға мыңдаған адам келген.

«Инфрақұрылымды дамытып, экскурсиялық бағдарламаларды кеңейте берсек, бұл қадаммыз елдегі ғана емес, шетелден келген қонақтарды да қызықтырады. Туристік маусымда қонақтардың көп келуіне ықпалдасады. Жазда паркке 8 мыңнан астам шетелдік турист келді. Қонақтардың географиясы жөнінде ТОП-5 елдің қатарында Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан,

Германия, Қытай бар. АҚШ азаматтары да қызығушылық танытып отыр», деді «Бурабай» МҰТП директорының даму жөніндегі орынбасары Венера Нұғыманова.

«Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі экологиялық туризмді дамытуға ерекше назар аударып келеді. Ұлттық парк басшылығы туризмнің осы бағытын дамыту мақсатында қандай қадамға бару керектігін жақсы біледі. Осы тұрғыда алдағы уақытта Бурабайдың ажары кіре түседі дегенге сенім мол. Бүгінгі өзінде аумақтың табиғатымен жақынырақ танысуға көмектесетін экологиялық соқпақтар мен туристік маршруттар арқылы жазда 9 мыңнан астам адам жүріп өткен. Жазғы маусымның қорытындысынан «Бурабай» ұлттық паркі ішкі туризмнің жетекші бағыттарының бірі ретіндегі позициясын нығайта түскені анық байқалады.



ЖУРНАЛИСТ ЖОЛЖАЗБАЛАРЫ

Алтайдың арғы жағында...

Арғы жағалауын телегей Тынық мұхиттың толқыны соққылап жатса, бергі жағы бізбен қақпалас Қытай еліне сапарладық. Көздегіміз құмырсқаның илеуіндегі ығы-жығы қалалары емес, Алтайдың батыс солтүстігінде мөлдіреп жатқан әйгілі Қанас көлі еді. Көлді көреліміз деп жүріп, Үрімжі қаласына жол түсіп, Жеменейдің кәсіпорындарын араладық.



Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Сәті түскен сапар

Түпкі мақсат Қанасты қызықтап қайту ғана емес, Қытайдың Алтай аймағындағы туризмнің дамуын, сол барыстағы жұмыстарының әдіс-тәсілдерін көргіміз келген. Катонқарағай өңірімен ұқсас болғандықтан, үйренерлік үлгі, үрдістерін елдегі туризмде түрен салып жүрген азаматтарға айта келсек деп те ойлағанбыз. Арғы беттегі Алтайдың инфрақұрылымы дамып кетті дегені болмаса, табиғаты Катонқарағай, Марқакөл аудандарымен ұқсас деп естігінбіз. Соны сан рет естігенге, бір көріп қайтуға ниет қылғалы қашан?

Қайсыбір күні Зайсан ауданының әкімі Аэлига Ахметсәлімқызымен емен-жарқын әңгімелесіп отырып, аты аңыз Қанас көлін көріп қайтса шіркін деп, арманымызды түспалдағанбыз. Арада көп уақыт өтпей, әкім ханым Зайсан ауданының округ әкімдерінен құралған делегацияның жолға шығатынын жеткізді. Белгіленген уақытта салып-ұрып шекараға жетіп бардық. Көп бөтелген жоқпыз. Маңдай тұстан қызыл ту желбіреп, етегі қайқы шатырлы үйлер көрінді. Бекеттің босағасынан аттағанмыз сол, алдымыздан «юань айырбастаймыз» деп, өзіміздің ақ жаулықты аналарымыз шықты. Мұнда бір теңгеміз қытайдың валютасына шаққанда – 67 юань. Содан соң Алтай аймағына қарасты Жеменей ауданының басшылары қуана қарсы алып, қонақжайлылық танытты.

Үрімжідегі үш күн

Делегацияның негізгі құрамы араға үш күн салып келетін болған соң, Жеменейде көп аядаған жоқпыз. Үрімжіні неге көріп қайтасқа деп, қайта атқа қондық. Жеменей мен Үрімжінің арасы – 700 шақырым. Жолы біздің жақтағыдай шұрқыраған ауылдар көп кездеспейді. Кейбір тұстары күлән жортқан шөл дала, құмды белдер. Енді бір белестен ассақ, жалаң жота. Біткен орманды тау жоқ.

Үрімжіге түндегіліп жеттік. Сағат тілі біздің жақтан үш сағатқа алда. Сағаты ғана емес, жалпы мемлекеттің дамуы да көш ілгері. Манчжурлар әулеті билеген Цин империясынан кейін, 1949 жылы Қытай Халық Республикасы болып жарияланған. Биыл 30 қыркүйекте уық тіктегендеріне тура 75 жыл.

Жеті қаранғы түн. Үрімжінің көк тіреген қоңқабагты үйлерінде жарқырап тұрған шам жоқ. Қала сүт-сүр секілді. Халық саны 2 миллионнан астам болса да, көлденең жүрген көлік те, сабылып жүрген адам да байқалмады.

Ертесінде тамыр-таныстар арқылы қаланы аралауға жолбасшы тауып алдық.

Орта бойлы, тарамыстау қазақ жігіті екен. Есендескен соң елін сұрадық. Елін білген соң есімін сұрадық. Сәл әңгімеден кейін ағабауырдай шүйіркелесіп кеттік. Үрімжіде туып-өскендіктен, қаланың әр пұшпағын беш саусағындай біліп тұр.

– Қытайша оқыдық. Бірақ ата-анамыз үйде қазақша ғана сөйлеткен. Әйтпесе, шүлдірлеп кетер едік. Біздің балалар ой, өз тілдерін ұмытты, – дейді жолбасшымыз (өңгіме арасында есімін жазбауды өтінген).

Көшелерінде көлік кептелістері көп емес. Айқыш-үйкіш жерүсті жолдарын салып тастаған. Жолбасшы жігіт Үрімжіге келген қонақ ең бірінші ұйғыр базарын көреді деп, сонда алып барды. Маңайы құжынаған адам. Базардың кіреберісінде әкімдікке кіргендей тексерді. Қол сөмкені сканерден өткізіп, өзімізді арнайы таяқшамен тінтті. Қалтарыстардағы әскери көліктерде қарулы жасақтар қаққан қазықтай кірпік қақпай, маңайды күзетіп тұр. Базардың ішінде құстың сүтінен басқаның бәрі бардай көрінді. Катонқарағай, Марқакөл өңіріндегі шұғынның гүлінің тамырынан шығатын құрттың кептірілгені қап-қабымен сөрелерде тұр. Бағасы да баршылық. Алтайдың байлығын іздесек, осы жерден тапқандаймыз. Бұғының мүйізінен бастап, дәрілік шөптің түр-түрі тізілген. Базар емес, бейне бір музей аралап жүргендейміз. Жолбасшы жігіт базардан соң бізді қазақтың дәмханасына алып келді. Кешелі бері ашы тамақ пен көк шай батпаған соң, өзіміздің қою күрөң шайды іздегеніміз рас еді. Қазақы асхана, қазақы дәм. Күмбірлеп күй ойлап тұр.

Ертесі қаланың көрікті жерлерін араладық. Алдымен кеше көзіміз түскен Қызыл тауға шығайық деп шешкенбіз. Тау болғанда, қаланың қақ ортасында шошайып тұрған шоқы. Биіктігі теңіз деңгейінен мыңақ метр. Цин империясының тұсында сол шоқының басында шіркеу болған деседі. Кейін соғыс жылдары оны бұзып, орнына кірпіштен мұнара өріп тұрғызыпты. Бүкіл Үрімжі халқы осы таудың басында жүргендей көрінді. Таудың айналдасы құлпырған саябақ. Жасанды көлінде шоршыған балық. Ұшар басынан Үрімжі алақандағыдай көрінді. Ашық күндері асқарын мәңгі қар басқан Тянь-Шань тауы мұнартады деседі. Бұл биікті неге Қызыл тау атап кеткен десек, бертелі қызылт.

Ендігі бағыт – орталық алаң. Қаланың қай жағынан кіріп, қай жағынан шығып жүргенімізді бағдарлау мүмкін емес. Аспанмен астақан гимараттар, айқыш-үйкіш жолдар. Мекемелердің маңдай-шаларындағы жырбырлаған иероглифтерді өздері танып үлгермей жатқанда, біз қайдан оқимыз? Айналасы жүріп, өңір билігі поғырланған гимараттың қарама-қарсы жағына келіп тоқтадық. Күзеті мығым көрінеді. Гимарат алдындағы атшаптырым алаңның төрінде ту тігілген. Бергі басында

қарапайым композициялық ескерткіш тұр. Төрт қырлы. Нендей мүсін деп жолбасшымыздан сұрасақ, Қытай – Жапон соғысында қан төккен сарбаздарға арналған деп түсіндірді.

Үш күн ішінде қаланы бастан-аяқ аралап шығу әсте мүмкін емес. Өңірмен аз уақыт ішінде толық танысамын деген саяхатшы өлкетану музейін міндетті түрде көруі керек деген ұстаныммен орталық музейге бас сұқтық. Кіру тегін. Арнайы экскурсоводпен емес, өзіміз аралап жүрміз. Қай дәуір екенін қайдам, адамдарды жерлеу тәсілдері Берелдегі сактар мен түркілердің заманына ұқсас екен. Оны да шағын макеттен көрдік. Қалтарыстағы бір бөлмеге кіріп барғанмызда Цин империясына тап болғандай күй кештік. Гиперреализм жанрындағы адам мүсіндері міне-міне тірліп кететіндей көрінді. Музейден күндіз түпнұсқа дүние таппадық. Жасандылық көп. Соның өзінде ескістеріде тығым жоқ.

Кешкісін Шыңжаң ұйғыр автономиялық орталығындағы танысқан ағайынға қош айтысып, Жеменейге қарай жылжыдық.

Жеменей – өндіріс ошағы

Зайсан мен Жеменей арасын шекара бекеті бөліп тұр демесек, сауда-саттық, алыс-беріс қайта жанданған. Екі елдің Президенттері кездесіп, визасыз режимге көшіріскеннен бері барыс-келіс тіптен қызған. Қытай сапарының ресми бөлімі Жеменейден басталды. Зайсан ауданының әкімі Аэлига Ахметсәлімқызы төрт ауылдық округі әкімдерінің басын қосып, Қытайдың Алтай аймағындағы өндіріс ошақтары мен туризмнің әлеуетін көрсетуді көздеген екен. Сонымен қатар шекара сызығында тұрған «Достық» көпірін жаңартуды да жан-жақты талқылады.

– Біз жүрген жолдар кешегі Жібек жолы. Соны біз қайта жаңғыртып, екі елдің экономикалық қарым-қатынасын күшейте түсуіміз керек. Бұл тұрғыда мемлекет тарапынан қолдау бар. Визасыз режимнің өзі қаншама жеңілдік бізге. Тек жұмыс істеуіміз керек, – деді Аэлига Ахметсәлімқызы ресми басқосуда.

Айтылған ұсыныстарды екінші тарап басшылары да қуана құп алып, қолға алынған жұмыстар мен болашақ жоспарларды жүзеге асыруға дайын екендерін жеткізді. Біз ең әуелі өндіріс ошақтары мен сауда нүктелерін араладық. Жеменейдің шет жағында кең сарайдай сауда орталығы



ашылыпты. Ішінде ұсақ-түйектен бастап, Қытайдың отандық көліктеріне дейін сатылады. Бұл орталықтың елімізге тиімді тұсы ішкі Қытайдағы тауарды осы жерден түпкі бағасымен сатып алуға мүмкіндік қарастырылып отыр. Екі ел экономикасын арттыру мақсатында Алтай қаласынан Жеменейге дейін теміржол тарту мәселесі де назарға алыныпты.

– Мәселен, сіз киім-кешек алғыңыз келді ме, ішкі өлкеге барып уақытыңызды, ақшаңызды ысырап етпейсіз. Бір ғана орыннан сатып алып кетуіңіз мүмкін, – дейді сауда орталығының жұмысымен таныстырып жүрген Қуат мырза.

«Жахн» серіктестігі ашқан сауда орталығы өкілдерінің айтуынша, олар біздің елге қажет дүниенің барлығын шығарып беруге әзір. Қазіргі уақытта қағаз, сабын өндіріп, экспорттап отыр. Ал өзіміздің Катонқарағайдың балы-суараныс жоғары. Жалпы, кімде-кім Қытайға сертификатталған өнім апарып

сатса, сауда үйлерінің бірінде арнайы орын қарастырылған. Тиімді тұсы, затыңыз 500 килограмнан аспаса, шекарада салық пен сауда орныңызға аренда құнын төлемейсіз. Жермен айналысамын десеніз, Қытай елі жоңышқаға дейін қабылдауға әзір. Жоңышқаны үгітіп, қаттайтын құрылғылар, қаз-қатар тізілген қоймалары дайын тұр. Бір қоймаға 5 мың тонна шөп сақталса, мұндай 7 қойма бар. Алайда проблемалар да жоқ емес. Мәселенің шетін Зайсан аудандық мәслихатының төрағасы Еркебұлан Серікұлы шығарды.

– Біздің білуімізше, Жеменейде 21 су қоймасы бар. Өзендер аз. Қар, жауын суын ысырап етпей, дұрыс пайдаланасыздар. Ал Зайсанда жоңышқа егеміз десек, ең алдымен, Кендірлік су қоймасын салу керек. Ол ауадай қажет. Сонда ғана шаруаның тасы өрте домалайды, – деп шегелей айтып.

Десе де, ел кәсіпкерлеріне тиімді ұсыныстар аз емес. Мұндай мүмкіндікті барлаған Зайсан ауданынан арнайы келген округ әкімдері де ойланyp қалды.

– Екі ел арасындағы кәсіпкерлік байланысты нығайтуға мүмкіндік мол екен. Бұл сапардан түйенімізді, көргенімізді, ауыл азаматтарына айтып барамыз, – деді Біржан ауылдық округінің әкімі Дидар Ошақбаев.

Өзірше Қытайға Шығыс Қазақстаннан күнбағыс майы ғана жетіп жатыр. Ал өздерінде таза бидай өнімін шығаратын кәсіпорындар сирек көрінеді. Соның бірі – «Икан» компаниясы. Олар жылына 10 мың тонна үн өндіріп отыр. Қосымша кесте сынды бірнеше түрлі өнімі бар. Үкімет мұндай компанияларға үнемі қолдау көрсетіп отырады. Делегацияға жолбасшы болып жүрген үкімет азаматтары 1999 жылы құрылған Астық сақтау қамбасына да алып барды. Бұрын мұнда 30 мың тонна астық сақталса, қазір екі есеге арттырған. Қажет болса 100 тоннаға жуық астықты кептіріп, қамбаға сыйғыза аламыз дейді кәсіпорын қызметкерлері. Жеменей егістікке қолайлы өңір болғандықтан, астық та біткі шығатын секілді. Қамбаға кезек те тұрған жүк көліктері де молшылықты меңзегендей.

Алақандай Жеменейдің маңында өндіріс ошақтары да аз емес. Керек десеніз, жел электр стансасын құрастыру зауытына дейін жұмыс істеп тұр. Мұнда күздің күші егістік алқаптарында тамшылатып суарудан қалған шлангтарды қайта өңдеу зауытына дейін бар. Бірінен шығып, біріне кіріп жүрміз.



Балық өңдеу цехы, тауарлы сүт фермасы, жүздеген гектарды алып жатқан жылыжайлар, тағысын тағы. Жылыжайдың тоқымдай жерінен ғана тонналап өнім алып отыр.

Қайран Қанас!

Сапардың финалы – Қойтас пен Қанас. Екеуі де туристік орындар. Жеменейден 40-45 шақырым жердегі Қойтас – қазақ малшыларының қыстауы. Қысы жайлы, ықтасын жер. Былтыр ішкі Қытайдан мұнда 6 млн саяхатшы келсе, олардың барлығы дерлік Қойтастың тұмса табиғатын қызықтауға ағылған. Туристерге арналып жол бойындағы Тосты ауылында мыңдаған адамды қабылдап алуға қауқарлы қонақүй кешені бой көтерген. Кешен емес, бейне бір ауыл дерсіз. Отбасыларға арналған қонақүйлерді қолға түскен құрылыс материалмен көтере салмаған, ішкі-сыртқы дизайнны ерекше мән берген. Қойтастың табиғатына қарай лайықтап, үйлердің қабырғаларына жартастардағы

петроглифтерді бейнелеген. Біздің жақтағы Бестерек ауылына салынған музейдің төрт бұрышын қаңылтырмен қаптап салмай, осындай стильде көркемдесе, бәлкім көз тартар ма еді деген ой келді.

Заулап келіп, жота-жотаның арасына кіріп кеттік. Бір ғажабы, таудың ара-арасына дейін асфальт. Қойтас десе, Қойтас. Қойдай тас қана емес, түйедей тастардың да түр-түрін көрдік. Әр қырынан әртүрлі пішіндегі жұмыр тасты қызықтаушы саяхатшылар да көп. Бізге жол көрсетіп жүрген жігіттердің көңілдеріне келсе де, «табиғаттарыңызға емес, тау-тастың арасына салып тастаған асфальттарыңызға таңғалдық» деп ашығын айттық. Рас, тасты таулар Ұлан, Күршім, Катонқарағай өңірлерінде баршылық. Бірақ асфальтқа жарымай келеміз. Әлемге әйгілі Катонқарағайдағы Берел-қорық музейіне дейінгі жолдың жыры әлі біткен жоқ. Бар-жоғы сегіз-ақ шақырым. Тау басындағы Рахман, Қарақөл туралы жақ ашуды қойдық. Ал мұнда Қойтас үңгіріне жаяу баратын жолға дейін тактай төсеп тастаған. Қатар тұрған екінші үңгірдің ішінде археологиялық қазба жұмыстары жасалып, 45 мың жыл бұрынғы адамзаттың тұрмысын айшықтайтын жәдігерлер шыққан көрінеді. Алайда жәдігерлердің түпнұсқасы былай тұрсын, көшірмелерін де көре алған жоқпыз. Тек тормен қоршап қойған орынды ғана қашықтан қызықтадық. Соның өзінде қаптаған саяхатшы таң-тамаша болып жүр.

Сапардың соңғы күні арман болған Қанас көлін де көрдік. Күншілік жер дегені – Жеменейден 260 шақырым. Буыршынды басып өтіп, Қытайдың солтүстік-батысына қарай бұрылды. Тақыр таулар бірте-бірте бұйраланып, биіктей берген. Жолай Ойыл қыстағындағы қонақүй кешеніне соғып, саяхатшыларды қалай күтіп алып жатқанын байқадық. Мұндағы қонақүйлердің дені қадімгі темір қаңғалы өзіміздің киіз үйлер. Соны әсемдеп, сәндеп, жерден көтеріп қойған. Мұндай кешенді салуға үкіметтен қомақты қаржы бөлініп, ауыл тұрғындарына ұсынған. Турист Қойтаста көп пе десек, Қанасқа бағыт алғандарда тіптен қисап жоқ.

Шыңның бүйірін тесіп салған тоннельден өттік. Тау-таудың арасын жалпап тұрған бірнеше көпірді артақ тастадық. Ақ күнгейі жайлауы мен Ботамойыннан асқан соң Қанас өзенін жағаладық. Ақ көбігін көкке шашқан тентек өзенге ұқсайды. Айна-




ламызға қарасақ, өзіміздің Катонқарағай мен Марқакөлдің бір пұшпағында келе жатқандаймыз.

Қанасқа таяғанда біз мінген автобустың да жүрісі баяулады. Тау іші кептеліс. Жол бойы қонақүйлер. Іркес-тіркес автобустар Қанасқа кіруге кезек күтіп тұр. Үкіметтегі азаматтардың айтуынша, жаздың бел ортасында мұнда бір күнде 60 мың турист кірген екен. Бір күнде. Ал Катонқарағай Ұлттық табиғи паркіне қол көлемінде 10 мыңның айналасында ғана турист табан тірейді...

Көлдің аумағына жетіп тоқтадық. Бөренеден қиып салынған қонелеу үйлер көзге оттай салынды. Қона болғанмын, қонақүй ретінде жасақтап қойған. Тегі қол маңы мекендеген тывалардың үй-жайы осы болса керек. Білуімізше, көлдің айналасында тывалар тұрған. «Қанас» деген сөздің өзі тыва тілінен аударғанда көрікті де сырлы көл деген мағынаны береді. Иә, көрікті десе көрікті. Қытайдағы ең терең көл осы – 188 метр. Көл жағасындағы пірсте суретке түсе қойық десек, орын жоқ. Көлді тек қызықтап қайтқаның болмаса, суына не түсуге, не балық аулауға рұқсат жоқ. Әйтпесе, балықтың 7 түрі бар. Қона-көздердің айтуынша, бұл маң 1990 жылдарға дейін адам аяғы бас бермеген тұмса табиғат болыпты. Мұнда арнайы төсеп тастаған про-туармен ғана жүресіз. Біздегідей сай-саланы аралап кете алмайсыз. Әр-әр жерде күзет, желкенде бейнекамера.

Біз тұрған жерден Марқакөлдің Балықтыбұлағы 25-30 шақырым болса, Катонқарағайдың Шыңдығатайы 40-50 шақырымда ғана жатыр. Орталы тек шекара сызығы мен Алтайдың бір сілемі бөлен. Ал даму қарқыны жер мен көктей. Неше жыл аңсаған Қанастың жағасында бір сағат жүрдік пе, жүрмедік пе, кері қайттық.



Суреттер: түсірген – автор

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Өнер өрелі болсын десек...

Тәуелсіздіктің арқасында қазақ қоғамы өзгерді. Технократияға ұмтылыс басымдық алды. Әрине, оның шаруаға тигізетін пайдасы аз емес. Ұлттық руханияттың жағдайы да экономикамен бірге ширауы керек еді. Ата-бабадан қалған айнымас жолымыз бар. Бәрі санамызда кестеленіп, миямызға орнықпаса, қарын тойдырғанның біржақты көрсеткіші кемелденудің кепілі бола алмайды. Сондықтан руханияттың өзекті саласының бірі – көркемсуретті өркендету талаптарына сай өнегелеуге міндеттіміз.

Осыдан келіп бейнелеу өнері қазір қай дәрежеде деген заңды сұрақ туындайды. «Малымды алсаң ал Құдай, пейілімді алма» деген тәмсілдің философиясы біз іздеген сұраққа жауап беріп тұрғандай. Аш қарын тойынар, ал рухани мешуеулікке ұрынсақ обалы кімге? Ата-бабамыз соны күні бұрын болжап, ұрпақтарын қамсыз шапқылаудан сақтандырып отырған. Мұқағали ағамыздың «халқымның өз айтқанын қайталадым» дегені руханиятты меңзейді. Арман-мұраттың ұлтқа қажет алтын ережесі сақталмай, өркеніет жеңісінің игілігіне кенелу мүмкін емес.

Бейнелеу өнерінің кіріспесін тастағы таңбалардан көреміз. Сол өрнек уақыт тезіне көмескіленбей, өзегін байытып, өзіне тән үрдіспен жалғасын тапса, нұр үстіне нұр емес пе? Осы өнердің адамзатқа тән ортақ табысының ішінде ұлттық ерекшеліктеріміз мен мұндалап тұрса қандай ғанибет. Жас таланттарды тәрбиелегенде, осындай мазмұндарды бойына сіңіруге күш салау тиіспіз.

Алыстан келген қонақтар ел ордасы Астананың қала сыртынан аттаған сәтте қазақтың қаласына келгенін сезінуі керек. Сезінбесе, сезіндіре алмаса өнерімізден не пайда? Астана үлгі көрсетсе, аймақтар соған қарап бой түзейді. Мұндай идеялар жүзеге асырылатын суретші мен сәулетшілердің абыройы туындайды. Ұлттық танымға қаныққан кадрлар бір жақтан келмейді, оны шынықтыратын, қатарға қосатын өзіміз, қоғамымыз. Академик Әлкей Марғұлан «...өнерде өзіндік қолтабыс жоқ халық өледі» деген екен.

Ұлттық танымды, берік қалыптасқан салт-дәстүрді елең-ескермейтін «өркеніеттің» тоңмойындары пайда бола бастады. Өзімізден өзіміз алшақтап, өзгені үлгі тұтатын жасандылық бой көрсетіп жүр. Ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарастар биіктеу керек еді, үмітіміз ақтала қойған жоқ. Мәдениет пен өнердің жанкешті қайраткерлері атанған әріптестерім – суретшілер, мүсіншілер, қолөнершілер, т.б. шеберлер үкімет назарынан тыс қалғандай сезіледі. Мәселен, «қылқалам мен қашау» мамандығы көпке дейін легитимді болып, мемлекеттік еңбек реестрінде тіркелген. Кезінде бұл мамандықтар құрметті болып саналды. Тіпті оларға белгілі бір қамқорлық белгіленді.

Қазір ше? Несін жасырайық, қазір суретшілер қауымының тіршілігін биік біле бермейді. Алайда таланттар сиреген жоқ. Жы сайын жүздеген, тіпті мыңдаған дизайнер мен суретші даярланады, жоғары біліммен қамтамасыз етіледі. Бұдан бөлек,

суретшілерді біріктіретін кәсіби одақ та бар. Өкінішке қарай, еңбек заңнамасында олардың өзіндік мәртебесі айқындалмаған. Бұған не дейсіз? Дүниежүзімен бәсекеге түскенде – алдымен мәдениетімізді, өнерімізді бетке ұстаймыз. Әлеммен иық тірестіру – экономикалық жетістікке ғана емес, мәдениеттің, өнер мен әдебиеттің, ғылымның, спорттың кемелденуіне тығыз байланысты.

Суретшілер – шығармашылық тұлғалар. Туындылары арқылы ұлт руханиятына үлес қосатын жандар. Еңбектері – мұражайларда, өнерді сүйетін отбасылардың төрінде, шетелдерде сақтаулы. Уақыт сынынан сүрінбейтін байлығымыз осылар. Бейнелеу өнері, бұл – көркемдік және шығармашылық іс-әрекет арқылы адамдардың танымын тереңдетеді, талғамын өсіреді. Өртүрлі материалдармен жұмыс істеудің технологияларын үйретеді, шығармашылық әлеуетті шыңдайды. Дамыған елдер бейнелеу өнеріне мемлекет саясатының бір бөлігі ретінде қарайды. Жалпы білім беретін мектептерде бейнелеу өнерін оқытуды стратегиялық басымдыққа балайды (АҚШ, Жапония, Франция, Қытай т.б.). Әсіресе Қытайдың қамқорлығы ерекше.

Бейнелеу өнеріне баулитын бірінші баспалақ – мектеп. Елімізде осы мәселеге мән беру көңіл көншітпейді. «Көркем еңбек» пен «Сызу» пәндері бірігіп, сағаттары қысқарған. Бұл ұрпаққа керек рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбие дамуының баяулай бастағаны. Мемлекетіміз үшін маңызды әрі қажетті шығармашылық, шығармашылық-педагогикалық мамандықтардың білім беру нарығынан кетуі және көркем білім беру саласындағы көптеген кәсіби педагогтерді «сыртқа тастау». Тұрақты дамудың мемлекеттік бағдарламаларын толық ерекше жүзеге асырудың мүмкін еместігі.

Қазір жалпы білім беретін мектептерде «Бейнелеу өнері» мен «Технология» пәндері қосылып кеткен. Ол 2017 жылдан бері «Көркем еңбек» пәні болып 1,2,5,7-сыныптарда жүргізіледі. Аталған пән заманауи көркем білім беру тапсырмаларын толық қамти алмайды. Біріншіден, ешбір жоғары оқу орнында «Көркем еңбек» мамандарын даярламайды. Ондай классификатор жоқ. Екіншіден, көркем еңбек пәнінен қай мамандық иесі сабақ береді деген сұраққа жауап табу қиын. «Бейнелеу өнері және сызу» мұғалімі ме? Әлде оны «Технология» пәнінің мұғалімі жүргізе ме? Қай жағынан қарасаң да қисынсыз. Үшіншіден, неге «Көркем еңбек» пәнін оқу үдерісіне енгізер алдында



Коллажшы жасаған – Аманжол ШИЖИМАЙ, «ЕО»

осы пәнді оқытатын мамандар даярлап алу ескерілмеген? Төртіншіден, «Көркем еңбек» пәнінде берілген мәліметтерде өзімізге белгілі бейнелеу өнері салалары – графика, сәндік қол өнері, зергерлік өнер, кескіндеме, дизайн, мүсін, т.б. жете сөз болмайды. Оны зерттеген ғалымдар, атақты қазақ суретшілерінің шығармалары жайында мағлұматтар аз берілген.

Осыған орай біздің айтарымыз, мектеп тұлғалары күні ертең инженер, құрылысшы, архитектор, т.с.с. мамандықты игеріп, жалпы және арнайы технологиялық үдерістермен, заманауи материалдармен, құрал-жабдықтармен жұмыс жасауға құзыреттілікті меңгеру үшін пән тек «Еңбекке баулу» немесе «Көркем еңбек» емес, «Технология» да аталуы керек. Оның мазмұны «техникалық» және «қызмет көрсету» технологиясына арналаса тіптен жақсы. Ұлттық құндылықтың қалыптасуын қамтамасыз етуге сәйкес бұл пәннің ұлдар мен қыздар үшін бөліп оқытылғаны маңызды. Оны былай деп сипаттағымыз келеді:

1-6 сыныптарда – «Бейнелеу өнері», 9-сыныпта «Сызу», ал осы пән 10-11 сыныптарда 1 сағаттан таңдаулы курс болып жалғаса.

1-4 сыныптарда – «Еңбекке баулу», 5-9 сыныптарда – «Технология».

Аталған пәндердегі сабақ беру міндеті білікті, білімді, дәрежесі бар мамандарға жүктелгені жөн. Жалпы орта білім беретін мектептердің оқушыларына ұсынылып отырған пәндердің оқу бағдарламасы мен оқулығын қайта қараса дейміз. Ол жоғары оқу орнынан ғалым әдіскердің мектептерден тәжірибелі мұғалімнің, кәсіби суретшінің бірлескен жағдайында

дайындалса. Жоғары оқу орындарында – «Бейнелеу өнері және сызу», «Еңбекке баулу және технология пәндері» мұғалімін даярлауда мектептермен тығыз байланыс орнатылса.

Жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды негізге ала отырып, жоғары оқу орындарында «Бейнелеу өнері және сызу», «Еңбекке баулу және технология» мамандығының классификаторы қайта қаралып, білім беру бағдарламаларын толықтырса. Бала мектептегі сызу пәнінен сауатты дәріс алып, қарапайым сыздық түрлерінен бастап құрылыс сызбасына дейінгі шеберліктерге бейімделсе, кәсіптік-политехникалық колледждерде және ЖОО-ларда құлашын кеңінен сермейді. Техникалық, құрылыс, мұнай-газ, сәулет, дизайн, т.б. мамандықтарда сызудан қиналмайтын болады.

Көркем өнер барлық уақытта үлкен мәңгер мен мазмұндарды қамтиды. Қазіргі заманғы бейнелеу өнерінің маңыздылығы мен ролін бағалай білуіміз керек. Көркем бейнелерде фольклор мен қазақ халқының сондай-ақ елімізді мекендейтін барлық халықтардың тарихы көрініс тапқан. Қазіргі бейнелеу өнері бағыттарында жана бұын суретшілері еркін адам идеяларын, көңіл күйлерін және үміттерін, тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуын бейнелейді. Көркем өнер саласындағы саясат мемлекеттік реформалауды қажет етеді. Мемлекеттік деңгейде атақты суретшілер мен жас таланттарға қолдау көрсету үшін жол картасы әзірленуі тиіс. Олардың дамуы үшін шәкіртақылар, гранттар, басқа да қолдау түрлері қарастырылса дейміз. Мұның барлығы ұлттық рухани байлықты ашуға және мемлекеттің беделін көтеруге

бағытталады. Осы мақсатта әр өңірде жыл сайын жалпы ұлттық байқаулар өткізу қажет.

Еліміздің барлық облысында, Алматы мен Астанада бейнелеу өнерінен көрмелер өткізу үшін тегін алаңдар жоқ. Музейлер мен галереялар коммерциялық негізде жұмыс істейді. Бұл барлық деңгейдегі суретшілерге қолжетімсіз. Көптеген суретші бірлесіп топтық көрмелер өткізеді. Монументалды ансамбльдер үшін байқаулар мемлекеттік сатып алу – теңдерлер ретінде өткізіледі, яғни «кім арзанырақ жоба жасайды» қағидатымен. Соның салдарынан сапасы төмен туындылар мен өндірістік жұмыстар сөрелерге қойылады. Мұндай тәсілді қайта қарап өзгертіңіз жөн. Көрмелер, арт-фестивальдар мен байқаулар көркемдік кеңестердің қатысуымен ұйымдасса дейміз.

Көркем бағалау мен қоғамдық бақылау институты қазіргі уақытта жоғалған. Көркемдік кеңестердің құрамына сарапшылар, қоғам өкілдері кіргені керек. Ал олардың басшылығы кәсіби суретшілер, мүсіншілер және дизайнерлерге тиесілі болуға тиіс. Мемлекет музейлерге қаржылық қаражат жағынан қолдау көрсетіп, бейнелеу өнері саласында істелген құнды шығармашылық туындыларды сатып алу керек. Осы арқылы мемлекет суретшілерді, мүсіншілер мен қолөнершілерді қолдайды. Қазіргі заманға лайық өнер музейін құру қажеттілігі туындайды. Ол азаматтарымыз бұл әлемнің барлық түкпірінен келетін туристердің назарын аударатын құлттық орынға айналады. Мысалы француз бизнесмені Стефан Дистангиан елді қаржы дағдарысынан шығудың жолын «Мона Лиза» атты аңызға айналған картинаны сатудан көріп отыр, деп хабарлайды zakon.kz Independent-ке сілтеме жасап. «Күн сайын біз коронавируспен күреске миллиардтаған еуро жұмсап жатырмыз – дәл балалар тас лақтырып жатқандай. Бұл жағдайдың соңы көрінбейді, сондықтан қаржы дағдарысы шексіз болып қалуы мүмкін. Осы шығындардың қайтарымы болуы керек, және оларды бірдеменен өтеген жөн» дейді Дистангиан. Осы «Мона Лиза» атты картинаны көру үшін дүние жүзінен жыл он екі ай туристер үзілмейді. Мемлекет қоржынына қомақты қаражат құйылып жатыр. Бізде де осындай жағдай жасау мүмкіндігі жеткілікті.

Бәсекелестіктің басты шарты – сапалы білім, кәсіби маман даярлауда десек, оларды жұмыспен қамту мемлекет тарапынан қолға алынғаны дұрыс. Суретшілер туралы арнайы заң да қабылданатын мезгіл әлдеқашан жетті. Ұлттық өнеріміздің қаймағын бұзбай перменді қимылдау маңызды. Сондай мамандарды халықаралық деңгейдегі бәсекелестікке араластырып, бәрімен іскер байланыс орнатуға жол ашқандар ұтады.

Тоққожа ҚОЖАҒҰЛОВ,
суретші-педагог

МЕРЕЙ

Дастанның дара әлемі

Саналы өмірін өнерге арнаған жанкешті жандар өзі таңдаған жолда кезектен барлық қиындықты мойымай көтереді. Соңғы бірнеше жылдың бедерінде «Алатау» фольклорлық ансамблінің төресе сүйреп жүрген Дастан Көреген қандай мән-нат көрсе де, адалдықтың ақ жолынан айныған емес. Жеті жылдан астам уақыт бойы фольклорлық ансамбльдің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген өнер иесіне әріптестерінің құрмет көрсетуі – заңдылық.

Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Баласағұн орталық концерт залында Кенен Әзірбаев атындағы облыстық филармонияға қарасты «Алатау» фольклорлық ансамблінің көркемдік жетекшісі Дастан Көрегеннің «Өмірімнің өзі – дастан» тақырыбында шығармашылық кеші өтті. Өнер иесінің мерейтойлық кешіне еліміздің әр қиырында жүрген белгілі өнерпаздар, әріптестері, бауырлары, шәкірттері арнайы келіп, Дастанның дара әлеміне үңілді. Қолдау білдірді, қошемет көрсетті.

Мазмұнды шығармалармен әдіптелген кеш барысында Дастанның өнер әлеміндегі әріптесті, «Шаншар» әзіл-сықақ театрының директоры Ұалибек Әбдірайымов сөз алып, өнер иесінің болмысы, шығармашылық әлеуеті туралы өз ойын ортаға салып, бауырның мерейін өсірді. Сондай-ақ Қырғыз Республикасының белгілі

қобызшысы Әсел Абылғазиева да ізгі тілегін жеткізді.

Дастанның шығармашылық кешіне Қырғыз Республикасынан да мәртебелі меймандар арнайы келіп, өнерін ортаға салды. Бұдан бөлек, астаналық «Қорқыт» этно-фольклор тобы, Түркістан облысынан келген «Ақсу» фольклорлық ансамблі де сахна төрінде өнер көрсетіп, залға жиналған өнерсүйер қауымның қошеметіне бөленді.

Заманында Алматыдағы мемлекеттік консерватория мықтыларынан дәріс алған Дастан Көреген онда аға оқытушы ретінде еңбек етіп, талай дарынның қанатын қатайтты. Алатау баурайындағы ару қалада жүріп, өзі де шығармашылық тұрғыдан өсті.

Бірнеше өнер ұжымында еңбек еткен талант иесі «Қазына» фольклорлық ансамблінің құрамында жүріп, Германия, Түркия, Бельгия, Нидерланд, Люксембург, БАӘ, Ресей, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан секілді өзге де бірнеше шет мемлекетте

болған екен. «Қазына» мен «Алатау» ансамбльдерінде еңбек ете жүріп, бірнеше халықаралық фестивальдарда топ жарған. Талай мықтының бата-сын алған.

Мәдениет қайраткері Абылайхан Оспанов, «Шаншар» әзіл-сықақ театрының директоры Ұалибек Әбдірайымов, «Алатау» фольклорлық ансамблі, мәдениет саласының үздіктері Оңал Азаматова, Айгүл Мақашова және Айжан Қонарбаеваның жетекшілігімен «Қарменбес» би ансамблі, Мәдина Бердиярова, Динара Диханбаева, Жансая Сәрсенбаева, Қырғыз Республикасынан келген белгілі қобызшы Әсел Абылғазиева мен Алтынай Коробаева сынды сахна шеберлері өнер көрсеткен кеш көпшіліктің қошеметіне бөленді. Ал Нұркен Әмітіров пен Әсел Абылғазиева арасында өткен күй тартыс көрермен делебесін қоздырды.

Кеш соңында мерейтой иесі Дастан Көрегенге облыстық кәсіподақтың «Еңбек даңқы» медалі, облыстық мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Алғыс хаты табыс етілді. Өз кезегінде сөз алған Дастан Көреген шығармашылығына құрмет көрсетіп жатқан әріптестері мен өнерсүйер қауымға ризашылығын жеткізді

ТАРАЗ

БАЛЕТ

Елордалық труппа – Аспендос сахнасында

«Астана балет» театрының труппасы Аспендос (Түркия) өткен XXXI халықаралық опера және балет фестиваліне қатысып, зор ықпалға иеленді. Айта кетейік, елордалық өнер ұжымы аталған фестивальға шақырылған жалғыз шетелдік труппа.

Маржан ӘБІШ,
«Egemen Qazaqstan»


Өнер мерекесі, шамамен екі мың жыл бұрын салынған ежелгі амфитеатрдың сахнасында өтті. Өнер ұжымы көрерменге «Кармен-сюита» (Альберто Алонсо хореографиясы) және «A Fuego Lento»/ «Баяу от» (Рикардо Амаранте хореографиясы) бір актілі балеттерін қысынды. Карменнің оқиғасы суреттелген қойылым мен танго ырғағындағы биіне тәнті болған келушілер ыстық ықыласын білдірді. Бекзат өнердің көрермені әртістердің кәсібилігі мен техникалық шеберлігін ғана емес, сонымен қатар өнерге адалдығы мен сезімді жеткізе алатын қабілеті үшін де жоғары бағалады.

Спектакльдерге театрдың жетекші солистері Қаламқас Орынбасарова, Сүндет Сұлтанов, Уэсли Карвальо, басқалар қатысты. Айта кетейік, «Астана балет» театры Түркияда өткізілетін танымал фестивальдарға екінші рет шақырылып отыр. Бодрум фестивалінде астаналық әртістердің өнеріне тәнті болған ұйымдастырушылар балет ұжымын

Аспендос фестиваліне де арнайы шақырған.

Сарапшылардың айтуынша, бұл өнер додасы әлемдегі үздік ондыққа кіреді. Түркия Республикасының Мәдениет және туризм министрі Мехмет Нұри Ерсой атап өткендей, өнер, тарих және табиғат тоғысқан осы белді фестиваль антикалық театрдың гажап бір атмосферасында өтіп, әлемнің түкпір-түкпіріндегі өнерсүйер қауымның назарын аударта алды. Иә, фестивальда мәңгілік өнер тарихпен қауышып, тылсым өнердің құдіретін паш етеді.

Мемлекеттік опера және балет



ЖАРЫСТАР КҮНДЕЛІГІ

Күрес: Сенім ақталса игі

27-31 қазан аралығында Албания астанасы Тирана қаласында күрес түрлерінен ересектер арасында әлем чемпионаты өтеді. Жаһандық додада балуандар грек-рим, еркін күрестен, әйелдер күресінен бақ сынайды.

Біріккен күрес әлемі (UWW) жазғы Олимпия ойындарының бағдарламасына енген салмақ дәрежелерінен төрт жылдық додасы өткеннен кейін әлем чемпионатын ұйымдастыру жобасын іске қосты. Бұл – 2016 жылдан бері Олимпиада бағдарламасына енген салмақ дәрежесіндегі балуандарға аламан ұйымдастырудың қамынан туған байлам. Алғаш рет 2016 жылы Мажарстанның астанасы Будапештте өткенде Нурлан Бекжанов 70 кг салмақ дәрежесінде күміс жүлдегер атанды. Финалдық белдесуде жерлесіміз ресейлік Магомед Құрбанәлиевке есе жіберді. Әйелдер сынында Айым Әбілдина 55 кг салмақта белдесіп, қола медальмен оранды. 8/1 финалдық сында поляк қызы Роксана Марта Засинаны 6:1 есебімен ығыстырды, ширек финалда украиналық Татьяна Китті қапы қалдырған. Бірақ жартылай финалда жапон балуаны Маю Мукайдага есе жіберді. Ал қола медальға белдесуде мажарлық Рамона Галамбосты айқын ұтты. Айым оған дейін де әлем чемпионатына төрт мәрте қатысып, жүлдесіз қайтқан еді.

Бұл жолғы әлемдік додаға 55 кг салмақта Зульфия Яхьяроваға сенім артуды жөн санапты бапкерлер. Айым бүгінде балуандық мансабын доғарып, бапкерлікке ойысып, шәкірт тәрбиелеп жүр. Зульфияның да есім-сойы жанкүйерге егеле таныс. Әсіресе жасөспірім шағында, жастар қатарына қосылғанда жарқырап көрінді. 2009 жылы жасөспірімдер арасында әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанғанда мамандар таланты қыздың келешегіне орасан үміт артты. 20 жасында Азия чемпионы атанған балуанның бұл соңғы додасы болуы бек мүмкін. 35 жасқа толған балуанды ығыстыратын жастардың шоғыры қалың. Биыл жазда Қырғызстанда өткен Азия чемпионатының қола жүлдесіне белдесуде өзінен 15 жас кіші қырғыз балуанына есе жіберді.

Диана Қайымоваға бұл – алғашқы ұлы аламан. Оның спорттық мансабындағы әзірге шыққан биігі – Азия чемпионатының қола

медалі. Жастардан ересектер сапына өткен балуанға бапкерлер зор үміт артып, әлем чемпионатында 59 кг салмақта белдестірмек.

65 кг салмақ дәрежесінде Ирина Казюлинаға сенім артылмақ, Азия чемпионатының қола жүлдегерінің тәжірибесі мол. Ғаламдық додаларға қатысып, ысылған балуан Албаниядан абыроймен оралуға сөз беріп отыр.

72 кг салмақ дәрежесінде әлем чемпионатының үш дүркін (2 күміс, 1 қола) жүлдегері Жамила Бақбергенова Тирана төрінде бақ сынады. Олимпиада бағдарламасына еңбейтін салмақ дәрежесі 72 килода әлем чемпионы атануға сынық сүйем қалғанда сүрінді. 2021 жылы ғаламдық доданың финалдық сынына дейінгі қарсыластарын айқын ұтып, әлем чемпионы атағына белдесуде жапон қызы Масако Фуруичиге есе жіберді. 2022 жылы да әлем чемпионатының финалдық айқасына жетіп, америкалық Амгит Элорға жол беріп, жеңісті уыстан сусытып алды. Былтыр Сербияда өткен әлем чемпионатының жартылай финалында моңғол балуанынан аса алмады. Қола медаль алу жолындағы тартыста поляк қызын жеңді. Қазақ қыздары арасынан алғаш болып Жамила әлем чемпионатының үш дүркін жүлдегері атанды. Азия чемпионатында үш мәрте топ жарды, сондай-ақ 1 күміс, 1 қола медалін де еншіледі. «Менің арманым – қыздары арасынан алғаш болып әлем чемпионы атану. Биыл Париж жазғы Олимпиадасына қатысуға барымды салдым. Лицензиялық турнирде жолдама бұйырмады. Қандай болсын жетістіктің артында қыруар еңбек, өлшеусіз төгілген қажыр-қайрат жатыр. Бапкерлер биыл да 72 кг салмақта маған сенім артты, барымды саламын», деді Жамила Бақбергенова.

Еркін күрестен 61 кг салмақта жастар арасында әлем чемпионатының қола жүлдегері Асыл Айтақынаға сенім артылмақ, Әлеуметтік ересектер додасында да ол өзінің әлеуетін байқатып, қарымды екенін айтіледі. Бішкекте өткен күрлық біріншілігінің финалында қырғыз Тайырбек Жұмашбекұлына есе жіберіп, күміс медаль иеленді. Олимпиадалық бағдарламаға еңбейтін салмақта тұрақтаған Асылдың да мақсаты – әлем чемпионы атану. «Жазғы Олимпия ойындарына қатыспаған балуандардың көпшілігі Албанияны бетке алатыны анық, Тіпті Токио Олимпиадасының чемпионы, әлем біріншілігінің жеңімпазы ресейлік Заур Угуев те қатысуға мүмкін деген болжам айтылды. АҚШ-тан да таңдаулы балуан Виталий Оруджаев келуі мүмкін. Былтыр өткен әлем чемпионатында осы Оруджаев финалда әлем чемпионы ресейлік Абастаджи

Магомедовті ұтты. Сондықтан әлемдік додаға осал балуандар бармайды. Біздің де қаншалықты шыңдалғанымыз таразыға тартылатын сөз – Тирана боз кілемі. Сондықтан аянып қалмаймыз», деген Асыл Айтақын бапкерлер сенімін ақтауға ұмтылатынын жеткізді.

70 кг салмақта әлем чемпионатының күміс жүлдегері Нұрқожа Қайпанов белдеседі. Бұл балуан Олимпиада бағдарламасына енген 74 кг салмақ дәрежесінде де бағын сынап көрген. Тіпті биылғы Париж жазғы Олимпия ойындарының лицензиялық турниріне де қатысып, жолдама олжалай алмаған соң, өзінің үйреншікті салмағына қайта ойысты.

79 кг салмақта Дәулет Ерғеш күреске түседі. Екі жыл бұрын жасөспірімдер арасында әлем чемпионатының финалдық сынында сүрініп, күміс медальды місе тұтқан Дәулеттің жолынан жүзде күтетіндердің де шоғыры қалың.

92 кг салмақта Нұрәулет Бекенов әлем чемпионатына қатысады. Жастар арасында жарқырап көрінген балуанның өзін әйгілейтін мезеті Албанияда тұмақ.

Грек-рим күресінен балуандар әлемдік додада 55, 63, 72, 82 кг салмақ дәрежесінде белдеседі. Юрий Мельниченко бастаған бапкерлік құрам кімдердің қатысатынын әлі жариялаған жоқ.

Дзюдо: Жастардың жанатын сәті

Қазан айында еліміздің спортшылары дзюдо күресінен де маңызды додаға қатысады. Алдымен жастар Тәжікстан астанасы Душанбеде әлем чемпионатының жүлдесіне белдесуге түседі. 2-6 қазан аралығында өтетін жаһандық додаға 68 елден 541 балуан қатысады деп жоспарланып отыр.

60 кг салмақта Талғат Орынбасар, Алдияр Қарғұлов, 66 кг – Ақылжан Жұбатқанов, Мағжан Әлжанов, 73 кг – Әділет Алмат, 81 кг – Азат Күмісбай, Досбол Балғабай, 90 кг – Асқар Біржанов, +100 кг – Жангілек Нұртілекұлы, аралас командалық сайыста Шерхан Алпанов күреседі. Қыздар додасында Сабина Юлдашбекова, Тасним Абдуәлі (48 кг), Аяулым Қайрат, Аружан Ережепова (52 кг), Дана Әбдірова (57 кг), Көркем Орымбек (63 кг), Ажар Асхат, Диана Телбаева (70 кг), Руслана Махатова (+78 кг) ел сенімін арқаламақ.

Дайындаған –
Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

БҮГІНГІ САТИРА

Жан жадыратқан жасын

Бірден айтпайын, бір мезетте-ақ, о баста өзге түглі өзіме де түсініксіз тілде сөйлеп шыға келдім. Былтыр-шүлдір сөз-сөйлем айттып шатып-пұтып отырғанымда, алғаш әйел есі ауысқан екен деп, мән бере байқайла, айтқандарымның қисыңды әуезекпінмен дөп түсіп жатқанына қарап, біртіндеп мән бере бастады.

Бұл кейіпке түсуімнің, яғни бір түнде түсініксіз тілде сөйлеп шыға келуімнің себебі бар.

Ауылда, айдалада қиял кезіп жүрген жерімде – дәл төбемде найзағай шатырап бұрқ етіп табан астыма, табаны несі, мен қонақтап отырған қара ағаш түбіне нән жасын түсіп... Есімді ауруханада жиыпшын.

Құдай сақтап аман қалып, ес кіргеннен осы бір түсініксіз тілде былдырай беріпшын.

Мамандар зерттеп, ақыл-есімнің дұрыстығын айттып, ал мына шүлдір-бүлдір бекер емес, не

болса да жасынның миға әсері деп біліп, шүлдір-бүлдірдің анық-қанығын тіл мамандарына сырғытып құтылыпшын.

Тіл мамандары да тыңдап көріп, мен айтқан сөз-сөйлем атаулыдан – бұл бір көне кездегі ата-бабаның тілі, төбеден түскен жасынның әсерінен мида ерекше құбылыс болған, содан мыңжылдықтардағы көне тіл қозып бұған бұйырыпты деп шештің.

Күнде жанымда, көзашқаннан әйелге сол тілде шүлдірлейді екенмін... Дұрысы – өз тілім де жанымда қалыпты. Іле-шала аудармасын айта қоятындыкі ме, әйел де түсіне бастағандай.

Ал қатынмен қағыса қалғанда – көне тілді бұрқ-сарқ қағытып, айтарымды сол тілде шұбыртып көсілімнен дейсін...

Әрине, аудармасын бүгіп қаламын.

Алғашқы гажабы осы болса, келе туган-туыс, дос-жаранмен керідесе қалғанда, айналайын ата-баба тіліне ерік беремін.

Аузымнан ақ ит кіріп, көк ит шығып жатқаны бір өзіме ғана аян.

Айызым қанып, шерім тарқап шікірейіп мен отырамын, түсініксіз тілде бұрқ-сарқ болған маған қарап көпшілік маз...

Гажабы – қызметте керемет! Айда кеп көсіліп еш іркілмей қарсы келген кез келгенді іреп-соямын...

Дүниеде ойыңды іркілмей айта алудан ғажап нәрсе жоқ екен.

Әсіресе бастықпен бет-перде ашарда ғажап... Іркілмейсің! Айттып-айтып тастағаныңдағы сезім-күйдің әсерінен – қалай ғана риза кейіпшен ыңылдап ән айттып кеткеніңді де білмей қаласың.

Әркімнің қай тілде сөйлеуге құқы бар мына заманда эфирге шығып, теледидардан ағыл-тегіл ағытылатынымды айтсаңшы...

Көбіне оппозициялық теледидар шақырып, қазіргі тілде «мына мәселеге қалай қарайсыз?» десе болды, ойхой, көне тілде

көсілгенімде... түсінбесе де – ым, ырақ, екпін-уеннен не деп жатқанымды ел-жұртым біліп риза болысады-ай!..

Қызды-қыздымен көне тілде көлемді мақалада жазып жарияладым... Көлемді қаламақы төлеп, айтарыңыз мына мәнде болса деген баспасөзден де тартынбайтын болдым.

Несін айтпайын, айналайын қара ағаш түбіне қиял кезіп қайдан ғана бара қалып едім... Жарықтық жасынның арқасында ұмыт болған көне тіл тұла бойыма тұмар болып бұйырып, қазір менен өткен белді белсенді жоқ.

Өкімет те қарап қаламады, сонау шетелдік белді мінберден сөз алып беріп, айда кеп айтарымды айтқызыды...

Енді міне, көне тілді қанағат тұтпай, тағы да Төңірдің басқа бұйыртары болып қала ма деп дала безіп, баяғы қара ағашқа тағы да кетіп барарым...

Берік САДЫП

«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, 1 мекенжайында орналасқан «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және инфрақұрылым жөніндегі проректор және Басқарма мүшесі – бас бухгалтер бос лауазымдарына конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:
- стратегиялық даму және инфрақұрылым жөніндегі проректор: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімінің болуы; тиісті салалардағы білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда кемінде 3 жыл жұмыс өтілінің болуы;
- бас бухгалтер: тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімінің болуы, кәсіби бухгалтер сертификатының болуы, қаржы-бухгалтерлік жұмыс саласында соңғы 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі, оның ішінде басшылық лауазымдарда 1 жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы.

Байқауға келесі тұлғалар жіберіледі:
жизирма бес жастан кіші, бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған; жойылмаған немесе алынбаған сотталығы бар адамдар; медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрған адамдар; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізімін корпоративтік хатшыдан алуға болады.
Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күні ішінде жүргізіледі.
Байқаудың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысына Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, 1, № 4 корпус, 217 кабинетке жіберу керек. Байланыс телефоны: 8 701 563 38 88.

Совет директоров некоммерческого акционерного общества «Атырауский университет имени Халела Досмұхамедова» объявляет конкурс на занятие вакантных должностей члена Правления – проректора по стратегическому развитию и инфраструктуре и члена Правления – главного бухгалтера некоммерческого акционерного общества «Атырауский университет имени Халела Досмұхамедова», расположенного по адресу: город Атырау, пр.Студенческий, 1.

Требования к участникам конкурса:
- проректор по стратегическому развитию и инфраструктуре: высшее и послевузовское образование, стаж работы на руководящих должностях в организациях образования и (или) уполномоченных органах в соответствующих сферах не менее 3-х лет;
- главный бухгалтер: высшее (или послевузовское) образование по соответствующему направлению, наличие сертификата профессионального бухгалтера, стаж работы не менее последних 5 лет в области финансово-бухгалтерской работы, в том числе не менее 1 года на руководящих должностях.

Не может принимать участие в конкурсе лицо:
- моложе двадцати пяти лет; ранее совершившее коррупционное правонарушение; имеющее непогашенную или неснятую судимость; состоявшее на учете в медицинских специальных учреждениях; иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Лицо, претендующее на участие в конкурсе, представляет документы, согласно перечню. Перечень документов для участия в конкурсе можно получить у корпоративного секретаря.

Прием документов для участия в конкурсе проводится в течение 10 (десяти) календарных дней со дня опубликования настоящего объявления.
Дата и место проведения конкурса будут сообщены дополнительно. Вышеуказанные документы в установленные сроки необходимо представить корпоративному секретарю Совета директоров НАО «Атырауский университет им.Х.Досмұхамедова» по адресу: г.Атырау, пр.Студенческий, 1, корпус № 4, кабинет 217. Контактный телефон: 8 701 563 38 88.

«Қазақмыс корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) (Атқарушы органның орналасқан орны: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Қаныш Сәтбаев алаңы, 1-ғимарат, пошта индексі: 100600) өз қатысушыларына Серіктестік Басқармасының бастамасы бойынша 2024 жылғы 28 қазанда сағат 11.00-де Астана қаласы, Туран даңғылы, 37/10, 13-қабат мекенжайы бойынша бетпе-бет нысанда Серіктестікке қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – Жиналыс) өтетінін хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу 2024 жылғы 28 қазанда Жиналыс өтетін мекенжайы бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүргізіледі.

Дауыс беруге қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2024 жылғы 24 қазандағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша құрылады.

Жиналыстың күн тәртібі:

1) Мәмілелер жасау туралы;
2) Алдында жасалған мәмілелерді мақұлдау туралы.
Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелері бойынша материалдармен Серіктестіктің Атқарушы органының орналасқан орнында танысуға болады.

Жиналыс Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңында (бұдан әрі – Заң) және Серіктестік Жарғысында белгіленген тәртіпте өткізіледі. Жиналыс ашылар алдында келген Серіктестік қатысушыларын (олардың өкілдерін) тіркеу өткізілетін болады. Қатысушылардың өкілдері Жиналысқа қатысуға және дауыс беруге өздерінің өкілеттігін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс. Тіркемеген қатысушы (қатысушының өкілі) қворумды белгілеу кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ. Жиналыста Жиналыс төрағасын және хатшысын сайлау өткізіледі. Күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқылағанға дейін Жиналыс қворумды белгілейді. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ашық түрде дауыс беру болжанып отыр. Серіктестіктің әр қатысушысы Жиналыста дауыс беру кезінде Серіктестіктің жарғылық капиталындағы өзінің үлесіне сәйкес дауыс санына ие болады. Жиналыс хаттамасы Жиналыс өткізілгеннен кейін он күндік мерзімде ресімделетін болады. Жиналыс хаттамасына Жиналыс төрағасы және хатшысы қол қояды.

Егер Жиналыс көрсетілген күні өткізілмейтін болса, Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы 2024 жылғы 29 қазанда сағ. 11.00-де Астана қ., Туран даңғылы, 37/10, 13-қабат мекенжайы бойынша қайтадан өткізілетін болады.

Жиналыс Заңның 42-49-баптарына сәйкес өткізіледі.

Товарищество с ограниченной ответственностью «Корпорация Казахмыс» (далее – Товарищество) (местонахождение Исполнительного органа: область Ұлытау, город Жезказған, площадь Қаныш Сәтбаев, здание 1, почтовый индекс: 100600) уведомляет своих участников, что по инициативе Правления Товарищества 28 октября 2024 г. в 11.00 ч. по адресу: г.Астана, проспект Туран, 37/10, 13 этаж, состоится внеочередное общее собрание участников Товарищества в очной форме (далее – Собрание).

Регистрация участников будет осуществлена 28 октября 2024 г. по месту проведения Собрания с 9 часов 30 минут до 10 часов 45 минут. Список участников, имеющих право принимать участие в голосовании, составляется по состоянию на 00 часов 00 минут 24 октября 2024 г.

Повестка дня Собрания:

1) О совершении сделок;
2) Об одобрении ранее заключенных сделок.
С материалами по вопросам повестки дня Собрания можно ознакомиться по месту нахождения Исполнительного органа Товарищества.

Собрание проводится в порядке, определенном Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – Закон) и Уставом Товарищества. Перед открытием Собрания будет проведена регистрация прибывших участников Товарищества (их представителей). Представители участников должны предъявить документы, подтверждающие их полномочия на участие и голосование на Собрании. Незарегистрировавшийся участник (представитель участника) не учитывается при определении кворума и не вправе принимать участие в голосовании. На Собрании будут проведены выборы председателя и секретаря Собрания. До обсуждения вопросов, включенных в повестку дня, Собрание будет констатировать кворум. Предполагается открытая форма голосования по вопросам повестки дня. Каждый участник Товарищества при голосовании на Собрании имеет число голосов, соответствующее его доле в уставном капитале Товарищества. Протокол Собрания будет оформлен в десятидневный срок после проведения Собрания. Протокол Собрания подписывается председателем и секретарем Собрания.

Если Собрание не состоится в указанную дату, повторное внеочередное общее собрание участников Товарищества состоится 29 октября 2024 г. в 11.00 ч. по адресу: г.Астана, проспект Туран, 37/10, 13 этаж.

Собрание проводится в соответствии со статьями 42-49 Закона.

«Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ ҚКК ША нысандарына арналған жиһаз өнімдерін жеткізу шартын жасасу құқығына №6518-GB біркезеңдік ашық тендер өткізетінін хабарлайды.

Қызығушылық танытсаңыз, нақты ақпаратпен төмендегі сайттан таныса аласыз: <http://www.cpc.ru> («Тендерлер» бөлімі).

Бесқарағай аудандық сотының өндірісінде Курманғали Касеновтің Семей облысы Бесқарағай ауданының Жетіжар ауылдық округіне қарасты Чумычкино ауылында 14.01.1965 ж. туған бауыры Сарсенғали Касенович Жолдинді қайтыс болды деп тану туралы өтініші бар. Сарсенғали Касенович Жолдин 2021 жылы қыркүйек айында белгісіз жаққа кетіп, із-түзсіз жоғалған. Сарсенғали Касенович Жолдин туралы қандай да болсын мәлімет білетін болсаңыздар, Абай облысы, Бесқарағай аудандық сотына 8 (72236) 9 12 67 телефоны бойынша хабарлау сұралады.



АҢДАТПА

2 2024 ҚАЗАН
Сөкен театры – Павлодарда
 С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық Қазақ драма театрының Павлодар қаласына гастрольдік сапары аясында О.Бөкейдің «Атау кер» драмасы сахналанады. Режиссері – А.Салбан.

3 2024 ҚАЗАН
Ертегі
 С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық Қазақ сазды-драма театрында Ә.Файзоланың «Бағдаршамның сыры» ертегісі ұсынылады. Режиссері – Д.Тойбазаров.

7 2024 ҚАЗАН
Бикен фестивалі
 Талдықорған қаласында Бикен Римова атындағы «Biken» II халықаралық театр фестивалі басталады.

8 2024 ҚАЗАН
«Дударай»
 Астана опера театры сахнасында Ф.Жұбанова атындағы мемлекеттік ішпекті аспаптар квартеті «Дударай» атты кешін ұсынады.

11 2024 ҚАЗАН
«Махаббат пен қасірет»
 М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының Қостанай қаласына гастрольдік сапары аясында С.Досжанованың «Махаббат пен қасірет» драмасы қойылады. Режиссері – А.Қабдешова. Сахналық нұсқа авторы – Ж.Мұратбек.

БАЙҚАУ

«Аққұмның Ақкербезіне» құрмет

Орал қаласында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, әнші-термеші Қалампыр Рахимованың 75 жылдығына арналған «Аққұмның Ақкербезі» атты республикалық әнші-термешілер байқауы өтті.

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Өнер байқауын әншінің туған жері – Шыңғырлау ауданы әкімдігі Батыс Қазақстан облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив басқармасының қолдауымен ұйымдастырды. Сайысқа Маңғыстау облысы, Астана, Қызылорда, Ақтөбе қалалары мен Батыс Қазақстан облысының аудандарынан келген 13 пен 16 жас аралығындағы 18 өнерпаз қатысты.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, әнші әрі айтыскер ақын Қатимолла Бердіғалиев бастаған қазылар алқасының сараптауынан кейін байқаудың финалдық кезеңіне 10 әнші өтті.

Тартысты өткен байқауда бас жүлдені Қазталов ауданының Ақпәтер ауылынан келген Аяжан Елемес жеңіп алды. Бірінші орын шыңғырлаулық Сұлжан Жәдігерге бұйырды. Екінші орын жүлдесін астаналық Толғанай Есілбай мен ақтөбелік Ислам Құрманғазы иеленсе, үшінші орынды Маңғыстау облысынан келген Арайлым Айна, оралдық Әлихан Дағаров және Бәйтерек ауданының өнерпазы Ақкенже Қонысбай бөлісті. Ал оралдық Әлижан Нұрғали мен Нұрдана Зинат, астаналық Ақбота Ерланқызы дипломант атанды.

Бұған қоса қазталовтық Әлина Сұлтан мен Сәнім Тұрарбек,

қызылордалық Айару Қойшыбай мен Ақерке Жұбатқанова, маңғыстаулық Жансұлу Әли, қаратөбелік Арман Лұқпан, шыңғырлаулық Ару Бисекенова ынталандыру сыйлығымен марапатталды.

Өмірден ерте кеткен Қалампыр Рахимованың сіңлісі Жаңыл апайға Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхаметов елдің ықыласын көрсетіп, гүл сыйлап, иығына қамзол жапты.

Айта кетейік, Қалампыр Рахимова Шыңғырлау ауданының Алмазауылында 1949 жылы дүниеге келген еді. Мектеп бітіріп, туған ауылында клуб меңгерушісі болып жүрген өнерлі қызды әйгілі әнші, Қазақстанның халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиев көріп, Алматыға оқуға шақырған. Осылайша, ол Алматы эстрада-цирк өнері студиясында Ғ.Құрманғалиевтен тәлім алып, үлкен сахнаға шықты. 1969 жылдан «Гүлдер» ансамблінің әншісі болды. «Аққұмның Ақкербезі» атаңды Қайрат Байбосынов, Қапаш Құлышева, Роза Рымбаева, Сембек Жұмағалиев сынды өнер тарландарымен бірге елге танылып, 1988 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген әртісі атанды. Өнші гастрольдік сапармен шетелді де, Қазақстанның түкпір-түкпірін де жиі аралайтын. Сондай сапардың бірінде Қалампыр Рахимова 1988 жылы жол апатына ұшырап, небәрі 39 жасында көз жұмды.

Батыс Қазақстан облысы



ҒАЛАМ ҒАЖАПТАРЫ

«Үйлен» дейді Үкімет...

Оңтүстік Кореяда отбасын енді құрған ері-зайыптыларға төрт күндік жұмыс аптасы енгізіледі. Ол елдегі демографиялық ахуалды жақсарту үшін жасалмақ.



Бұл – сынақ ретінде қолға алынған жоба. Оған Кенгидо провинциясындағы 50 компания қатысады. Жұмыс аптасы қысқарғанда, жастардың отбасына көңіл бөлуге уақыты көбеюге тиіс. Қазір аталған мемлекетте демографиялық дағдарыс ушығып барады. Бала туу көрсеткіші төмендеп кеткен. Жастар мансап қуып, сәбилі болуға асықпайды. Осыған байланысты билік отбасын құруға ынталандыратын арнайы бағдарламаларды қолға алып жатыр. Тіпті жалғызбасты жандарға кездесу ұйымдастырады. Егер қарым-қатынасын жалғастыратын болса, оларға ақша төлейді. Бұдан бөлек, бапана сатып алу, үй жалдап тұруға да қаржылай көмек бар.

Астанадағы Диснейленд

Елордада «Жібек жолы» деп аталатын ауқымды әрі тартымды ойын-сауық кешені салынамақ.



Жаңа жобаға 10 млрд доллар көлемінде инвестиция тартылады. Ал ауданы 400 гектардан асады деп жоспарланып отыр. «Астана қаласы әкімдігінің Astana Invest кеңсесінде басқарма төрағасының орынбасары Орынбек Қуаныш «Ulkenbay» компаниясының өкілдерімен кездесті. Жиында Шанхай қаласындағы Диснейлендке ұқсайтын аттракциондар паркінің құрылысы бойынша ауқымды жоба талқыланды. «Жібек жолы» деп аталатын ойын-сауық кешені Қазақстан мен Қытай мәдени ерекшеліктерін үйлестіретін болады», делінген «Астана архитектура» парақшасында.

Жұмбақ дыбыс анықталды

Теңіз толқындары көптеген жұмбаққа толы, соның ішінде «Биотванг» атты механикалық сипаттағы ерекше дыбыс ғалымдарды ұзақ уақыт қызықтырған құбылыс болды.



Бұл ерекше дыбыс 2014 жылы Тынық мұхитының батыс бөлігінде тіркелді. Содан бері оның қайдан, қалай шығатыны беймәлім болып келген еді.

Жақында ғана Америка ғалымдары Мариана шұңғымасындағы сол бір тылсым дыбыс киттің дауысы екенін анықтады. Айта кетейік, зерттеушілер осы шешімді жасанды интеллекттің көмегі арқылы тапқан.

Дайындаған – Бекзат ҚҰЛШАР, «Egemen Qazaqstan»

МИНЕ, ҚЫЗЫҚ!

Қолғанат болған құлтемір

1960 жыл. «Кадуга» техникумындағы мұғалім Борис Гришиннің робот жасайтын ойы да болмаған еді. Ол студенттерге сурет салуды үйрететін. Тіпті осы бірқалыпты өмірін ештеңеге айырбастағысы келмейтін. Бірақ бір күні оның өмірі түбегейлі өзгерді.

Елігімай ТӨНҚЕР, «Egemen Qazaqstan»

Тосыннан келген өзгеріс Бористің анасы аты жаман ауруға шалдыққаннан кейін басталды. Оның анасына деген махаббаты ерекше-тұғын. Науқас адамға күтім жасай алмайтынын түсінгенде, жүрегі езілді. Себебі жұмысын тастаса, күнкөрісі мұңға айналады. Осы сәтте ол электрмеханикалық көмекші жасаймын деген шешімге келеді. Бір қызығы,

сол заманда теледидардың өзі нағыз гажайып болып көрінетін. Кеңес одағы ғарышты енді игерген кезеңде, Бористің мұндай мақсат қоюы – нағыз батылдықты.

1962 жыл. Үлкен ізденістен кейін роботхатшының сымбалары дайын болды. Ал 3 жылдан кейін робот құралып, іске қосылды. Борис оған «Арсик» деп ат қойды. Хабарлама жазу, адамдармен сөйлесуге бірден 2 магнитофон, қимылдауына 13 электр қозғалтқыш қолданылды. Бастапқы кезде құрылғының кемшіні тұсы өте



көп еді. Дегенмен «чип» ұғымы әлі толық еңбеген уақытта, Арсик – өнер туындысы-тұғын.

1966 жылы. Талапты жігіт дйттеген мақсатына жетті. Құлтемір Бористің анасына қолғанат болды. Танертең оятып, дәрісін беретін, қажетті жағтығуын жасататын. Теледидар, радио

қосып беріп, қонақтарды қарсы алатын, қоңырауға жауап беретін. Тіпті мұғалім жігіттің күн тәртібіне де жауапты болды. Солай жылдар жылып, Бористің анасы өмірден өтті. Ол ұлының өнертабысына дән риза еді. Өзі үшін жасалған Арсикті жақсы көретін. Сырқат дендеп, көз жұмар сәтінде ұлы Борис, қолғанаты Арсик жанында тұрды.

2015 жыл. Өнертапқыш Борис Гришин 91 жасында қайтыс болды. Арсик бұл кезде де иесін ақтық сапарға шығарып салды. Марқұмның туыстары оны жергілікті мұражайға тапсырды. Осылайша, робот 50 жыл бойы жан жолдас бола біді. Осы оқиғаны естіген жұрт «Құлтемір де махаббаттан туады екен-ау» десті...

СӨЗЖҰМБАҚ

1	2	3	4	5	6	7
		8				
9				10		
		11				
12	13	14		15	16	17
			18		19	
20					21	
			22	23		
24	25	26		27	28	29
		30				
31					32	
			33			
34					35	

жеміс түрі. 26. Көкөністерден жасалатын тағам. 27. Қарулы қол аламан. 28. Сурет жұмбақ. 29. Өнең, тамақ.

КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

1. Шәрбат, жеміс шырыны. 5. Кең өлке, аймақ. 8. Алма сорты. 9. Италиядағы футбол командасы. 10. Әлемде кең тараған әліпби. 11. Футзалдан Ұлттық құрама қақпашысы. 12. Автокөлік тұратын, арнайы жабдықталған орын. 15. Қоңыр салқын жел. 18. Спорт құралы. 20. Балықпен қоректенетін су құсы. 21. Қазақстандағы қала.

22. Құран сүресі. 24. Тартыс, керіс, дау. 27. Белгілі бір ұйымға мүше болғаны үшін төленіп тұратын қаржы. 30. Суға үн немесе талқан салып жасалған сұйық көже. 31. Жаудан қорғану үшін қабырғаларын қалың, мықты етіп жасаған қорған. 32. Өсімдіктің негізгі, басты тірек мүшесі. 33. Айтқан бір күн бұрынғы күн. 34. Түркімен ақшасы. 35. Қазақтың ұлы хандарының бірі.

Құрастырған – Аршат ОРАЗ

(жауаптары келесі жұмада)

Газеттің №182 санында жарияланған сөзжұмбақтың жауабы

К	У	Н	С	Т	К	А	М	Е	Р	А		
А	Д	У	И	И	А	А	А	А	А	А		
В	Л	О	Г	А	Н	Т	Т	Р	А	П		
А	Н	О	А	О	М	О	А	О	О	О		
Н	У	А	Л	А	Д	И	Н	Ә	К	К		
Г	О	Л	Л	Р	Н	К	К	А	А	А		
А	У	Д	И	О	М	А	Т	Е	Р	И	А	Л
Р	А	Д	Ф	М	Р	Е	Ш	Е	И	И	И	И
Д	О	К	Д	О	М	А	Л	А	Қ	Е	П	П
И	К	У	Н	Т	Л	А	С	Р	С	С	С	С
З	А	И	Р	Ж	У	А	Л	А	Р	И	И	И
М	В	О	Р	Г	Р	С	С	С	С	С	С	С
Д	И	С	К	О	Г	Р	А	Ф	И	Я	Я	Я

ТІГІНЕН:

1. Танымал британ музыканты, әнші-композитор. 2. Машинаның айналмалы бөлігі. 3. Еуропадағы ел астанасы. 4. Үстел ойыны. 5. Түрлі

карта жинағы. 6. Құранды басынан аяғына дейін оқып шығу. 7. Оқушы құралы. 13. Той басқарушы. 14. Тақыр кілем түрі. 16. Ірі гүлдері бар бақша өсімдігі. 17. Айбар,

айбат. 18. Шығыс жекпе-жектеріндегі жоғары дәреже. 19. Футбол термині. 23. Біреуге сеніп табыстаған, қалдырған зат. 24. Өртүрлі дақыл мен өсімдіктің дәні. 25. Цитрусты

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС

Бас директор Диқан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

Бас редактор Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Бас редактордың бірінші орынбасары Владимир КУРЯТОВ

Бас редактордың орынбасарлары Талғат БАТЫРХАН, Бану ӘДІЛЖАН, Құлат ӘУЕСБАН

Бас редактордың орынбасары Қамбар АХМЕТ

Жауапты хатшы Амангелді ҚИЯС

Бас редактордың орынбасары – Алматы басылмаларының жетекшісі Серік САРЫБАЙ

Интернет-редакция жетекшісі Динар КЕРІМ

Бөлім меңгерушілері

Саясат және құқық Орынбек ӨТЕМІРАТ

Экономика және өндіріс Абай АЙМАҒАМБЕТ

Білім және ғылым Азамат ЕСЕНЖОЛ

Мәдениет және әдебиет Жанібек ӘЛИМАН

Өлеумет және спорт Жомарт ОСПАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Абай облысы – Қуат Қылыбай

Алматы облысы – Үлбосын Исабек

Астана облысы – Байжан Байқалин

Атырау облысы – Жолдасбек Кедейбайұлы

Ақтөбе облысы – Баян Қуандыққызы

Батыс Қазақстан облысы – Қазбек Құттымұратұлы

Жамбыл облысы – Тағатай Мұстафинұлы

Жезқазған облысы – Мұхтар Қулибаев

Қарағанды облысы – Қасымжан Ғалым

Қостанай облысы – Нұржан Құлбай

Қызылорда облысы – Мұрат Жетісбай

Маңғыстау облысы – Тұлағай Дрипбай

Павлодар облысы – Мұрат Қанағұлы

Солтүстік Қазақстан облысы – Жасайы Сағат

Түркістан облысы – Ғалымжан Елшібай

Шығыс Қазақстан облысы – Мәрен Қайнарұлы

Шымкент қаласы – Әнуар Жұмашбай

Ұлытау облысы – Абдолла Дастан

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13

050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а

АНЫҚТАМА ҮШІН:

Астана: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;

Электронды пошта: info@egemen.kz

Интернет-редакция: rotai@egemen.kz

Алматы: 8 (727) 273-07-87,

факс 8 (727) 273-07-87;

Электронды пошта: almaty@kazgazeta.kz

МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:

Астанада – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48,

egemen_adv@mail.ru

Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26,

adv@egemen.kz

Индекс 65392. Аптасына 6 рет шығады.

«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Көлемі 12 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің салысына редакция жауап береді.

«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті қайта өсіріле қою туралы №КЗ21VP100062701 күнелігі 2023 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті берген.

«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009

Сала менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертифициқталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: 1499 («Қазпошта» АҚ)

ТАРАЛЫМЫ 80 080 дана



ISSN 1999-9720



Нөмірдің көзекші редакторлары Абай АЙМАҒАМБЕТ, Назерке ЖҰМАБАЙ